**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**
**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Т.Ғ.Ғабдолла**

# МӘДЕНИЕТ АКАДЕМИЯСЫ

*Дәрістер курсы*

**ҚАРАҒАНДЫ 2024**

*УДК 008*

**Пікір жазғандар:** «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, Қазақстан тарихы және әлеуметтік–саяси пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, мәдениеттану мамандығы бойынша философия PhD Сәкен Меңдуллаұлы Аралбай; Қазақстан Республикасы Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы кәсіби – психологиялық даярлық және ІІО басқару кафедрасының бастығы, с.ғ.к., полиция подполковнигі Ербақыт Мұхамедқалиұлы Баймұханов;

***Т. Ғ. Ғабдолла***

**Ғ 13 Мәдениет академиясы: Дәрістер курсы. - Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2024. - 105 бет.**

Курсанттар мен тыңдаушыларға алған білімдерін іс жүзінде пайдаланып, әдебиет және өнер шығармаларын дұрыс түсіну, бағалау, оны өнердің түрлі жанрларында қатыстыра білу дағдысын қалыптастыру. Курсанттар мен тыңдаушылардың коммуникативтік мәдениетін және психологиялық қалыптасуын арттыруға, өздігінен білім алу дағдыларын жетілдіруге, өнердің түрлі жанрларына қабілеттерін жетілдіруге арналған.

Дәрістер курсы курсанттарға және тыңдаушыларға, қызығушыларға ұсынылады.

*Қазақстан Республикасы ІІМ*
*Б. Бейсенов атындағы*
*Қарағанды академиясы, 2024;*
*Т.Ғ.Ғабдолла*

# ТАҚЫРЫП 1.МӘДЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ:ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

## 1.1 Мәдениет философиясы немесе мәдениет теориясы.Мәдениеттің қоғамдағы функциялары мен рөлдері.

Мәдениет философиясы — мәдениеттің идеясын, мақсаттарын, принциптері мен алғышарттарын зерттейтін философиялық пән. Мәдениет философиясы мәдениетке, оның формалары мен мән-мағынасына филос. талдау жасайды. "Мәдениет философиясы" терминін XIX ғасырдың басында неміс философы А.Мюллер енгізді. XX ғасырдың басында Мәдениет философиясы мәдениет эволюциясының әр түрлі кезеңдерін зерттеуге бағыт алды. Осыған орай мәдениет феномендерін зерттеуде ерекше тәсілдерді қолданып, онымен айналысатын арнайы ғылым саласын қалыптастыру идеясы туды. Мысалы, неокантшылдар В.Виндельбанд пен Г.Риккерт "мәдениет туралы ғылымдар" мен "табиғат туралы ғылымдарды" ажыратуды ұсынды. Осылайша олардың тұжырымдамасы мәдениет пен табиғат арақатынасы мәселесін, сондай-ақ мәдениеттің құндылықтық мәнін айқындады. Мәдениеттің теоретикалық ілімдерінің көптігі оны пайымдаудың барлық баламаларын көрсетеді. Олар әр түрлі ғылыми теориялар негізінде Мәдениет философиясының принциптері мен тәсілдерін айқындайды.

Мәдениеттануда "дәуір мәдениеті", "этнос мәдениеті", "ұлттық мәдениет", "христиандық мәдениет", "мұсылмандық шығыс мәдениеті", тағыда басқа ұғымдар көп кездеседі. Осы секілді ұғымдар әр түрлі мәдени тұтастықтарды тарихи, әлеум., филос. көзқарастар тұрғысынан жіктеу нәтижесінде тізбектеледі. Білімнің гуманитарлық саласы мәдениеттің алуан түрлілігін белгілі бір жіктелімге енгізіп, мәдениеттің типологиясына немесе философиясына әкеледі;

Мәдениет әлемі - құндылықтар әлемі. Кез келген мәдениетті нақты құндылықтардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Философиялық тұрғыдан алғанда құндылық дегеніміз – жалпы қоғам үшін, топ, адам үшін ең қадірлі, ең қасиетті нәрсе туралы түсінік. Әрбір мәдени дәуірдің өзіне тән құндылықтары, яғни белігілі бір аса құрметтелетін қасиеттер, құбылыстар жүйесі болды. Осы рухани абсолюттер ауысқан уақытта басқа дәуір басталады. Құндылық ұғымы мәдениеттің ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Адам өзі үшін не нәрсе маңызды екенін өзі анықтайды. Көптеген рухани абсолюттер көп адамдарға ортақ. Мысалы, тіршілік ету, өмірді сүю, ата-ананы қадірлеу, құрметтеу. Бұл барлық адамдарға қымбат, ортақ рухани абсолюттер. Бұлжымайтын, асыл өмірлік бейімделуді философия құндылық

деп атады. Құндылық дегеніміз адамның өмірін мәнді, сәнді ететін түсініктер жүйесі. Адам баласының тарихында қандай қиындықтар болса да адамды адам етіп қалдыратын рухани тіректер қалыптасты. Осы рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған мән, мағына, маңыз береді. Адамның қолынан жасалған нәрсенің бәрі бос әурешілік емес, олар белгілі бір мақсатқа бағытталған. Мақсатсыз қоғам, адам-тұл. Көне өнер бізді қызықтырады, толғандырады, өйткені, олар адамдардың бір кездегі пішінге, порымға, түрге, мәнге, мағынаға деген ұмтылысын білдіреді. Соны білу, игеру бізге де қажет. Бүгінгі адам баласы қол жеткізген биік деңгей, технологияның тың жетістіктері бұрынғы кәсіби шеберлік пен икемділікті жоққа шығармайды. Керісінше, оны білу, пайдалану кез келген жаңа технологияны кеңейтеді, байытады.

Адам өмірінің мәні құндылықтар жүйесінің тұлғалық интеграциясы. Құндылық дегеніміз – адам қажеттілігінік бейнесі. Ол зат немесе идея болуы мүмкін. Сондықтан құндылықтар материалдық немесе идеалдық деп екіге бөлінеді. Материалдық құндылықтар – еңбек құралдары мен тікелей тұтынатын заттар. Рухани құндылықтар – философиялық, діни, эстетикалық, моральдық, құқықтық, саяси, идеялар. Барлық құндылықтар қоғамдық өндірістің нәтижелері. Кез келген құндылықтың екі сипаты – функциональды маңызы және тұлғалық мәні бар. Мысалы, машинаның болуы бір адам үшін мақтану объектісі, екінші адам үшін оның қызметінің бұлжымас бір бөлігі, құралы, үшінші адам үшін табыс көзі. Материалдық және рухани құндылықтардың қоғамдағы, адам өміріндегі маңызы әр түрлі, олардың бірнеше маңызды сипаттары бар: Материалдық құндылықтар : Физикалық статусы; 2.Техникалық құралы; 3.Праксеологиялық - экономикалық формасы. Рухани құндылықтар 1. Ақпараттың мағынасы мен сипаты; 2.Материалдық іске асуы; 3.Аксиологиялық функциясы; 4.Әлеуметтік – экономикалық формасы. Материалдық құндылықтар дегеніміз, ең алдымен, белгілі табиғи сипаттары мен қасиеттері бар әртүрлі табиғи материалдар. Олардан жасалатын заттардың техникалық құрылымына байланысты оның құндылығы анықталады. Белгілі бір техникалық тетікке немесе құралға айнала отырып, табиғи зат өндіріс барысында немесе адамның тікелей тұтынуында өзінің қажеттілігін көрсетіп отырады, сондықтан оның өндірістік – техникалық және тұтынылу функциясы туындайды. Материалдық құндылықтар қоғам дамуының барлық кезеңдерінде әрекет етеді. Рухани құндылықтар белгілі ақпараттық және ақиқаттық мағынамен сипатталады. Саяси, құқықтық, этикалық және басқа да идеялар дұрыс немесе бұрыс болуы да мүмкін, бірақ олар өзінінің құндылық табиғатын жоғалтпайды. Өйткені олар адамдардың әртүрлі уақыттағы және кеңістіктегі

ұмтылыстарын білдіреді. Барлық идеялардың материалдық болмысы да бар, өйткені олар кітаптарда, мүсіндерде, архитектуралық құрылымдарда, өлеңдерде, әндерде, әртістердің ойындарында, үнтаспалар мен ноталық жазуларда көрініс береді. Идеялар құндылық аясында белгілі бір нақтылық функцияны орындайды, олар адамдардың арасындағы белгілі бір қатынастарды реттейді. Адам тіршілігінің құндылықтары. Адам өзінің күнделікті күйбең тіршілігінің аясын кеңейтіп, оған мән, мағына беруге тырысады. Біріншіден, ол өзінің өмір сүру фактісін өзі үшін ғана емес басқалар үшін де маңызды еткісі келеді. Сондықтан ол өзіне-өзі үңіліп, өзін танытуға, өзінің тылсым мүмкіндіктерін ашып көрсетуге тырысады: қарапайым сурет салу мен қолөнерінен бастап өнер мен спорттың жоғары жетістіктеріне, қарапайым үй жұмысынан бастап саяси қызметке дейін көтеріледі. Осы процессте әр адамның өзіндік қабілеті мен таланты ашылады. Екіншіден, адам өзін-өзі басқалармен қарым-қатынаста көрсеткісі келеді. Қарым-қатынастың бастапқы түрі “Мен және Сен” қатынасы. Осы қатынаста адам өзін-өзі басқаға жақын етеді, өзінің түпкі мақсаттары мен тілегін білдіреді.

Бұл қатынастағы “Сен” міндетті түрде басқа адам емес, кез келген ұнаған зат немесе құбылыс болуы мүмкін. Қарым-қатынаста адамдар өздеріне тән адамгершілігін паш етеді, жан сұлулығы мен жүрек жылуын, мейірімін ұсынады. Үшіншіден, адам өзінен тыс жоғары құндылықтаға қол созады, яғни өзі-арман еткен болашақтың немесе кәсіптің жетілген биіктігін бойына сіңірген саяси лидерді, танымал актерді, рок-жұлдызды, философиялық, көркем, адамгершілік идеясын өзіне идеал етіп алады. Бұл тілек адамның өзін бүкіл әлемнің, дүниенің бір бөлігі ретінде сезінуіне мүмкіндік жасайды. Бұл бір тамаша сезім, осындай сана сезім, өзін-өзі бір керемет деп сезіну адамды бақытты етеді. Сонымен қатар, адам әр уақытта өзіне-өзі “осы мен кіммін”, “қайдан шықтым?”, “қайда барам?” сияқты сұрақтарды қойып отырады. Бұның өзі оған одан әрі нығая беруіне, тамыр жая беруіне жағдай жасайды. Осы қасиеттердің бәрі адам тіршілігінің жоғары құндылықтары жинақталатын, тоғысатын, рухани өмірді білдіреді. Адамның ең жоғарғы құндылықтары – шығармашылық, махаббат, еркіндік, қайғыру, бақыт, рухани өмір туралы толғаулар адам еркін бе, әлде құл ма? “Еркін болу дегеніміз не” сияқты сұрақтардан басталады. Жоғарғы рухани құндылықтар дүниетаныммен тығыз байланысқан, оларға адам әруақытта сүйеніп отырады. Жоғары рухани құндылықтардың әрқайсысы үлкен мағынаны білдіреді, адам болмысының аса маңызды қырларын бейнелейді. Шығармашылық - адамның табиғи таланты мен интеллектуалдық мүмкіндігінің кеңінен ашылуының жоғарғы көрінісі.

Шығармашылық - бұл ұлы қуаныш, сонымен қатар, ұлы қиналу мен күйзеліс. Өйткені, осы процестің барысында өнерде, әлеуметтік өмірде, ғылым мен техникада бұрын соңды болмаған жаңалықтар пайда болады, дүниенің тылсым сыры ашылады, әлем өз болмысының әртүрлі қабатында мүлгіген керемет қасиеттері мен заңдылықтарына жол ашады. Шығармашылық - адам бойындағы энергияның сыртқы атқылануы, яғни бұрқылдап, буырқанып сыртқа шығуы. Соның нәтижесінде табиғат құбылыстарының теңдестік, ырғақтылық, арақатынастық белгілері көркем өнерде бейнеленді. Шығармашылық өмірді қайта құруға, дамытуға, нығайтуға әруақытта жағдай жасап отырады. Оның бір тамаша қасиеті - өзің өмір сүріп, тіршілік етіп отырған ортаға өзіндік баға бере отырып, одан туындаған құндылықтарды көркем образдар арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Шығармашылықтың осы бір мүмкіндігі қазақ кеңес әдебиетінің өкілі О.Бөкеев еңбектерінде өте әсерлі көрініс тапты. Өкінішке орай, оны уақытында көп адамдар түсініп бағалай алмады. Басты себебі социализмнің жұмағында өмір сүріп жатқан қазақ халқының тағдырының кейбір қайшылықтарын жазушының мол дарыны көре де, көрсете де алды, бірақ оны оқушысы қабылдай алмады. Өйткені О.Бөкеевтің кейіпкерлерін қоғамдық сана мен мораль тұрғысынан қабылдау қиын еді, олар көбінесе жалғыз, “қиялиң, “кісікліктеу”, көрер көзге оғаштау, сәл өзгешелеу адамдар болып келді. Сонымен қатар, жазушы оларды көбінесе табиғи стихияға қарама-қарсы қойып, қоғамдық ортадан бөлектеу қарады. Мұның өзі О.Бөкеев тапқан өзіндік шығармашылық жол, рең еді. “Қар қызы”, “Жетім бота”, “Атау-кере” т.с. моральдық - этикалық символдар. Солар арқылы автор нақты цивилизациядан табан бекітер орын таба алмай аулақта, сағым көшінде, әуеде, су арасында, жағалауда ойнақтаған басқа идеалды өмірдің ұшқынын көрсеткен.

**Мәдениет теориясы**

Мәдениетті зерттеудің терең философиялық дәстүрлері бар, ол басқа ғылымдардың, ең алдымен археология, этнография, тарих, психология, әлеуметтану ғылымдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Тек XX ғасырдың ортасында ғана мәдениетті пән аралық зерттеу басталады.

Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.

Сөз жоқ, мәдениеттанушы, ең алдымен мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтар тақырыбымен, өнімдерімен — мысалы, музыкамен, сурет өнерінің туындыларымен) айналысады, сондай-ақ музыкатанушылар, өнертанушылар қандай теориялық позицияны ұстанатындығына тәуелсіз, мәдениет рухын (менталитетін, мәдени парадигманы) игеруге бет бұрғанда мәдениет танушыларға айналады. Бұл жағдайда екінші – мәдениеттің коммуникативтік тобы пайда болады (қарым-қатынас жасау деңгейі, білім беру және тәрбиелеу институттары). Ең соңында, оның ядросы, архетипі — мәдени шығармашылық қызметінің құрылымы анықталады.

Барлық үш деңгей форма құрудың кең спектрін сипаттайды (ғылым, техника, өнер, дін, философия, саясат, құқық, экономика және т.б.), бұл сонымен бірге қызмет құрылымын, бейнесін, мәдениеттің тұтастығын анықтап көрсетуге мүмкіндік береді және оның жетістіктерін суреттеуден тұрады, бірақ осындай тұтастықты жаңғырту проблемасын қояды мен концептуальды шешуді болжайды. Мәдениеттанудың міндеті – мәдениет «генетикасын» құру, ол накты көркемдік іске асырудың тарихи – мәдени процесін ғана түсіндіріп қоймай, мәдениеттердің әртүрлі типті модельдерін жаңғыртып, оларға салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берер еді.

Мемлекеттік білім беру стандарттарына кіргізілген мәдениеттану оқу пәні ретінде мәдениеттану мектептерін, бағыттарын, әлемдік және отандық мәдениеттің теориялары мен тарихын қарастырудан тұрады.

Ол өзара әрекет ететін элементтерден құралатын және басқа жүйелермен, қоғаммен өзара байланыста және үнемі дамуда болатын, күрделі ішкі құрылымы бар жүйе ретінде мәдениет туралы білімнің дербес, логикалық негіздерге, біріккен жиынтығы түрінде болады.

Мәдениеттану тақырыбы жалпы адамзаттық және ұлттық мәдени процесстердің объективті заңдылықтары, «тірі» ескерткіштер және материалдық пен рухани мәдениеттің құбылыстары, адамдардың мәдени қызығушылығы мен қажеттіліктерінің пайда болуын, қалыптасуын және дамуын басқаратын факторлар мен алғышарттар болып табылады.

Мәдениеттану объектісі әртүрлі табиғи жүйелердегі мәдени өмір, негізгі мәдени-тарихи типтердің ерекшеліктері мен жетістіктерін айқындау, қазіргі әлеуметтік мәдени ортада тенденциялар мен процестерді талдау болып табылады.

Мәдениеттану ғылымының маңызды проблемаларының қатарына әлемдік және отандық мәдениет теориясы мен тарихының маңызды мәселелері жатады.

«Мәдениет» сөзі тек XVIII ғасырда тұрақты түрде қолданысқа еніп, кең тараған. Алайда бұл сөз Рим антикасында пайда болды, ал латын тілінде «агромәдениет» дегенді білдірген, яғни жерді өндеу, өсіру, егу. Бұл бастапқы мәні уақыт өте келе басқа, адамның жеке қасиеттерімен байланысты мағынаға ие болады. Ағарту заманы деген атпен тарихқа енген XVIII ғасырда мәдениет ұғымы тек рухани мәдениет болып шектеліп қалады. Бастысы адамның білімділігі, окығандығы және тәрбиелілігі болады. Мұнда білім шешуші роль атқарады, алайда сол кездің өзінде білімнің қажеттілігі айқын болды, бірақ мәдениетті болу үшін ол жеткілікті шарт емес екендігі де анық.

Мәдениет туралы ғылым – мәдениеттануға келсек, ол кешірек, біздің ғасырда қалыптасты. Әрине, мәдениет одан бұрын да зерттелді. XIX ғасырдың ортасына дейін онымен философия мен тарих шұғылданды, одан кейін басқа ғылымдар – этнография, философия, антропология қосылды.

Тікелей мәдениетке арналған алғашқы жұмыстардың бірі ағылшын тарихшысы Э. Тайлордың «Ертедегі мәдениет» («Первобытная культура») (1871ж.) кітабы болды. Бұл жұмыста Тайлор үлкен этнографиялық материалды зерттеу негізінде ертедегі (алғашқы) мәдениеттің нақты элементтерін суреттеп (әлемдік жағдайында), “анимизм” (латынның “anima” өмір бастауы, тірі зат, жан, өмір сөзі) – алғашқы адамның қоршаған ортамен қатынасы бойынша оның бүкіл практикалық тәжірибесін байланыстыратын бүкіл табиғаттың жандануына сену теориясына негізделген тұтас көрінісін берді.

Тайлор үшін эволюционист ретінде басты мақсат (яғни мәдениетті кенеттен болатын өзгерістер мен күйзеліссіз, оның біртіндеп дамуы мен өгеруі процесінде қарастыруды қолдайтын) “Жабайылықтан” “өркениетке” жету жолында адамзаттың мәдени бірлігі мен біркелкі дамуын көрсету болды. Бірақ эволюциялық процесті түсіндіру оның мәдениетті қалай түсінетіндігімен анықталады. Өркениетпен теңдесетін мәдениетті Тайлор былай анықтайды: “Мәдениет, немесе өркениет кең этнографиялық мәнде білімнен, сенімнен, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, әдет-ғұрыптардан және адамның қоғам мүшесі ретінде игерген басқа да қабілеттері мен әдеттерінен құралады”.

Білімнің ерекше саласы ретінде мәдениеттің жалпы теориясын құру мүмкіндігі мен қажеттілігі бірнеше қайтара ұғынылды. “Мәдениеттануды” құруға талаптанған алғашқы зерттеушілердің бірі (ол мәдениет туралы ойлаудың даму феноменін белгілеу үшін осы терминді ғылыми айналысқа енгізу кажеттілігін арнайы негіздейді) белгілі американ мәдениет антропологы Лесли Уайт болды. Ол “мәдениет туралы ғылымның синонимі ретінде” мәдениеттану терминін қолданудың негізін қалады. (Л. Уайттың

негізгі еңбегі осылай аталады). Оның мәдениет ұғымы болмыстың ерекше объектісін, әлеуметтік кұбылыстардың ерекше тобын қамтиды. Жүйе ретіндегі мәдениет индивидтен кейін тұрады: “Мәдениет” өзіне тән терминдермен түсіндірілу керек, алайда бұл әдеттен тыс болып көрінуі мүмкін, адамзатты зерттеудің тікелей объектісі адам емес, мәдениет болады».

Қазіргі уақытта 500-ден астам анықтама бар. Зерттеушілер жүзден астам негізгі анықтамаларды талдап, оларды былай топтастырды;

— суреттейтін анықтамалар, олар өзінің негізінде Э.Тайлордың мәдени антропологиясының негізін салушы тұжырымдамасынан шыққан. Мұндай анықтамалардың мәні мынандай: мәдениет – бұл қызметтің, сенімдердің барлық түрлерінің жиынтығы, оған адамның жасаған барлық нәрселері (кітаптар, картиналар және т.б.), табиғатқа және қоғамға бейімдеу жолдарын білу, тіл, дәстүр, этикет жүйесі, этика, дін кіреді;

— тарихи, қазіргі кезеңге адамзат дамуының бұрынғы кезеңдерінен жеткен дәстүрлер мен әлеуметтік мұраның ролін айқындайды, яғни мәдениет тарихи даму нәтижесі болып табылады және барлық жасандыдан, адам қолынан шыққан заттан және ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдыратын құралдан, символдан, ұйымнан, жалпы қызметтен, көзқарастардан, сенімнен құралады;

— нормативті, яғни қабылданған ережелер мен нормалардың мәніне көңіл бөлетін. Мәдениет – бұл әлеуметтік ортамен анықталатын, индивидтің өмір салты.

— құндылықтар: Мәдениет – бұл адамдар тобының материалдық және әлеуметтік құндылықтары, олардың институттары, әдет–ғұрыптары, мінез-құлық реакциялары,

— психологиялық, адамның нақты проблемаларды психологиялық деңгейде қалай шешетіндігінен шығады. Мәдениет – адамдардың табиғи орта мен экологиялық қажеттіліктерге ерекше бейімделудің барлық нәтижелерінен жинақталады,

— әлеуметтік – педагогикалық: мәдениет бұл адамның биологиялық мұра (генетикалық) ретінде алатын емес, үйренетін мінез–құлығы (әлеуметтендіру процесінде ие болады);

— құрылымдық, ұйымдастыру немесе модельдеу моменттерінің маңыздылығын белгілеп көрсетеді. Мәдениет – алуан түрде өзара байланысқан нақты белгілер жүйесі, Адамның негізгі қажеттіліктерінің маңына ұйымдастырылған, мәдениеттің материалдық және материалдық емес белгілі мәдениет ядросы (моделі) болатын әлуметтік институттарды құрады;

— идеологиялық; мәдениет – бұл ерекше әрекеттердің көмегімен индивидтен индивидке ауысатын идеялар ағыны;

— символдық: мәдениет – бұл белгілер мен символдарды қолданудан тұратын немесе оған байланысты болатын, әртүрлі феномендер (материалдық заттар, әрекеттер, идеялар, сезімдер) ұйымы.
Жеке авторлардың еңбектерінде мәдениет әртүрлі көзқарас жағынан қарастырылады.

Көптеген ағартушы–философтар, мысалы, неміс ақыны және философы Ф. Шиллер мәдениетті ішкі, рухани байлығын сөз ете отырып, адамдағы адамшылық дәрежесі ретінде түсінген. Ф. Ницше мәдениетті халықтың өмір стилі ретінде анықтаған. Жоғарыда айтылған Л. Уайт оған дәстүрлер призмасынан қараған. Орыс философы Н. Бердяев үшін мәдениет "халықтың тірі тағдыры" , "адам мен адамзаттың заңды жолы", "шығармашылық пен бостандықты жүзеге асыру ретінде" болған.

Басқа орыс ойшылы Н. Рерихтің тұжырымында "Мәдениет дегеніміз – қауымды құрметтеу". Мәдениет адамға деген махаббат. Мәдениет – қауымның қаруы. Мәдениет – құтқару жолы. Мәдениет – бұл қозғалтқыш. Мәдениет – бұл жүрек.

Ресей философы В. Библер "пирамида тәрізді линза – мәдениет" туралы жазады, оның шыңы адам тағдырын өздігінен қалыптастыру мен өздігінен өзгертудің ұйымдасқан актісі ретінде адамдық мәннің өздігінен бүлінуі болып саналады.

Философ А. Лосевтің пікірі бойынша "мәдениет – бұл барлығын шекті талдап қорыту". Басқа авторлар мәдениетті шығармашылық (А.Злобин), кез-келген қызметтің рухани өлшемі, немесе рухани өндіру (Б. Ерасов), халықтың өмір салты, биологиялыққа ұқсас "әлеуметтік мұра" ретінде түсінеді. Ол тіршілік әрекетінің адами тәсілі ретінде қарастырылады.

## 1.2 Әлемдік мәдениеттердің теориясы мен тарихы

Әлем мәдениет тарихы әлемдік мәдениетке үлес қосқан елдер мен халықтардың мәдени жетістіктері, пайда болу тарихы, адамзат үшін маңызы туралы баяндайды. Мәдени құндылықтарды жинақтау және жеткізу процесі алғашқы қоғамдық дәуірде басталған болатын. Ұрпақтан ұрпаққа берілген мәдени құндылықтар адамзатты бүгінгі күнгі прогресске жеткізіп отыр. Сондықтан бұл курстың маңызы ерекше.

Әлем мәдениет тарихы негізгі мақсаты мен міндеті ол, әлем мәдениетінің тарихы туралы біртұтас ұғым қалыптастыру, әлем мәдениет тарихы курсы нақты материалдардың негізінде дүниежүзілік адамзат қоғамының қалыптасу процессі мен дамуын ашу, мәдениет ұғымының мәнін және маңызын ашу, әлемдік мәдениеттер туралы білім беру, әлем

мәдениеттерінің пайда болуы және даму тарихын көрсету болып табылады. Жалпы мәдениет ұғымын мәдениеттану ілімі зерттейді.

Мәдениеттану XIX ғасырдың соңғы үшінші ширегінде өзіндік пән ретінде гуманитарлық білімдерде табиғат және мәдениет, әлеуметтілік және табиғилық, жаратылыстылық және мәдениеттілік сияқты қарама қайшылықтардың айқындалуы қалыптасқан кезеңде пайда болды. Мәдениеттанудың білім жүйесі, жалпы мәселелері «философия тарихында», «философия мәдениетінде» қашанда елеулі орын алып, қарастырылып келеді. Мәдениетті зерттеудің бұл терең философиялық дәстүрі басқа да гуманитарлық ғылымдар өкілдерінің назарынан тыс қалған жоқ. Мәдениеттануда осы уақытқа дейін антропология, социология, психология, тарих, тіл білімі, семиотика сияқты әр түрлі пәндер өз үлестерін қосып келеді. Мұның өзі мәдениет туралы ғылымның ер тектілігін туындатып отыр.

Мәдениеттану - гуманитарлық пән, ешкім де оған шүбә келтіре қоймайды. Дегенмен біртұтас, бірыңғай мәдениеттану теориясы әзірге толық қалыптасқан жоқ, сол себептен осы уақытқа дейін мәдениет туралы теория жеке концепциялар түрінде, не сол мәдениеттанумамандарының белгілі бір жүйеге ыңғайланған құрылымдары тұрғысында көрінуде. Мұның өзі мәдениеттану ғылымының елеулі ерекшелігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда мәдениеттану өзінің пәні мен тәсілін анықтап, екі аяғынан қаз тұру дәуірін басынан кешіруде. Оның әлі ғылыми пән ретінде теориялық кәмелетке жеткен бейнесі толығынан көріне қойған жоқ. Кәзіргі ізденістер мәдениеттанудың философиямен тығыз байланыстылығының дәлелі және сол философияның «қамқорлық» шеңберінен босанып, өзіндік қырынан білімнің жаңа саласына айнала бастауының айғағы, Мәдениеттанудың өзіндік ерекше білімдер жүйесі тұрғысынан көрсететін дәлелдер аз емес. Оған мысал ретінде кәзіргі заман мәдениетіндегі құбылыстарды алуға болады:

Әлем өзінің 2000-шы жылдықтарында техника мен мәдениет туындататын орасан зор әлеуметтік өзгерістерге толы жаңалықтар қарсаңында тұр. Микроэлектроника, есептеу техникасы және ақпарат индустриясы бүгінгі күні дамудың орасан зор катализаторына айналды. Жалпы, технология бүкіл қоғамдық өзгерістердің және кәзіргі заманның даму күшінің маңызды факторы болып отыр. Бұл құбылыстарға байланысты техника мен мәдениет арасынан мына мәселелер туындайды: Техника жетістіктерінің адамдар болмысына деген ықпалы қандай және олар адам өміріне қандай өзгерістер әкелуі мүмкін? Ақпараттың ақыры не болмақ? Мәдениет пен компьютерлендіру өркениеттілігінің ара-қатынасы қандай

болмақ? Әрине бұл мәселелерді белгілі бір гуманитарлық пәндер тұрғысынан қарастыру мүмкін емес.

XX ғасырдың соңында дін мәселесі мәдениет өмірінде соншалықты елеулі орын алады деп ешкім де ойлаған жоқ. Қайта, өткен ғасырдың ғалымдары, философтары діни көзқарасты арнайы сынға алуды артықшылық деп санады. Өйткені болмыстың бастапқы құпия көзін ғылымның өзі-ақашады деп тұжырымдады. Бірақ оның осылай біржақты шешілмейтініне қазір адамзаттың көзі жетіп отыр.

Оған қоса адамзат мәдениетінде, мәдениеттің болмыстылығына байланысты туындайтын мәселелер бар. Оларға мыналар жатады: Мәдениет феноменін қалай тануға болады? Өркениеттілік пен мәдениеттің арасында қандай байланыс бар?

Осы келтірілген жағдайлардан туындайтын мәселелердің түсінілуі, танылуы, жеке ғылым, діни сенім, философия, не басқа да гуманитарлық білімдер негізінде мүмкін емес екендігі белгілі. Олар кәзіргі уақытта әмбебап білімдер арқылы жүргізілуде. Көпшілік жағдайда бұл әмбебап қасиет мәдениентану ғылымына тән. Бұл арада мәдениеттанудың бастапқы мақсаты мәдениеттің тарихи дамуын және әлеуметтік қызметін зерттеу, ал нетижесі мәдениет туралы жүйеленген білім.

2. Ал енді мәдениеттің мәнін белгілі бір тұрғыда қарастырсақ, оның басқалардан гөрі айрықша екі жолын көруге болады: зайырлы және діни мәдениеттер. Діни ілімнің түсініктерінін шеңберінде «мәдениет» ұғымы (ғибадат),жоғарғы иенің беретін сенімі, дәстүрі, болмыстың жоғарғы мәні жатады. Мәдениеттің түп-тамыры байырғы заманға барып тіреледі. Оның діни көзқарастардан нәр алатындығы даусыз. Оларға адамдар арасындағы салт-сана, дәстүр, жоғарғы бір күшке табыну, жаратқанның құдіретіне сену сияқты т.б, табынудың түрлерін жатқызуға болады. Діни қарекеттер, діни тәжірибелер - алғашқы адамдардын табиғи жағдайдан шығуы, адам болмысының пайда бола бастауы. Сол себептен «гибадат» (културт) және «мәдениет» ұғымдарының бір-біріне концептуальдық жағынан жақындасуының өзі әділетті.

Алғаш рет әдебиетте «культура» термині Римнің атақты философы әрі шешені Цицеронның (б.д.д. 45 ж.) «Тускул кеңесі» атты еңбегінде кездеседі. Оның этимологиялық негізі «өңдеу», «тазалау» деген сөздерден шығады. Алғашқыда агротехникалық термин (жерді өңдеу) ретінде қолданылды. Ал, Цицерон болса алғаш рет оны ауыспалы мағынада «адам ақыл-есіне ықлал жасау» үшін қолданды. Цицерон философияның адам өміріне ықпал жасау әдістерді қарастыруды мақұл көрді. Тек осымен антикалық азаматтарды дайындау, ессіз баладан ер адамдық деңгейге дейін қалыптасу жағдайлары

сипатталады. Гректер бұл жағдайды «пайдейя» (жас бала) түсінігімен белгіледі.

Гректердің - «пайдейя» термині екі мағынада: біріншісі тікелей тәрбиелеу, үйрену, ал екіншісі білімді, білімділікті ағартушылықты, мәдениетті анықтайды. Олар адамдарды белгілі кәсіби емес, керісінше тұлға етіп айқындалған құндылықты қалыптастырды. Сөз жоқ, бұл адамға қарай бағытталғандықтан өзі мәдениет түсінігінің антикалық ауыспайтын гуманистік маңызын құрайды және негізінде мәдени жағдайлардың мақсатын шығаратын адам идеалы бар.

Мәдениеттің мақсаты мынада болды: адамның ойлау қабілетін, эстетикалық сезімнің әдемілігін дамытып, адамның іс әрекетінде сезімділік өлшемі мен әділеттілікті қарастыруға жол ашу. Бұл жағдайда антикалық адам табиғатпен біртұтас екендігін жоғалтқан жоқ. Табиғат өзі қанатының астына құдайлар мен адамдарды ала отырып ғарыштың айрылмас негізгі бөлігі болып қала береді.

Мәдениетке дәл осылай келу оның аса терең мағыналы екендігін, сонымен қатар оның әлеуметтік бойына даруын, қоғамның өмірімен біте қайнасуы, оның тек ғана адам баласының тегіне тән екендігін көрсетеді.

Сонымен, мәдениет - бұл адамның ақылы, таланты, еңбек таңбалары бар бізді қоршаған заттар мен құбылыстар әлемі. Бұл - өзінен өзін туындататын табиғаттан айырмашылығы бар адамдар әлемі. Оның әртүрлі анықтамалары мәдениеттің түрлі сферасын сипаттайды. Қорыта айтқанда мәдениет – бұл адамзаттың жасаған дүниесі.

3. Өндірістің негізгі екі түріне қарай материалдық және рухани мәдениет деп бөлеміз. Материалдық мәдениет адамның бүкіл материалдық еңбегі мен оның жемісін қамтиды (еңбек құралдары, күнделікті тұрмыс заттары, киім, баспана, көлік т.б.). Рухани мәдениет адам санасының, рухани еңбегінің аумағын қамтиды (тәрбие, білім, ғылым, өнер, әдебиет, аңызнама, дін т.б.). Рухани мәдениет пен материалдық мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты.

Тарихта мәдени өзгерістің ықпалына ең бірінші табиғат түсті. Адам, табиғатты «өз үйіне», өзінің өмір сүру ортасына айналдыра бастаған кезде, өзін табиғаттан алшақтатын алғашқы қадамын жасаған еді. Адам эволюциясына табиғат ортасы тар болып, ол табиғаттан тыс шынайылық дүниесіне шықты, ол артефактар дүниесін жасады, яғни мәдениет пен әлеуметтің дүниесі. Кейде табиғат пен мәдениет үлеспейді деген пікірлер айтылып жатады. Дегенмен табиғаттан тыс мәдениеттің болуы мүмкін емес, мәдениет тек табиғаттың бергенін өзгертеді, өңдейді, яғни мәдениет – ол адам қайта өңдеген табиғат.

Мәдениеттің дамуы адам мен табиғат тұтастығының төмендеуіне әкеліп отыр. Табиғат адамның инстиктивті өмір сүру ортасы, одан тыс ол биологиялық тип ретінде өмір сүре алмайды. Алайда адамның одан еш маңызы төмен емес өмір сүру ортасы мәдениет болып отыр, ол инстикттен жоғары, саналық тәртіп жүйесін жасап отыр.

Мәдениетті зерттеудің терең философиялық дәстүрлері бар, ол басқа ғылымдардың, ең алдымен археология, этнография, тарих, психология, әлеуметтану ғылымдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Тек XX ғасырдың ортасында ғана мәдениетті пән аралық зерттеу басталады.

Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.

Сөз жоқ, мәдениеттанушы, ең алдымен мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтар тақырыбымен, өнімдерімен - мысалы, музыкамен, сурет өнерінің туындыларымен) айналысады, сондай-ақ музыкатанушылар, өнертанушылар қандай теориялық позицияны ұстанатындығына тәуелсіз, мәдениет рухын (менталитетін, мәдени парадигманы) игеруге бет бұрғанда мәдениет танушыларға айналады. Бұл жағдайда екінші – мәдениеттің коммуникативтік тобы пайда болады (қарым-қатынас жасау деңгейі, білім беру және тәрбиелеу институттары). Ең соңында, оның ядросы, архетипі - мәдени шығармашылық қызметінің құрылымы анықталады.Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.Сөз жоқ, мәдениеттанушы, ең алдымен мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтар тақырыбымен, өнімдерімен — мысалы, музыкамен, сурет өнерінің туындыларымен) айналысады, сондай-ақ музыкатанушылар, өнертанушылар қандай теориялық позицияны ұстанатындығына тәуелсіз, мәдениет рухын (менталитетін, мәдени парадигманы) игеруге бет бұрғанда мәдениет танушыларға айналады. Бұл жағдайда екінші – мәдениеттің коммуникативтік тобы пайда болады (қарым-қатынас жасау деңгейі, білім беру және тәрбиелеу институттары). Ең соңында, оның ядросы, архетипі — мәдени шығармашылық қызметінің құрылымы анықталады.

Мәдениеттану философиядан бөлініп шығып, өзінің зерттеу тақырыбына ие болады, «мәдениет археологиясына» көңіл аударады, оның

генезисін, жұмыс істеуін және дамуын анықтайды, мәдени мұрагерлік және тұрақтылық тәсілдерін, мәдени даму «кодын» ашады. Ол келесі функцияларды қамтамасыз етеді:

— мәдениетті, оның ауызша және символдық қабықшада жасырынған базалық негіздерін сақтау;

— мәдениеттің, жаңару, инновация институттарының қалыптасуы;

— мәдениет трансляциясы – мәдениеттің заттану әлемі индивидтің әлеуметтенуы мен мәдениеттің даму әлемі ретінде.

Барлық үш деңгей форма құрудың кең спектрін сипаттайды (ғылым, техника, өнер, дін, философия, саясат, құқық, экономика және т.б.), бұл сонымен бірге қызмет құрылымын, бейнесін, мәдениеттің тұтастығын анықтап көрсетуге мүмкіндік береді және оның жетістіктерін суреттеуден тұрады, бірақ осындай тұтастықты жаңғырту проблемасын қояды мен концептуальды шешуді болжайды. Мәдениеттанудың міндеті – мәдениет «генетикасын» құру, ол нақты көркемдік іске асырудың тарихи – мәдени процесін ғана түсіндіріп қоймай, мәдениеттердің әртүрлі типті модельдерін жаңғыртып, оларға салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берер еді.

Мемлекеттік білім беру стандарттарына кіргізілген мәдениеттану оқу пәні ретінде мәдениеттану мектептерін, бағыттарын, әлемдік және отандық мәдениеттің теориялары мен тарихын қарастырудан тұрады.

Ол өзара әрекет ететін элементтерден құралатын және басқа жүйелермен, қоғаммен өзара байланыста және үнемі дамуда болатын, күрделі ішкі құрылымы бар жүйе ретінде мәдениет туралы білімнің дербес, логикалық негіздерге, біріккен жиынтығы түрінде болады.

Мәдениеттану тақырыбы жалпы адамзаттық және ұлттық мәдени процесстердің объективті заңдылықтары, «тірі» ескерткіштер және материалдық пен рухани мәдениеттің құбылыстары, адамдардың мәдени қызығушылығы мен қажеттіліктерінің пайда болуын, қалыптасуын және дамуын басқаратын факторлар мен алғышарттар болып табылады.

Мәдениеттану объектісі әртүрлі табиғи жүйелердегі мәдени өмір, негізгі мәдени-тарихи типтердің ерекшеліктері мен жетістіктерін айқындау, қазіргі әлеуметтік мәдени ортада тенденциялар мен процестерді талдау болып табылады.

Мәдениеттану ғылымының маңызды проблемаларының қатарына әлемдік және отандық мәдениет теориясы мен тарихының маңызды мәселелері жатады.

«Мәдениет» сөзі тек XVIII ғасырда тұрақты түрде қолданысқа еніп, кең тараған. Алайда бұл сөз Рим антикасында пайда болды, ал латын тілінде «агромәдениет» дегенді білдірген, яғни жерді өңдеу, өсіру, егу. Бұл бастапқы

мәні уақыт өте келе басқа, адамның жеке қасиеттерімен байланысты мағынаға ие болады. Ағарту заманы деген атпен тарихқа енген XVIII ғасырда мәдениет ұғымы тек рухани мәдениет болып шектеліп қалады. Бастысы адамның білімділігі, окығандығы және тәрбиелілігі болады. Мұнда білім шешуші роль атқарады, алайда сол кездің өзінде білімнің қажеттілігі айқын болды, бірақ мәдениетті болу үшін ол жеткілікті шарт емес екендігі де анық.

Мәдениет туралы ғылым – мәдениеттануға келсек, ол кешірек, біздің ғасырда қалыптасты. Әрине, мәдениет одан бұрын да зерттелді. XIX ғасырдың ортасына дейін онымен философия мен тарих шұғылданды, одан кейін басқа ғылымдар – этнография, философия, антропология қосылды.

Тікелей мәдениетке арналған алғашқы жұмыстардың бірі ағылшын тарихшысы Э. Тайлордың «Ертедегі мәдениет» («Первобытная культура») (1871ж.) кітабы болды. Бұл жұмыста Тайлор үлкен этнографиялық материалды зерттеу негізінде ертедегі (алғашқы) мәдениеттің нақты элементтерін суреттеп (әлемдік жағдайында), “анимизм” (латынның “anima” өмір бастауы, тірі зат, жан, өмір сөзі) – алғашқы адамның қоршаған ортамен қатынасы бойынша оның бүкіл практикалық тәжірибесін байланыстыратын бүкіл табиғаттың жандануына сену теориясына негізделген тұтас көрінісін берді.

Тайлор үшін эволюционист ретінде басты мақсат (яғни мәдениетті кенеттен болатын өзгерістер мен күйзеліссіз, оның біртіндеп дамуы мен өгеруі процесінде қарастыруды қолдайтын) “Жабайылықтан” “өркениетке” жету жолында адамзаттың мәдени бірлігі мен біркелкі дамуын көрсету болды. Бірақ эволюциялық процесті түсіндіру оның мәдениетті қалай түсінетіндігімен анықталады. Өркениетпен теңдесетін мәдениетті Тайлор былай анықтайды: “Мәдениет, немесе өркениет кең этнографиялық мәнде білімнен, сенімнен, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, әдет-ғұрыптардан және адамның қоғам мүшесі ретінде игерген басқа да қабілеттері мен әдеттерінен құралады”.

Білімнің ерекше саласы ретінде мәдениеттің жалпы теориясын құру мүмкіндігі мен қажеттілігі бірнеше қайтара ұғынылды. “Мәдениеттануды” құруға талаптанған алғашқы зерттеушілердің бірі (ол мәдениет туралы ойлаудың даму феноменін белгілеу үшін осы терминді ғылыми айналысқа енгізу кажеттілігін арнайы негіздейді) белгілі американ мәдениет антропологы Лесли Уайт болды. Ол “мәдениет туралы ғылымның синонимі ретінде” мәдениеттану терминін қолданудың негізін қалады. (Л. Уайттың негізгі еңбегі осылай аталады). Оның мәдениет ұғымы болмыстың ерекше объектісін, әлеуметтік кұбылыстардың ерекше тобын қамтиды. Жүйе ретіндегі мәдениет индивидтен кейін тұрады: “Мәдениет” өзіне тән

терминдермен түсіндірілу керек, алайда бұл әдеттен тыс болып көрінуі мүмкін, адамзатты зерттеудің тікелей объектісі адам емес, мәдениет болады». Жеке авторлардың еңбектерінде мәдениет әртүрлі көзқарас жағынан қарастырылады.

Көптеген ағартушы–философтар, мысалы, неміс ақыны және философы Ф. Шиллер мәдениетті ішкі, рухани байлығын сөз ете отырып, адамдағы адамшылық дәрежесі ретінде түсінген. Ф. Ницше мәдениетті халықтың өмір стилі ретінде анықтаған. Жоғарыда айтылған Л. Уайт оған дәстүрлер призмасынан қараған. Орыс философы Н. Бердяев үшін мәдениет "халықтың тірі тағдыры" , "адам мен адамзаттың заңды жолы", "шығармашылық пен бостандықты жүзеге асыру ретінде" болған.

Басқа орыс ойшылы Н. Рерихтің тұжырымында "Мәдениет дегеніміз – қауымды құрметтеу". Мәдениет адамға деген махаббат. Мәдениет – қауымның қаруы. Мәдениет – құтқару жолы. Мәдениет – бұл қозғалтқыш. Мәдениет – бұл жүрек.

Ресей философы В. Библер "пирамида тәрізді линза – мәдениет" туралы жазады, оның шыңы адам тағдырын өздігінен қалыптастыру мен өздігінен өзгертудің ұйымдасқан актісі ретінде адамдық мәннің өздігінен бүлінуі болып саналады.

Философ А. Лосевтің пікірі бойынша "мәдениет – бұл барлығын шекті талдап қорыту". Басқа авторлар мәдениетті шығармашылық (А.Злобин), кез-келген қызметтің рухани өлшемі, немесе рухани өндіру (Б. Ерасов), халықтың өмір салты, биологиялыққа ұқсас "әлеуметтік мұра" ретінде түсінеді. Ол тіршілік әрекетінің адами тәсілі ретінде қарастырылады.

## 1.3 Қазақ мәдениетінің теорисы мен тарихы

Қазақ мәдениетінің өкілдері ХХ ғасырды әрі үмітпен, әрі қауыппен қарсы алды. Дүниежүзілік прогресс Қазақстанға да жете бастады. Ресейдің Москва, Петербург, Омбы, Қазан, Уфа және басқа қалаларында оқитын қазақ жастары орыстың прогрессивті мәдениет үлгілерін қазақ өлкесіне таратты. Қазақтың алдыңғы қатарлы жас өркеніне білім беруде Уфа қаласында орналасқан «Ғалия» медресесінің ролі зор болды. Бұл оқу орнын Б.Майлин, Н.Манаев және т.б. қазақ зиялылары тәмамдады. XIX ғасыр мен ХХ ғасырдың тоғысында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Сералин, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, М.Тынышпаев, М.Шоқай, Ш.Бөкеев, Қ.Құдайбергенов, Ғ.Қарашев және басқа қазақ зиялылары қазақ халқын ағарту ісіне, оның рухани жағынан өсіп, толысуына елеулі үлес қосты. Өзіне туысқан халықтардағы сияқты

Қазақстандағы мәдени қайтадан жаңғыру орыс экспансиясына қарсы шығудан басталды. ХХ ғасырдың басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі – «Оян, қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықтық ашық күреске шақырған ұран тастады: «Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Европаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқының күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». Міржақып саяси мәселелермен қоса өз шығармасында қазақ мәдениетін тұйықтан шығаратын жолдар іздейді. Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М.Дулатов бодандықтан көреді. Екі ғасыр арасында қазақтың ұлттық санасының оянуына үлкен әсер еткен тұлғаның бірі - Әлихан Бөкейханов. Ол қазақ хандарының тікелей ұрпағы, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, қазақтың алғашқы саяси партиясының басшысы, қазақтың бірінші ұлттық үкіметі – Алашорданың көсемі еді. Әлихан Бөкейханов сан қырлы қоғамдық қызметтерімен бірге қазақтың рухани мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында болды. Ол Абайдың шығармашылығы туралы тұңғыш мақаланы жариялады, қазақ эпосы мен фольклоры жөнінде әлі күнге дейін ғалымдарды өзінің ой тереңдігімен таң қалдыратын еңбектер жазды. Солардың ішінегі құндысы – 1899 жылы «Түркістан ведомостыларында» жарияланған «Қырғыздың «Қобыланды» аңызындағы әйел» атты еңбегі еді. Әлиханның бұл жерде көтеріп отырған мәселесі бұрынғы қазақтың рухани мәдениетінің бай мұраларына байланысты. Аталған аңызда мұсылмандық дін мен ежелгі тәңірлік түсініктердің қарым-қатынасы, көшпелілер мәдениетіне тән ана мен әйелді қастерлеу, ел намысын пендешіліктен жоғары қою т.б. мәселелер талқыланады. Шексіз сахара қазақ мәдениетін көптеген жылдар бойы сыртқы жаулардан қорғаштап, өзіндік ерекшеліктерін сақтауға себебін тигізді. Дүлей далада тек жүз бен руға бөлінбеген тұтас қауым ғана өмір сүре алатын еді. Қысқаша айтқанда, Әлихан мен Міржақып, Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов пен Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді алаштың арыстары өз күресінде халқының ғасырлық мұрасынан қашанда күш-қуат алып отырды. Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған алып тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармашылығының негізгі тақырыбы мораль философиясы мен мәдениет ілімін қамтиды. Шәкәрім Абайдың немере інісі және ұлы ақынның мұрасына сүйенген. Ол арнайы оқу орнында оқымаса да, араб, парсы, орыс, шағатай тілдерін өз бетімен

үйреніп, сол тілдердегі шығармалардан дала ойшылы тұрғысынан ой қорытқан. Абай сияқты Шәкәрім де қазақ елін қалай өркениетті, мәдениетті елдер қатарына қосамын деп талпынады. Оның ойынша, бұл азаматтық өтеудің басты шарты туған елдің бүкіл тарихи мәдени құндылықтарын жоғалтпай, оларды заман талабына сәйкес қолдану. Шәкәрімнің рухани ізденісінде ежелгі сақ-түрік заманынан қалыптасқан ғарыштық дүниетаным ерекше орын алады. Тәңірі, Нұр, Күн, Табиғат – ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар. XX ғасыр әдебиетінің аса көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсынов болды. 1895 жылдан бастап А.Байтұрсынов педагогикалық және әдеби шығармашылықпен айналысты. Қазақ әдебиетінде алғаш А.Байтұрсынов «Қырық мысал», «Маса» атты шығармаларымен көрінді. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ол орыстың классик жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал»деген атпен Петербургте 1909 жылы жеке кітап етіп бастырды. «Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ахаңның ғана ардақты атын айтамыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілер санаулы. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды. Сондықтан 50 жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ахаңа біздің айтатын сөзіміз: Ахаң еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі – артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды. Қаламынан тамған бал ем болудан айнымайды. Әлде болса, өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды», - деп жазды М.Әуезов. XX ғасырдың бас кезінде қазақ баспасөзі жақсы дамыды. Егер XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда бар-жоғы 2 басылым болса, «Түркістан уалаятының» газеті (1870-1883) және «Дала уалаятының» газеті (1888-1902), 1905 жылдан бастап бірқатар жаңа басылымдар шыға бастады. 1907 жылы «Серке», «Қазақ газеті» шыға сала, патша үкіметі пәрменімен өз жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болды. 1911 жылы Троицк қаласында қазақтың көрнекті жазушысы М.Сералиннің редакторлығымен «Айқап» газеті шығарылып, онда қазақ әдебиеті, этнографиясы, тарихы бойынша материалдар басылды. Қазақ баспасөзінің қалыптасуына, әсіресе

1913-1918 жылдары Орынбор және Торғай қалаларында А.Байтұрсынов жетекшілік еткен «Қазақ» газеті өлшеусіз үлес қосты. Газеттің мақсаты қазақ арасында ағартушылық ісін дамыту деңгейін көтеру мәселелері болды. Сайып келгенде, қазақ баспасөзі халықтың рухани дамуына игі әсерін тигізді.

Өзінің барлық 2000-ның үстінде тұратын бай музыкалық коллекциясын Затаевич 500-ге жуық хабаршылардың көмегімен жинақтады. А.В.Затаевичтің қазақтың халықтық музыкасын жинақтап, бастырудағы жанқиярлық еңбегі музыкалық, ғылыми және әдеби қоғам арасында орасан зор қызығушылық туғызды. Көрнекті совет жазушысы А.М.Горький бұл жөнінде: «Міне, менің алдымда «Қазақтың 1000 әні» жинағы жатыр. Олар нотаға түсірілген, олардың аса ерекше әуендері – болашақ Моцарттарға, Бетховендерге, Шопендерге, Мусорскийлерге және Григтерге таптырмайтын бай материал» деп жазды. Затаевич еңбектері аса көрнекті француз жазушысы, музыка зерттеушісі және қоғам қайраткері Ромен Роланның назарына ілікті. 1926 жылы Затаевич Р.Ролланға өзінің шығарған «Қазақтың 1000 әні» жинағынжібереді. Көп кешікпей Затаевич Ролланның жауап хатын алды. Онда Р.Роллан: «Ең алдымен, мен сіздің алабөтен энергиямен осынау бастаған тамаша ісіңізді, адам айтқысыз қиын аштық, эпидемия жағдайында аяқтан шыққаныңызға тәнті болғанымды білдіргім келеді. Сіздің маған жіберген «Қазақ халқының 1000 әні» атты еңбегіңіз менің туған күніме арналған ең тамаша сыйлық болды.»,-деп жазды. 2500 ән мен күйлерді жазып алған Затаевичтің ісін қазақстандық фольклоршылар Д.Д.Мацуцин мен И.В.Коцык жалғастырды. 30 жылдары қазақ музыкасын зерттеуге Б.Г.Ерзакович және Алматы музыкалық-драматикалық техникумы ғылыми-зерттеу кабинетінің қызметкерлері А.К.Жұбанов пен Е.Г.Брусиловский құлшына кірісіп, көп шаруа бітірді. Халық музыкасын оқып-үйреніп, нотаға түсіру жұмыстары, әсіресе Алматы мемлекеттік консерваториясын ұйымдастырғаннан кейін (1944) және 1946 жылы Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясы құрылғаннан кейін кең құлаш жайды. Аталған ғылым ордалары жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпіріне бірнеше рет ғылыми-экспедициялар жіберіп, халық музыкасын нотаға түсірді. Экспедиция мүшелері Қазақ ССР-нің барлық облыстарында, Өзбек ССР-нің қазақтар тұратын облыстарында, Ресейдің Таулы Алтай облысында, Астрахан, Омбы, Орынбор облыстарында және Қарақалпақстанда болып, 1980 жылға дейінгі аралықта 10000-ға жуық ән мен күйді нотаға түсірді. Қазақтың халық музыкасын зерттеуге және насихаттауға Қазақ ССР-ы Ғылым Академиясының академигі, өнертану докторы, профессор А.Қ.Жұбанов (1906-1968) зор үлес қосты. 1945 жылы Қазақстан ғылым академиясының бірінші президенті

Қ.И.Сатпаевтың ұсынысымен А.Қ.Жұбанов ғылым академиясы жанынан өнертану Секторын құрды. Сектордың Жұбанов басқарған музыка бөлімінің негізгі бағыты қазақтың халық музыкасын және оны құрушылары мен орындаушыларының шығармашылығын зерттеу болды. Жұбанов 1000 ән мен күйді жазып алды және аса көрнекті екі күйші – композиторлар Құрманғазы мен Дәулеткерей шығармаларын өзінің түсініктемелерімен басып шығарды. Жұбанов зерттеушінің алғашқы тырнақалды еңбегі 1936 жылы басылып шыққан «Қазақ халық композиторы-Құрманғазы» очеркі болды. Бұнда зерттеуші қазақтың халық композиторы шығармашылығына терең талдау жасап, оның күйлерінің идеялық мазмұнын, әлеуметтік мәнін ашып, композитордың аспаптық музыканы дамытудағы аса көрнекті рөлін ашып берді. А.Қ.Жұбанов халықтың кәсіби-композиторлары шығармашылығын зерттеуді жалғастыра отырып, 1942 жылы «Қазақ композиторларының өмірі және шығармашылығы» атты кітабын бастырып шығарды. Бұл XIX ғасырда өмір сүріп, шығармалары музыкалық классикаға айналған бір топ халық композиторларының үлкен тобының шығармашылығын қорытындылаудың алғашқы талпынысы еді. 1958 жылы аса көрнекті музыка зерттеушісінің қаламынан «Ғасырлар пернесі» атты жаңа кітап басылып шықты. Кітап халықтың күйші композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап, Бәйсерке, Абыл, Ықылас, Сармалай шығармашылығы туралы 10 монографиялық очерктерден тұрады. 1967 жылы А.Қ.Жұбановтың келесі монографиялық зерттеуі «Замана бұлбұлдары» жарық көрді. Бұл зерттеуде А.Қ.Жұбанов қазақ халқының аса көрнекті әнші композиторлары Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Балуан Шолақ, Жаяу Муа, Ыбырай, Құлтума, Сары, Майра, Естай, Әсет, Нартай, Кенен өмірі мен шығармашылығы туралы 15 очеркпен қатар, 9 очеркте аса көрнекті әнші орындаушылар Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Қасым Бабақов, Темірболат Арғынбаев, Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Әли Құрмановтардың қайталанбас өнерлеріне терең мазмұнды сипаттама берді. Халық музыкасының бағалы басылымына З.Жанұзақова құрастырған «Қазақ халқының аспап музыкасы» жинағы жатады. Домбыра, қобыз және сыбызғыға арналған алғашқы бұл еңбекке А.Жұбанов, Ж.Қаламбаев, З.Қоспақов және З.Жанұзақова жазып алған 87 күй енді. Шағын кіріспе мақалада З.Жанұзақова аспаптары туралы, олардың түрлері, бұрауының түсірілуі, ойнау техникасы туралы қызықты мәліметтерді келтіре отырып, күйлердің тақырыптық мазмұнының сан алуандылығынан хабар береді. «Оларда,-дейді Жанұзақова – адам сезімі мен толқынысының аса нәзік нюанстары беріледі: бала туғанына байланысты

қуаныш та, жақын адамынан айрылуына байланысты қайғы да, сүймейтін адамға күйеуге берілген қыздың мұңы да, айырылысу сағынышы да, табиғат сұлулығына сүйсінуден туындаған музыкалық портрет те кездеседі». Қазақтың музыкалық фольклорын зерттеу ісіне П.В.Аравин көп еңбек сіңірді. Алматы, Орынбор, Астрахань, Ленинград және Москва архивтері материалдарының негізінде, ол аса көрнекті халық композиторы Дәулеткерей Шығаевтың шығармашылығы жан-жақты талданған монография жазды. Композитордың аспаптық классиканың алтын қорына енген бірқатар белгілі күйлерін талдай отырып, автор Дәулеткерейдің патриот және гуманист ретіндегі шығармашылық бейнесін ашып берді. Қазақтың халық музыкалық аспаптарын оқып-үйрену және қалпына келтіру, сондай-ақ оларды фольклорлық-этнографиялық ансамбльдерге, оркестрлерге пайдалану ісіне Құрманғазы мемлекеттік консерваториясының профессоры Б.Сарыбаев өлшеусіз үлес қосты. Ғалым археологиялық қазбаларды, мұрағаттық құжаттарды, ғылыми еңбектерді зерттеудің нәтижесінде 30-дың үстінде халықтың көне музыкалық аспаптарын іздеп тапты. Бұл жұмыс өнертанушының 1978 жылы жарық көрген «Қазақтың халық аспаптары» атты монографиялық еңбегінде қорытындыланды. Соңғы жылдары халық музыкасын зерттеу ісінде Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның профессоры Қ.Ахмедияров, доцент К.Сахарбаевалар жемісті еңбек етіп жүр. Қазақстанның көркем мәдениеті Кеңес өкіметі жылдарында әлденеше рет өрлеу мен құлдырау кезеңін басынан өткізді.Егер Қазан төңкерісінің жеңісі тұсында қазақ халықының әдебиеті мен сазгерлік мәдениетінің жеткілікті бай даму тарихы болса,бейнелеу,театр және кино өнері жаңа пайда болу шағында немесе мүлде жоқ еді.Көркем интеллегенцияның шығармашылық туындылары қазақ қоғамының таптық және идеялық-саяси жіктелуін айқын бейнелейді,таптық принциптерді жалпы адамзаттық қазыналардан бағалы санады.Қазақстанның Орталық Азия аймағы елдерімен,Қытаймен байланысы ұзақ уақытқа тыйылды. 20 ж.ж. екінші жартысында профиссионалды театр өнері және қазақтың ұлттық бейнелеу өнері пайда болды.Әнші Ә.Қашаубаев Парижбен Майндегі Франкфурттың концерт залдарында табыспен ән шығарды.Ұлы Отан соғысынң қарсаңында Қазақстанда қазақтың мемелекеттік акдемиялық драма театры,Республикалық орыс драма театры,Қазақтың мемлеткеттік опера және балет театры, ұлт аспаптар оркестрі,симфониялық оркестр, Республикалық қуыршақ театры, Қазақстан суретшілері және жазушылар одағы жұмыс істеді.Өнер саласындағы алты оқу орнында 600-ден астам адам оқыды. Қазақ кеңестік өнерінің қалыптасуы Кеңес өкіметінің орнауы коммунистік идеологияға сай шығармашылыққа

өріс ашты. Орынборда,Алматыда,Ақмолада,Семейде,Петропавлда,Оралда, Қостанайда және Қазақстанның басқа да қалаларында клубтар,халық үйлері пайда болды.Қазақ және орыс тілдерінде хор,драма,әдебиет үйірмелері,халық театрлары ұйымдастырылды.Ұлттық әскери құрамалар мәдени-бұқаралық жұмыстың орталығына айналды. Халықтық музыка зерттеле бастады.Этнограф және сазгер А.В.Затаевич екі мың үш жүзден астам халық әндері мен күйлерін жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әніә және «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинақтар жариялады. 1925жылы Парижде дүниежүзілік халықтар көрмесінде ұйымдастырылған өнер шеберлерінің жарысында — Одақ халықтарының атынан қатысып, екінші орынға ие болды.1926 жылы қаңтарда Қызылордада ұлттық қазақ театры ашылды.Оның бастауында Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Қ.Бадыров, Қ.Жандарбеков,Қ.Қуанышбаев, Ә.Қашаубаев,И.Байзақов т.б тұрды. Театрды дарынды драмашы,режиссер Жұмат Шанин басқарды. Сахнада қойылған алғашқы шығарма М.Әуезовтың «Еңлік Кебек» пьесасы болатын.Театр өмірінде Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай пьесаларының қойылуы» үлкен оқиға болды. Әлем әдебиетінің классиктерінен театр Н.Гогольдің «Үйлену» мен «Ревизорын», В.Шекспирдің «Оттелосын» сахнаға шығарды. Қазақстан үкіметі осындай атаулы табыстары үшін 1937 жылы театрға Қазақ академиялық драма театры атағын берді.1930 жылдары Семейде, Ақтөбеде, Шымкенте, Петропавлда, Қарағандыда театрлар ашылды. 1933жылы Алматыда ұйғыр музыкалық-драма театры, 1937 жылы Қызылордада корей театры ұйымдастырылды.

Қазақстан кино өнері де 1930 жылдардан бастау алды. «Шығыскино» тресінің Алматы бөлімшесі болды. Ол қазақ даласында бірқатар деректі және дыбыссыз көркем фильмдер түсірді.1934 жылы хроникалы фильмдер студиясы ұйымдастырылды.1938 жылы «Ленфильм» қазақтың бірінші дыбысты фильмі — «Амангелді» картинасын жасап шығарды.1934 жылғы қаңтарда Қазақ мемлекеттік музыка театры ашылды.1934 жылы сазгер А.Қ.Жұбанов Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік оркестрін құрды.1936 жылы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филормониясы ашылды.Қазақстанның өнері 1936 жылы мамыр айында Мәскеуді өткен қазақ өнерінің алғашқы онкүндігінде өзінің өсіп,толысқанын көрсетті. «Онкүндікте» «Қыз Жібек», «Жалбыр» опералары көрсетілді. Әйгілі әнші Күләш Бәйсейітоваға КСРО халық әртісі құрметті атағы берілді. Жергілікті ұста,шеберлер мен зергерлер дайындаған бұйымдар Петрапаволдағы, Көкшетаудағы (1986 ж,) көрмелерде жұртқа таныстырылды.

Ауыл зергерлерінің сақина,сырға,алқа,белдік,білезік,жүзік сияқты заттарды әсемдеп жасауы да кең таралды.Қазақ ауылында зергерлік әсем

бұйымдар жасайтын шеберлер құрметке бөленетін.Көздің жауын алатын мұндай тамаша бұйымдарды кедейлердің сатып алуға халі келмейтін. Халық шеберлері жасаған тамаша бұйымдардың игілігн көретін феодалдық ауқатты топтар. Қазақтың қолөнерлік,зергерлік өнер туындылары-көрнекті бұйымдар тек Қазақстанда ғана емес,Ресейде де белгілі болды. Тіпті шетелдерге де әйгілі болды.1968 жылы Париждегі дүниежүзілік көрмеге қойылған бұйымдар ішінде қазақ зергерлік өнерінің заттары, ұлтық киімдер болған. Қазақ музыка аспаптары Мәскеуде 1972 жылы өткізілген көрмеде жұртшылыққа таныстырылды.

Қазақ музыка өнері. Кеңес дәуіріндегі қазақ музыка мәдениетінде пайда болған еуропа жанрлары да эпикалық туындылардан алыстап кете алмады. Опера, симфония, театралды-сахналық спектакльдердің мазмұны қазақ баласына ыстық эпикалық шығармалардан алынды. Мысалы, Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер-Тарғын», Е. Рахмадиевтің «Алпамыс» опералары, Ғ. Жұбанованың «Еңлік Кебек», Е.Брусиловскийдің «Қозы Көрпеш Баян сұлу» балеттері, «Қыз Жібек» көркем фильмі, «Қыз Жібек», «Еңлік Кебек» спектакльдері, Б.Аманжолдың «Еңлік Кебек» фортепианолық циклы, Ж.Жексембекованың «Қыз Жібекке симфониялық алым» (дань) және тағы да басқалары. Аталған шығармаларда негізін құраған эпостың өзі әртүрлі қамтылған. Себебі, әр жанр шамалы өзгерістер енгізсе де өз жанрлық заңдылықтарын сақтап қалады. Және мұндай қойылымдарда шығарманың авторы эпостың мазмұнын толық пайдаланбай, тек басты проблеманы, нақты ситуацияны алады. Кейде тіпті эпоста аса мән берілмейтін психологиялық сәттер опера, балет және спектакльдерде күрделендіріліп, басқа қырларынан танылады. Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің ежелден келе жатқанын және оның күміс көмей, жезтаңдай әнші, бармағы майысқан күйші болғанын тарихшыларымыз орынды сөз еткен. Өнердің халыққа кең тараған түрінің бірі ән мен аспаптық музыканың өткен заманда қай бағытта дамығанына шолу жасау, бүгінгі өмір жастарымызға рухани тәрбие беруде зор мәні бар екенін білеміз. Қазақ музыка мәдениетінің қайраткерлері классикалық, халықтың мәдени мұралардың барлығын игере, халық шығармашылығының сарқылмас қазынасын түгел пайдалана отырып, өз шығармаларында көркем өнердегі шынайы, өмірлік мазмұнды жырлайды.

20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап И. В. Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Оның үстемдік етуі нәтижесінде Қазақстандағы мәдениет салалары Коммунистік партияның саясатына сәйкес жұмыс істеуге тиіс болды. Әсіресе бұл халыққа білім беру саласында ерекше көрініс тапты. Атап айтқанда, бұл кезде шығарылған оқулықтар, партия,

комсомол және пионер ұйымдары, жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқына сталинизмнің догмаларын талқылады. Мектептің қызметі де бұрмаланды.

Бұл кезде халыққа білім беру ісінде, соның ішінде оқу орындарында партиялық өмір күшейді. Оқу-тәрбие про¬цестерін идеологияландырудың үстінде жалпы көрсеткішті қудалау, оқу процестерін формальды жүргізу өрістеді.

Тоталитарлық жүйенің күшеюі халыққа жоғары білім беру саласында да өз әсерін тигізді. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдары халық шаруашылығының кадр жөніндегі қажетін қанағаттандыра алмады. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамында жергілікті халықтың өкілдерінің саны баяу өсті. 1936 ж. Қазақтың мемлекеттік университетіндегі 42 оқытушының 8 ғана қазақ болды. 1940 жылы Алматы малдәрігерлік-зоотехникалық институты студенттерінің арасында қазақтардың үлес саны 12-ақ пайызын қамтыған.

Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологиялан¬дырылған саясаты профессионалдық оқу орындарының жағдайына бәрінен де көп зиян келтірді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін қудалау мен жазалау шаралары 20-шы жылдарда басталып, Сталин өлгенге дейін жургізілді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың орта кезінде А. Байтұрсынов, С. Асфендияров, Х. Досмухамедов, Т.Жүргенов, О.Жандосов және басқа аса көрнекті ғалым, педагогтардың өмірі қиылып кетті.

1928 жылы араб әрпі латын әрпімен, ал 1940 жылы кириллицамен (орыс әрпімен) күштеп алмастырылды. Мұның кесірінен бір ұрпактың өмірі барысында қазақ өзбек, түркімен, башқұрт, татар, қырғыздардың басым көпшілігі араб жазуымен жарық көрген ата-баба мұрасын, рухани байлығын игеріп, пайдалануға қабілетсіз болып шыкты. Ал мұның өзі көптеген халықтардың тарихи зердесін көмескілеп, олардың белгілі тобының мәңгүрт болуына әкеп соқтырғанының бер жағында, елдегі қазақтар Қытай Халык Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі сауаттарын араб жазуымен ашып, кітаптарды осы графикамен шығарып келген шетелдік бауырлас қазақтармен хат жазысып, хабарласу мүмкіндігінен айырылды.

1920-1930 жылдарда араб әрпімен шыққан басылымды пайдаланғандар «пантуркист», «панисламист», тіпті, «халық жауы» деп жарияланып, қудалауға ұшырайтын болды. Кітапхана қорларынан әкімшілдік-төрешілдік жүйенің теориясы мен практикасына мазмұн мен қайшы басылымдар, ең алдымен олардың ішіндегі араб әрпімен басылғандары аластатылды. Сонымен бірге дінге қарсы күрес сорақы-лықпен жүргізілді. Шіркеулер мен мешіттердің мемлекет қарамағына зорлықпен алынуы, оларды қора-жайға, қоймаға, қосалқы жайға айналдырылуы, дінге сенушілердің ар-ожданын

аяққа басу, азаматтық сан ғасырлық мәдени және рухани өміріндегі құрамдас бөлігі болып келген дінді барша жұртқа құбыжық етіп көрсету халықтың орынды наразылығын туғызды.

Қазан төңкерісінен кейін тоталитарлық жүйенің үстемдігіне, оның қайшылктарына қарамастан Қазақтың мәдени дамуында кейбір ілгерілеушіліктің болғанын айту керек, оны біз мәдени төңкеріс деп атап келдік. Бұл төңкеріс қилы-қилы жағдайлардың арқасында мүмкін болды.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда жалпы қоры 98 мың кітабы бар 139 кітапхана болса, 1925 жылы олардың саны 300-ге жетті. 1929 жылы республикада 494 оқу үйі, 74 қызыл отау, 11 театр, 9 мұражай болды. Ауылдың жерде 1747 кітапхана жұмыс істеді. Бірақ бұл кітапханалар мен оқу үйлері жөнді ғимараты жоқ, қарабайыр жағдайда өмір сүрді. Олардың жұмысын жүргізуші адамдардың сауаттары да, кәсіптік дәрежесі де төмен еді. Тіпті қалалардың өздерінде мәдени ошақтарда істейтін адамдардың білім деңгейі көбінесе төмен болатын. Бірақ білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта-ықыласы мәдениет ошақтарының қарапайым формада болса да көбейе түсуіне жол ашты.

Республикада мерзімді баспасөз және кітап шығару ісі дамып келе жатты. «Степная правда» (қазіргі «Казахстанская правда») жене «Еңбекші қазақ» газеттері, «Қазақстан» жорналы шыға бастады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында газеттер мен жорналдар көбінесе мемлекеттік, кәсіподақтық, кооперативтік қордың есебінен жаздырылып алынды және мәдени-ағарту мекемелер желісіне, кеңестік және кооперативтік ұйымдарға келіп тұрды. Газеттер жұрт көп жиналатын жерлерге ілінді, оларды дауыстап оқып беру ісі ұйымдастырылды. Қазақстанның белгілі көптеген мәдениет қайраткерлері өздерінің шығармашылық жолын осы газеттерде жалғастырды.

1925 жылы республикада не бары 31 газет, оның ішінде қазақ тілінде 13 газет шықты. Кейін олардың қатары өсе берді. 1930 жылы Қазақстанның 27 ауданында өз газеттері шыға бастады. 1931 жылы республиканың «Еңбекші қазақ» газетінің 900 қоғамдық тілшісі істеді. 1926 жылы не бары 41 газет шықса, бірінші бесжылдық жылдарында 120 газет, оның ішінде қазақ тілінде 62 газет шығып тұрды. Олардың қатары жыл санап толығып, екінші бесжылдықта жалпы саны 280-ге жетті.

Республикада кітап бастыру ісі едәуір дамыды. Шығарылатын кітаптардың таралым данасы өсті. 1925 жылы 443 мың дана таралыммен 96 кітап шықса, 1930 жылдары үш миллион даналық 200-ден аса кітап шығарылды

Республикада қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар Қазан қаласында бастырылды. Орыс тіліндегі оқулықтар Мәскеу¬ден алдырылды. Қазақ

тілінің тұңғыш әліппесін жасап, соңынан із салған жаңашыл ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов елде оқу-ағарту ісін дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Ол жазған мектеп окулықтары 1927-1928 жылдарга дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының ересек буыны сауатын Байтұрсыновтың «Әліп-биімен» ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

1933 жылдан бастап бастауыш мектеп 4 кластық, орталау мектеп 7 кластық және орта мектеп 10 кластық болып қайта құрылды. Қоғамдық саяси пәндерді оқытуға және оқушы¬ларға жаңаша идеялық тәрбие беруге ерекше мән берілді. Екінші бесжылдық жылдарында республикада мұғалімдер саны екі еседен астам көбейіп, 14 мыңнан 31 мыңға жетті.

Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін ғылым, өнер мәселелерінің бәрін және архивтерді ағарту халық комиссариатының ғылыми бөлімі немесе секторы басқарды. Ол 1921 жылғы тамыз айында академиялық орталық болып қайта құрылды. Оның бастамасымен 1924 жылы алғашқы археологиялық карталар жасалды, қазақ халқы тарихының жекелеген маселелері, оның ішінде халық - азаттық қозғалысының тарихы зерттеле бастады. 1932 жылғы наурызда Алматыда КСРО Ғылым Академиясының тұрақты базасының құрылуы республикадағы ғылымының дамуында маңызды кезең болды.

Бұл тұста ауыл шаруашылық ғылымын өркендету үшін арнаулы ғылыми орындар: егіншілік, ауыл шаруашылығы, экономика, электрлендіру, су шаруашылығы, жеміс-жидек институттары ұйымдастырылды. 30-жылдардың екінші жартысында Қазақстан ғылымы одан әрі өркендеді. 1940 жылдың қарсаңында Қазақстанда 110 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істеді және оларда 1727 ғылыми қызметкер еңбек етті. КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылуы республикада ғылымды жаңа белестерге көтеру үшін мол мүмкіндіктерге жол ашты.

30-шы жылдары Қазақстанның әдебиеті мен өнеріне біраз өзгерістер, елеулі оқиғалар болды. 1934 жылғы 12-18 маусымда Қазақстан жазушыларының 1 съезі болып, онда халықтардың рухани қазынасынан нәр алған қазақ әдебиетінің М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, 1. Жансугіров, Б. Майлии, М. Әуезов, Ж. Аймауытов сияқты саңлақтармен бірге қазақ әдебиетінің қаулап өсіп келе жатқан мол жеткіншектері бар екені көрінді. Келесі жылы халық поэзиясының алыбы Жамбылдың туғанына 90 жыл толуын бүкіл Кеңес елінің халықтары атап өтті. 1936 жылы республика еңбекшілері Сәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20 жылдығын мерекеледі. Қазақстанда қазақ жазушыларымен бірге осындағы туысқан

халықтардың өкілдері орыс, ұйғыр, татар қаламгер¬лерінің шығармашылығы да кең өріске шығып келе жатты.

Осындай жетістіктерге қарамастан 1937 жылы сталиндік қанды тырнақтың жазықсыз жандарды қудалау, тұтқындап жер аудару, сотсыз содырлық жасап ату, жою процесі кең өріс алды. С. Сейфуллин, 1.Жансүгіров, Б. Майлин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сияқты қазақ халқының тұлғалы ұлдары «халык жауы» деген айып тағылып, қасіретті қудалаудың құрбаны болды.

20-шы жылдары қазақ көркем театрының дамуы бас¬талды. 1926 жылғы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш драма театры ашылып, М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын қойды.

1932 жылы республикада тұңғыш музыка-драма техникумы, ал 1934 жылы бірінші музыкалық театр ашылды. Сол жылы либереттосын М. Әуезов жазған «Айман-¬Шолпан» музыкалық комедиясының қойылуы қазақ операсының туғанын паш етті.

1936 жылы май айында Москвада өткен Қазақстан әдебиеті мен өнерінң алғашқы онкүндігі қазақ әдебиеті мен өнер жетістіктерінің айғағы болды. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Жазушылардың, артистердің мәдени құрылыс қайраткерлерінің үлкен бір тобы - Ж. Жабаев, С. Сейфуллин, А. Жұбанов, Т. Жүргенов және басқалар үкімет наградаларына ие болды. К. Бәйсейітова КСРО Халық артисі деген жоғары атақ алды, ал көп адамдарға Қазақ КСР-інің халық артисі және еңбек сіңірген артисі деген атақтар берілді.

1937 жылы қазақтың музыкалық театры опера жене балет театры болып қайта құрылды. Қазақ драма театры да айтарлықтай табыстарға жетті.Республикадағы маңызды оқиғалардың бірі кино өнерінің дүниеге келуі еді. 1938 жылы «Аманкелді» фильмі экранға шығып, ұлттық кино өнерінің іргесі қаланды.

Қорытып айтқанда, көптеген қиыншылықтарға, бұрмалаушылықтарға, кемшіліктерге қарамастан Қазақстанда 20-шы және 30-шы жылдарда мәдени дамуда бірсыпыра ілгерлеуші¬ліктер орын алды. Егер 1937-1938 жылдары «сталиндік жезтырнақ аппарат» қазақ зиялыларын қудаламағанда бұл табыстар қомақтырақ болуы мүмкін еді. Сондай-ақ: республика мәдениетінің одан әрі кеңінен дамып, құлаш жаю процесіне1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы да кері әсерін тигізді.

Сталин қайтыс болғаннан кейін 50-ші жылдардың орта шенінен бастап жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жойып, социалистік зандылықтарды қалпына келтіруге бағытталған бірсыпыра шаралар іске асырылды. 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде жарияланған

«Қазақстан тарихының мәселелері маркстік - лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаланы талқылауға байланысты бүкіл Одаққа, тіпті дүние жүзіне танымал тұлғалы қайраткерлер М. О. Әуезов пен Қ. И. Сәтбаев, сондай-ақ, республиканың басқа да көрнекті жазушылары мен ғалымдары орынсыз жазғырылып, датталды.

«Жылымық жылдары» деген атпен тарихқа енген 50-ші жылдардың екінші жартысынан былайғы кезеңде көптеген игі іс атқарылды. Басшылықтың ұжымдық принципі енгізіліп, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі босаңси бастады. Қағазбастылықпен, жиналыс, мәжіліс өткізумен әуестенушілікпен күрес күшейді. Ұлт мәселесіндегі бұрмалаушылықтар түзетіле бастады. Ұлттық республикалардың құқықтары кеңейтілді.

Сол жылдардағы рухани мәдениеттегі субъективизм мен тұрпайысоциализм элементтері бірқатар қиындықтарға әкелді. Мәселен, әдебиет пен өнердің өмірді көпе-көрнеу боямалайтын тартыссыз шығармалары одан әрі туындады.

Кино өнерінде картиналарды аз жасау керек, бірақ олар бірден «асыл қазыналар» қатарына кіруі керек, әрбір фильмде қазіргі заманның аса маңызды күрделі мәселелері, барлық жақтары міндетті түрде көрсетілуі керек деген нұсқау бойынша жұмыс жүргізілді. Әрине, мұндай көзқарас кезінде «асыл қазынаның» - сырт көзге қомақты, бірақ іс жүзінде өмір шындығынан, көркемдік шеберліктен аулақ, атүсті  жасалған шығармалар көбейді. Мұндай сипат әдебиетшілердің айтуынша, белгілі дәрежеде «Жамбыл» фильміне тән болды. Кеңес әдебиеті мен өнерінде  «тартыссыздық теориясы» елеулі зиянын тигізді. Оның рухымен жазылған шығармалар сахнада ұзақ өмір сүре алған жоқ.

Бұл кезде мәдени-ағарту мекемелері әлі де жетіспейтін еді, олардың көпшілігі нашар жабдықталған және білікті мамандармен қамтамасыз етілмеген болатын. Күрделі құрылысқа және мәдени-ағарту мекемелерін жөндеуге қаржы жеткілікті мөлшерде бөлінбеді.

1951 жылдан 1955 жылға дейін республикада 8 жаңа жоғары және 22 арнаулы оқу орны ашылды. Қарағандыда екі жоғары оқу орны - медицина және тау-кен институттары, Семейде малдәрігерлік-зоотехникалық және медицина институттары жұмыс істей бастады. Жаңа жоғары оқу орындарының Ақтөбе медицина /1957 ж, Целиноград ауышшаруашылық /1958 ж) Өскемен құрылыс-жол /1958 ж/ иниституттарының ашылуымен бірге бұрыннан бар жоғары оқу орындары кеңейіп, оларда жаңа факультеттер пайда болды. 1956 жылдан бастап Шымкент технология иниституты құрылыс материалдары кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау және пайдалану жөніндегі инженер-механиктерді даярлай бастады. Қазақ ауыл

шаруашылығы институтында электрлендіру және гидромелиорация мамандықтары бойын¬ша жаңа инженерлік факультеттер мен бөлімдер ашылды.

Қорытып айтқанда, 50-ші жылдар Қазақстан үшін одақтық баланстағы рөлі өскен, индустриялық қуаты артқан, мәдениеті біраз дамыған, сөйтіп экономикасы өрлеу жолына түскен кезең болды.

Осы жылдарда мәдениет саласының материалдық ¬техникалық негізін нығайтуда біраз жұмыстар істелді. Республикада мәдени объектілердің құрылысы жаңа типтік жоба бойынша, мектеп пен мәдени мекемелерінің алдына өмірдің өзі қойған жаңа талаптар ескеріле отырып жүргізілді.

Тоғызыншы және оныншы бесжылдық кезінде жаңа баспалар құрылды. Бұлар: «Қайнар», Қазақ Совет Энциклопедиясы, жастарға арналған «Жалын», «Өнер» баспалары. Республикада жылма-жыл қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей тілдерінде 30 миллиондай дана таралыммен 2 мыңға жуық кітап шығып тұрды. 70-80 жж. бес томдық «Қазақ ССР тарихы», он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», он бір томдық монографиялық жұмыс – «Қазақстанның металлогениясы», тоғыз томдық «Қазақстанның өсімдіктері» және диалектикалық логика жөнінде бірсыпыра іргелі монографиялар жарық көрді. Бір жолғы тиражы 5 миллион данамен 415 газет, ондаған жорнал шығарылды.

Селолық жерлерде 6 мыңнан астам клубтар мен мәдениет сарайлары қызмет көрсетті. Оларда 12 мыңнан астам көрке¬мөнерпаздар ұжымы істеді. Ондаған халық театрлары, ән-би ансамбльдері, қазақ ұлт-аспапты халықтық оркестрлері, халық хорлары құрылды.

Қазақстан селоларында мәдени-бұқаралық жұмыстың мәдениет университетгері мен мектептері, көшпелі өнертану кафедралары, көркемдік шығармашылық бірлестіктер, атеизм автоклубтары және т.б. сол секілді жаңа формалары кеңінен тарады.

Село тұрғындарының тұрмысына телевизия, радио, баспасез, кино бұрынғыдан да көбірек ене бастады. Ауыл мен деревняның, мәдени дәрежесі Қазақстанның село зиялы¬ларының сан және сапа жағынан едәуір өсуімен сипатталды. Орта есеппен бір колхоз бен совхозға 70-ші жылдардың басында 45 жоғары және арнайы орта білімі бар маманнан келді.

1970 жылға қарсы телевизия республиканың барлық облыстарына дерлік енді. Қазақстанда телевизияның 15 программалық орталығы және осынша студиясы, сондай-ақ телевизия бағдарламасын тарататын және қабылдап алып қайта тарататын жүйелер істеді. 4 республикалық және 19 облыстық бағдарламалар арқылы радио хабарлары қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде жүргізілді.

1976 жылдың аяғында республикада 10282 кино қондырғысы болып, олар бір жылда 290 миллион кино көрерменіне қызмет көрсетті. Халық ағарту ісі де бірсыпыра алға басты. Мәселен, республиканың жалпы білім беретін 10154 мектебінде 1970 жылы 3 миллион 140,8 мың бала оқыса, 1977 жылы 9217 мектепте 3 миллион 266,1 мың бала оқыды. 1970 жылы Қазақстанда 46 жоғары және 190 арнаулы орта оқу орны болып, оларда 416 мыңнан астам студент білім алды. Студенттерді 160 мамандық бойынша әзірледі. Республиканың техникумдарында жастар 182 мамандық бойынша оқытылды. 1986 жылы республикада жоғары оқу орын¬дарының саны 55-ке, ал арнаулы орта оқу орындарының саны 246-ға жетті. жоғары оқу орындары мен техникумдарда 550 мыңдай студент оқыды. Республика халқының әрбір 10 мың адамына 160 студенттен келді.XX ғ. 60-80 жж. қазақ әдебиеті 1. Есенберлиннің, Ә. Нұршайықовтың, М. Мақатаевтың, Т. Айбергеновтың, О. Сүлейменовтың, М. Шахановтың, К,. Мырзалиевтің, Ф. Оңғарсынованың, Ә. Кекілбаевтің, О. Бекеевтің және басқалардың шығармалары арқасында елеулі табыстарға жетті. Сазгерлер Ш. Қалдаяқовтың, Л. Хамидидің, Н. Тілендиевтің, Ә. Еспаевтың, І. Жақановтың әндері Қазақстанның музыкалық мәдениетінің алтын қорына кірді. Ә. Қашаубаев негізін салып кеткен ән өнеріндегі игі дәстүрді Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, Ә. Дінішев, Р. Жаманова, Р. Бағланова, Р. Рымбаева т. б. Жалғастырып, байыта түсті. «Ботагөз», «Аққан жұлдыз», «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Бейбарыс сұлтан» кинофильмдері республика кино өнерінің таңдаулы туындылары деп бағаланды. Бірақ экономикадағы тежеу мен тоқырау құбылыстары қоғам өмірінің мәдени салаларына да салқынын тигізбей қоймады.

Соңғы жылдары Әдебиет жөне өнер институтының ғалымдары әзірлеген он томдық «Қазақ өдебиетінің тарихы» жинағының маңызы өте зор болды. Қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын шығару кезінде ғалымдар халықтың ғасырлар бойғы көркемдік мұрасын ұлт азаттығы жолындағы күресімен байланыстырды, оған талдау жасап, кезең-кезеңдерге бөліп көрсетті. Сондай-ак Қазақ әдебиетінің проза жөне поэзия саласында бірсыпыра елеулі шығармалары жарық көрді. Олар: Нұр-Исламның казақ даласындағы шырақшысы болған әйгілі Ақтайлақ бидің адамдық асқақ тұлғасы мен өскен ортасын, заман ауанын шебер кестелеген Қ. Жұмаділовтың «Прометей алауы», Э. Төрехановтың Ескендір Зұлқарнайынның сүйген жары - шығыс аруынын трагедиялық тағдырын арқау еткен «Роксана», А. Егеубаевтың «Құтты Жүсіп», Алаш көсемдерінің көркем бейнесін сомдаған С. Досановтың «Қылбұрау», Төле биден бата алган Қызай биінің қилы тағдырын қызықты баяндағанЖ. Ахмадидің «Есенгелді

би» және «Жарылғап би» романдары жене т. б. Ал поэзия саласында «Қазақтың ақын кыздары» деген атпен республикалық дәрежеде жабық мүшайра жарысы ұйымдастырылды. Мүшайраның әдеби-мәдени шарасы Одақта өткізіліп, нәтижесінде «Гүлдесте» атты кітап дүниеге келді. Оған қазақтың ақын қыздарының жоғары бағаланған өлең-жырлары енді.

Мемлекеттің жаңа кезеңдегі жүргізіп отырған ұлт саясатымен байланысты қазақ тілін қайта түлету, мейлінше көкейкесті проблемаға айналды. 1989 ж. кыркүйектегі «Тіл туралы Заң» және Қазакстан Республикасының Конституциясы бойынша ол мемлекеттік тіл деп жарияланды. Іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру жөнінде жан-жақты шаралар белгіленіп, олар біршама жүзеге асырылды. Қазақстаннын барлық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында қазақ тілінде окыту белімдері ашылды. Мұның өзі ауылдан қазақша оқып келген жастардың ана тілінде тиянақты білім алуына жағдай жасады. 1997 жылы «Тіл туралы» екінші рет Заң кабылданып, Республикада қазақ тілін дамыту аясында жаңа қадам жасалды. Қазірде «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Ол рет-ретімен жүзеге асырылып, нәтижесін бере батады.

Тіл мәселесімен айналысатын арнайы комитеттің құрылуы - мемлекеттің бұл іске ерекше кеңіл бөліп отырғанын дәлелдеді. Тілдер жөніндегі комитет мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жөніндегі жұмысты жүйелі түрде жүргізетін орталыққа айналды. Оның жанынан тілдік орта кұру, мемлекеттік тілді оқытатын мамандарды қайта даярлау, тілдерді окытудың жаңа әдіс-тәсілдерін калыптастыру республикалық орталығы құрылды. Бұл орталық Білім мен ғылым министрлігімен бірлесе отырып, мемлекеттік тілді жеделдетіи оқып-үйренудің бірыңғай жүйесін талдау жасауды жүзеге асыруды қолға алды.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үкіметі тұңғыш рет идеологиялық үктемдіктен бас тартатынын, мәдени-шығармашылық бостандықты жариялап, оны қорғау, өнерге қол жеткізуге көмектесетін жағдаилар туғызу, жариялылықты қамтамасыз ету және шығармашылық қызметкерлерінің жұмысын халыкқа жария ету жөнінде міндеттемелер алды. Міне, осының нәтижесінде экономикалық қиындықтарға қарамастан, республикада мәдениеттің басты ошағы болып саналатын мемлекеттік театрлардың бірде-бірі жабылған жоқ. Қайта жаңадан Көкшетауда қазақтың музыкалык драма театры, Ақтөбеде драма театры, Ақмолада музыкалык драма театры, Батыс Қазақстан облысында Мәдениет институты және Қазақ драма театры, Мәдениет министрлігі жанынан күрделі мәдениет мөселелері бойынша Ғылыми орталық ұйымдастырылды.

Жалпы 2001-2006 жылдар аралығында Қазақстан облыстарында 10 жаңа театрлар, Елордада жаңа екі театр ашылды. Республика сахна өнерінің бет-бейнесін бұл кезеңде 47 театр айқындады. Олардың қатарында екі өзбек және неміс, кәріс, ұйғыр театрлары да бар. Мәдениет және акпарат минстрлігінің басшылығымен Қазақстанның өз ішінде және іргелі халықаралык театр фестивальдерін өткізу үрдіске айналды. 2006 жылы Астанада балет артистерінің I халықаралық конкурсы, Алматыда Орталык Азия елдерінің бірінші халықаралык театр фестивалі өткізілді. Оған Әзербайжаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан, Татарстаннан, Түркіменстаннан тоғыз театр қатысты.

Бұл жылдары өнердегі менеджменттің тиімді үлгісінің өмірге келген жайттары орын алды. Мәселен, Айман Мұсаходжаева «Солистер академиясы» оркестрін ұйымдастырып, бүкіл музыкалык білім беруді қайта кұру жөнінде ұтымды жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде 1998 жылы Астана қаласында тұңғыш рет ұлттық музыка Академиясы құрылды. Алматыда Жәния Әубәкірова музыкалық мектептің негізінде колледж ашты. Елімізде тың тұрпатты бірқатар шығармашылық ұжымдар - 3 симфониялық оркестр, 2 камералық оркестр, қазақтың халық аспаптары оркестрі, хореографиялық ансамбль ұйымдасты. «Гүлдер ансамблі» республикалык мемлекеттік гастрольдік-концерттік бірлестігі», «Республикалык және халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы» қосылу арқылы «Қазақ әуендері ұлттық концерттік бірлестік» акционерлік коғамы құрылды.Қ. Қайсеновтың, С. Бакбергеновтың т. б. майдангер қаламгерлердің шығармашылық мұралары кеңінен насихатталды.

## 1.4. «Мәдениет тілі » ұғымына сипаттама

Бүгінгі күнде тіл мәдениетіне, әлеуметтік тілтаным мен психотілтанымға және қолданбалы тіл білімінің басқа түрлеріне назар аударылып келе жатқаны белгілі. Тіл білімінің соны зерттеулеріне қарайтын болсақ, антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің алдыңғы қатарға шыға бастағанын байқаймыз. Осы орайда соңғы кезде зерттеле бастаған тіл салаларына біршама тоқталсақ.

Айта кетейік, тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. -Жалпы тіл мәдениеті деген ұғымның өзі тілдік норманың үш түрін қамтиды. Атап айтсақ, тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы); этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері); коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениетін қалыптастыруға қажетті лингвистикалық орталықтар қатарына лингвистикалық болжау орталығы жатады. Лингвистикалық алдын ала болжау орталығы дәстүрлі тіл жүйесінің сапалық және сандық бағыттарын кешенді түрде зерттеу міндеттерін, сөз, сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыру мәселесін қарастырады. Сөз мәдениетіне қатысты лингвистикалық экология тіл және сөз мәдениетінің экологиясы деп аталады. Сөз мәдениетінің экологиясына тілдік жағдаят, тілдік сана, тілдік орта, тілдік ортаның тазалығы, сөз қызметіндегі стилистикалық қатынастардың бұзылуы, сөйлеу этикасының мәселелері, сөз мәдениеті және мониторинг, т.б. мәсе-лелер кіреді. Қазіргі уақыт талабына сай әлемдік тіл білімінде тіл мәдениеті «сөйлеудің тиімділік теориясы» деп аталып, әсер ету мен әрекеттестік бағытында зерттелуде.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеу-меттік көзқарасты қалыптастыру, сөз мә-дениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең бас-ты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвис-тикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс – лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.

Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұр-сын-ұлынан бастау алып, Қ.Жұбанов зерт-теу-лерімен өз жалғасын тапқан. Тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде: -«Мә-дениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, т.б. рухани өмір табыстарының жиын-тығы» дейді. Мәдениет туралы түсінікке де әр ғалым әртүрлі анықтама береді. Мәдениеттің өзін екіге бөліп жүрміз: материалдық және рухани мәдениет. Соның ішінде, тіл мәдениеті рухани мәдениетке жатады.

Тіл мәдениеті тілдік тұлғаның тілін ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тән нормалар тілдік тұтынушыны таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын

логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыруға тиіс.

Академик Р.Сыздықова бұл мәселе-дегі ойын «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лекси-калық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қию-ластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» деп сабақтаса, ғалым Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазу-дағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, -сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық» деп жазады.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса -солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Ойымызды әрі қарай жалғас-ты-ратын болсақ, ендігі кезекте пси-хо-тіл-таным, этнотілтаным, әлеуметтік тілтаным тәрізді ұғымдардың мән-жайын зерделеп көрсек.

«ПСИХОТІЛТАНЫМ» – (грек. psyche «жан» + лат. lingua «тіл») – адамның сөйлеу қызметі, оның тіл жүйесімен сәйкестігі туралы кешенді ғылыми пән. Психотілтаным сөйлеудің пайда болу, қалыптасу мен қабылдануы үдерістерін сөйлеушінің психикасы және ақыл-ойымен, сондай-ақ әртүрлі экстратілтанымдық (ең алдымен, әлеуметтік) факторлармен жинақталған адам қызметінің жеке жағдайы ретінде қарастырады. Психотілтаным терминін оның заманауи түсінігінде американдық ғалымдар Ч.Осгуд пен Т.Себеок енгізді. Психотілтанымның негізгі бағыты мәтінді тілтанымдық емес, яғни, сөйлеушінің өзімен, адаммен байланыста талдаумен байланысты көптеген деректерді теориялық ұғыну болып табылады. Психотілтанымда өзіндік ерекшеліктерге ие болатын негізгі мәселелерге мыналар жатады: балалар және жасөспірімдермен сөйлесуді игеру, тілді үйрену (әсіресе шет тілін), тілдік қабілеттіктерді дамыту, сөйлеуді мектепке дейінгілердің ұғынуы және логопедия мәселелері, бұқаралық ақпарат құралдарының сөйлеуге өзара әсері ерекшеліктері, құрылымдық вербалдық (сөздік) қауымдастықтарды оқып үйрену, субъектінің тілді игеруі бойынша психологиялық қызметіне эксперименталдық зерттеулер, инже-нерлік (авиациялық, ғарыштық) психо-логия, сот психологиясы мен қылмыстану (адамдарды олардың сөйлеу төлсипаты бойынша тану), нейро және патопсихология, афазия және орталық-ми сипатындағы және т.б. басқа да ақауларды алдын алу және емдеу.«ЭТНО ТІЛТАНЫМ» (грек. ethnos «халық» lingiustique «тіл туралы ғылым») – тілді халықтың дәстүрлі рухани

мәдениетімен, оның өмірге көзқарасына және объективті шынайылықты қабылдауымен қатыстылықта зерттейтін кешенді пән. Ғылыми сөздіктерге сүйенсек, этнотілтаным тілді адамның ақыл-ойының, ділінің, тұрмыстық және салт-дәстүрлік мінездерінің, әртүрлі түрдегі мифологиялық қабылдаулары белгілері тұрғысында зерттейді.Этнотілтаным этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирас-ты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы. Этнотілтаным – жалпы ғылымға тән дифференция процесінің тіл біліміндегі бір көрінісі іспетті іштей жіктелудің нәтижесінде пайда болған. Тіл білімінің экстротілтаным, психотілтаным, паратілтаным, т.б. салаларымен қатар тұрады. Этнотілтанымдық көзқарас алғаш XIX ғ-дың 2-жартысында В.Гумбольдт, А.А.Потебня зерттеулерінде пайда болды. Бұл сала көп жағдайда этностың шығу тегіне, салт-дәстүріне, сондай-ақ өмір-тіршілігіне қажетті де ерекше орын алатын заттық мәдениеттің қыр-сырына ерекше мән беріп келеді. Этнотілтанымды тілдегі этнографизмдердің немесе тіл мен этнография фактілерінің қосындысы деуге болмайды. Этнотілтанымның қалыптасу процесін, мазмұны мен мақсатын, зерттеу нысанын сол салада істелген жұмыстың ауқымын бағыт-бағдары мен сипатынан пайымдауға болады. Мәселен, үндіеуропалықтар мен үндіеуропа тілдеріне бағышталған -----Т.Гамкралидзе --------мен В.И. Ивановтың («Индоевропейцы и индоевропейские языки», 1977) еңбегінде үндіеуропалықтардың рухани-мәдени ортақтығы олардың тілі негізінде сөз болса, Н.И.Толстой-дың («Этнолингвис-тический словарь славянских древностей», 1996) сөздігінде славян халықтарының жанды тілінде сақталған байырғы мәдениетіне қатысты көнерген сөздері қарастырылады. Ал өткен ғасырда жазылған В.А.Серашевский-дің -еңбегінде түркі халықтарының бірі – сахалардың тілдік болмысы сөз болады. Этнотілтаным тарихындағы күрделі еңбектердің біріне мажарларға қатысты 5 томдық этностық лексиконды жатқызуға болады. Осы орайда қазақ Этнолингвистикасы бойынша Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 4 томдық энциклопедиялық сөздігін атауға болады. Қазақ тіл білімінде -Этнолингвистика мәселелері жеке ғылым саласы ретінде --М.Копыленко-,-- -Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛТАНЫМ туралы айтар болсақ (лат. soci(etos) қоғам, фр. lingua – тіл) тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскен аралығында туып дамыған тіл білімі саласы. Онын негізгі объектісі – тілдің функционалды жағын зерттеу. Қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдык табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджиндер), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм, диглоссия, пиджинделу, креолдену, мультилингвизм

үдерістері. Әлеуметтік лингвистика үшін аса қажетті мәселелердің қатарында тілдің (тілдердің) өмір сүру формасынан туатын тілдік жағдайлар, тіл мен мәдениеттің байланысы, тіл саясаты тағы басқа жатады. Тілдің әлеуметтік табиғатына алғаш көңіл аударған XIX ғасырда П.Лафарг, А.Мейе, А.Соммерфельт, XX ғасырда Прага структурализмі, Женева мектебінің өкілдері тағы басқа анкета арқылы байқау, интервью алу, статистикалык әдіс тағы басқа қолданған.

КСРО-да әлеуметтік зерттеу-лердің негізі XX ғасырдың 20-30 жылдарында салынған (Л.П.Якубинский, В.В.Вино--градов, Б.А.Ларин, В.М.Жирмунский, Е.Д.Поливанов тағы басқа). 60-70 жылдары тіл саясаты мен онын практикалық мәселелерін қазіргі қоғам талабына сай шешудің өзектілігіне, қоғамдық құбылыс ретінде тіл табиғатын тереңірек зерттеу мақсатына байланысты тілдің әлеуметтік мәселелеріне қызығушылық артты. Әлеуметтік тілтаным – тілдің әлеуметтік табиғатына, оның қоғамдағы жұмсалымына, тіл мен мәдениеттің өзара әрекетінің сипатына, тіл сая-саты ерекшелігіне, қостілділіктің түрлі типтерінің болуына, сондай-ақ тілдегі өзіндік өзгерістеріне және оның түрлі нұсқаларына, шартталған әлеуметтік факторларға (тіл тұтынушының жасына, жынысына, біліміне, кәсібіне, қызмет саласына, діни көзқарастарына) және басқаларға байланысты кең ауқымды мәселелелерді зерттейтін тілтанымдық пән. Орыс тіл біліміндегі әлеуметтік тілтанымның негізін -салушы ретінде В.М.Жирмунский, Б.А.Ларин, Е.Д.Поливанов саналады.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану; сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс - лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде Тіл мәдениеті дамиды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда атап көрсетілген мәселелерді әрі қарай да зерттеу арқылы біз оның өзге де қыр-сырын танып білеріміз хақ. Қалай болғанда, тілдің жайын ғылыми негізде зерттеу оның кешенділік сипатын арттырып, мән-мағынасын тереңінен зерделеуге кеңінен жол ашары сөзсіз.

## ТАҚЫРЫП 2. ТЕАТР,ӘДЕБИЕТ,БЕЙНЕЛЕУ,МҮСІН ӨНЕРІ
## 2.1.ТЕАТР ТАРИХЫ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ.ТЕАТР ТҮРЛЕРІ

Дүниежүзілік театр күні 27 наурызда аталады. Суретші, сценарист, режиссер, жарық қоюшы бір сөзбен айтқанда театр өміріне қатысы бар кез келген адам бұл мерекені маңызды әрі мәнді деп санайды.

«Бүкіл әлем – театр, ал ондағы адамдар– актер», - деп У.Шекспир айтқан болатын. Бұл өмірде әрқайсымыз белгілі бір рөл ойнаймыз. Сондықтан да Театр күні – бұл жаһандық ғана емес, ұлттық және діни шекараны білмейтін жалпыға ортақ мереке.

Театр ойын-сауықтың ең көне түрі саналады. «**Театр**» сөзі ежелгі гректің theatron (θέατρον) сөзінен шыққан, «олар қарайтын орын» дегенді білдіреді. Дәстүр бойынша театрда ең танымал екі жанр – комедия және трагедия ойналады, олардың символы театр маскасы саналды.

Театр-рухани байлықтың қайнар көзі екені баршамызға аян.Қазақ тарихында «театр»ұғымы болмаса, қазақ өнерінің белгілі бір деңгейде даму жолы қиынға түсуші еді. Ерекше сағынышпен, асқан махаббаттарымен театрдың әр қойылымын аңсап күтетін қадірлі көрермендерді көргенде көзіміз тоятыны жалған емес. Осындай өнер сүйер қауым үшін театр ұжымы да сапалы қойылымдар қоюға талпынатынына мен сенемін.

Өнерді бар жүрегімен түсініп, құрметтейтін адам үшін театрдың әрбір бұрышы, әрбір қойылым залдарының өзі ыстық болары сөзсіз. Театр өнері бізге не үшін қажет? Көзі ашық, көкірегі ояу адам неге театрға баруға

құштарланып тұрады? Бұл сұрақтардың жауабы айдан анық біліну тұр деп ойлаймын. Театр өнері бізге ең бірінші кезекте көңіл-күй сыйлайды. Көңілкүй дегенде ол міндетті түрде жақсы көңіл-күй болуы міндетті емес. Театр деген-комедия,трагедиядан тұрады емес пе? Театр-өмірде кездесетін жақсылықтарды,қиындықтарды көркем түрде жеткізуге өз үлесін қосады. Өнердің құдыретін түсінетін әр көрермен театрға рухани дамып, демалу үшін

баратыны мен айтпасамда түсінікті. Кейде адам баласы күйбең тіршіліктің қамымен жүріп, рухани дағдарысқа ұшырап жатқанын байқамайда қалады. Сондай кездерде адам баласын рухани түрде дамытуға театрдағы қойылымдар өз көмегін тигізуі ғажап емес. Таяқтың екі ұшы болатынындай, театр өнерінің қадір-қасиетін түсінетін көрермен саны қанша болса, тіпті театрға барып көрмеген,театрдың қадірін білмейтін адамдардың да саны соншалық. Театр ол мәдениет ордасы. Ондағы әртістер- мәдениет тасушылар. Қойылымға барғанда театр мәдениетін сақтамайтын адамдарды көргенде бір «әттеген-ай» деп қалатынымыз жалған емес. Театрда әр адам өзің қалай ұстауы керек деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Менің ойымша ең

бірінші кезекте қойылым барысында әртістерге кедергі келтірмеу үшін ұялы телефонды өшіріп қойған абзал. Бір жағынан өзіңізде бір сергіп қалатын едіңіз. Екінші кезекте, қойылымға кешігіп келу өте ерсі іс. Себебі, сіз өзге көрермендерге кедергі келтіресіз. Театр-мәдени орта болғаннан кейін сырт-киімге де ерекше назар аударған артық болмас. Классикалық киімдер құдды бір театр үшін жаралғандай.

**Театрдың шығу тарихы**

Театр туралы алғашқы жазба біздің дәуірімізге дейінгі 497 жылға жатады. Дәл осы жылы, жазба деректерге қарағанда, Грекияда Дионис құдайына арналған мереке алғаш рет өткізілген. Оны өткізу үшін ағаштан сахналар салынып, онда ақындар, күйшілер мен әншілер көрермендер алдында өнер көрсеткен. Бірнеше жылдан кейін ағаш сахналардың орнына көп деңгейлі көрермендер орындықтарымен қоршалған дөңгелек ареналар пайда болды. Шын мәнінде, мұндай құрылымның дизайны сыртқы түрі бойынша заманауи циркке өте ұқсайды.

Афина театрының тарихы аз ғана көрермендер үшін әуесқойлық қойылым ретінде басталды деп айта аламыз. Бастапқыда тек трагедиялар қойылса, кейін комедиялар көрсетіле бастады. Бір қызығы, пьесалар, әдетте, бір рет қана көрсетілді. Бұл авторларды өзекті, қызықты шығармалар жасауға ынталандырды. Драматург пьеса жазып қана қойған жоқ, ол спектакльдің толыққанды қатысушысы болды, режиссер, композитор, балетмейстер, тіпті актер рөлдерін сомдады.

Бірақ хорег (хор жетекшісі) болу үшін үлкен талант қажет емес еді. Оларға тек ақша мен мемлекеттік қызметкерлермен байланыс қажет болды. Хорегтің негізгі міндеті – есептерді төлеу, толық қаржылық қолдау көрсету және театрды қолдау болды. Ол заманда бәйге болатын, хоре де, ақын да, бас кейіпкер де жеңген. Жеңімпаздарға шырмауық тағылып, сыйлықтар табыс етілді. Жеңіс қазылар алқасының шешімімен оларға берілді.

Грек театрында шатыр жоқ, көрермендер мен актерлер, шын мәнінде, көшеде жиналды. Ежелгі театрлардың көлемі өте үлкен, олар 17 мыңнан 44 мың адамға дейін сиятын. Алдымен көрермендерді отырғызу үшін ағаш платформалар пайдаланылды, содан кейін театр үшін табиғи тастан жасалған орындықтар салынды.

55 жылдары Римде алғашқы тас театры салынды, оның сахнасында әртістер өнер көрсетті, өлеңдер айтып, шағын пьесаларды, ежелгі грек аңыздары мен аңыздарын қойды.

Ал кейбір деректерде алғашқы театр қойылымы біздің заманымызға дейінгі 2500 жылдары қойылғанын жазады. Алғашқы театрландырылған

ойын Египетте өтті, сюжеті Египет мифологиясының бейнесі – Осирис құдайының хикаясы. Бұл театр мен дін арасындағы ұзақ және берік байланыстың бастауы болды.

Ол кезде қойылымды бай адамдар ғана тамашалай алатын. Әртістердің рөлге үйренгені сонша, сахнада өлуге дайын еді. Бастапқыда тек трагедиялар қойылса, кейін комедиялық қойылымдар сахнаға шыға бастады. Спектакль бір рет көрсетілді. Драматург тек автор мен режиссер ғана емес, сонымен бірге оқиғаның тікелей қатысушысы болатын.

Театр (грек. theatron – ойын-сауық орны; ойын-сауық) – сахналық өнердің өмір көріністерін драмалық әрекет арқылы көрермендердің көз алдында актерлер күшімен бейнелейтін бір түрі; ойын-сауық немесе спектакль; түрлі сахналық ойын-сауықтар, сонымен қатар жалпы мәдени шаралар өткізілетін орын-жай.

Қазақ театры десе, қара шаңырақ Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры бірден есіме сап ете қалады. Себебі,қазақ театрының бастауы,нағыз қайнар көзі осы М.Әуезов атындағы театрынан басталған десем артық айтқаным емес. Сонау XX ғасырдың 20 жылдарында дәлірек айтсақ 1926 жылы негізі қаланған бұл театрдың тарихы тереңде жатқаны сөзсіз.

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар!

-деген Абай атамыздың осы бір өлең жолдарымен бастау алған Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасы Ғабит Мүсірепов атындағы театрда көрермен назарына ұсынылып, ерекше сый-құрметке бөленуі қазақ театр өнерінің деңгейін көрсетіп тұрғаны анық. Әртістердің сахнағы шығуы,өз өнерлерін көрсетуі,қойылым аяқталғаннан кейін көрерменнің ыстық махаббатына ештене жетпесі анық. Театр өнері осы қырымен ерекшеленеді. Қазақ театр өнері өз ісінің нағыз шебер майталмандарын дайындап шыққанына еш күмән жоқ. Себебі, сондай мықты майталмандарлың қойып жатқан қойылымы арқылы театр өнерінің деңгейі біршама өсіп жатыр. Осы театр өнері арқылы жаңа өмірге қадам басып жатқан адамдарға, қалың бұқара халыққа рухани құндылық жағынан үлкен көмек беруге мүмкіндік бар.

Қорытындылай келе айтатын болсақ, театр өнері сонау қылышынан қан тамған заманда да елеусіз қалған жоқ. Керісінше күннен-күнге дами түсті. Демек, театр өнері сіз бен біздей жанашыр көрермендері барда ешқашан өлмейтіні анық. Қазіргі XXI ғасыр ақпараттық технологиялар заманында

ұлттық құндылықтарымызды,рухани байлығымызды сақтап қалу әрине оңай емес. Дегенмен де, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, тіліміздің мәртебесін көтеруге тырысайық. Бұл жолда театр өнерінің қосатын үлесі орасан зор.

**Театр түрлері**

Драмада оқиға тартыс, не тартыстар желісіне жинақталып, кейіпкерлер әрекеті арқылы дамиды. Драмалық шығарма театрға арналып жазылады да, сахнада нағыз көркемдік қуатына ие болады. Драма бастапқы кезде хор, диалог, би, айтыс, пантомимомен аралас болып, синтетикалық өнер саласы ретінде дамыған. Кейін драма сөз өнерінің жеке тегі ретінде дараланды, оның трагедия, драма, комедия, мистерия, миракль, моралите, мелодрама, фарс, водевиль, трагикомедия, т.б. жанрлары қалыптасты.

Қуыршақ театры – қуыршақтар арқылы сахналық ойын көрсететін театрдың бір түрі. Қуыршақты актер қимылға келтіріп, оның сөзін көбінесе өзі, кейде көркемсөз оқушы айтып тұрады.

Би — музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер түрі.

Театр — сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз кішкене ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып, қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп-өнген. Ана жатырында баланың бітуі сияқты сәті келген сағатта тіршілік белгісін бастап, тоғыз-тоқсан құбылып, ащы толғақ, ауыр азап ішінде туады. Олай болса, әрбір өнердің иесі болған ел сол өнерді туғызып өсірген анасы есебінде. Әрбір өнер өзінің туып-өсу жолында, анайы топырағы сияқты болған еліне міндетті. Ел тіршілігінің өткен күні сол өнердің бойы өсуіне қажет болған шарттың барлығын берген болады. Сондықтан елдің өз денесінен жаралған өнер әуелгі кезінде, өз елінің әдет-салтын, ұғым-нанымын, мақсұт-тілегін өзгеден бөлек пішінде, сол елдің өзіне ғана хас болған суретте қабылдайтын болған. Бұл хәлден тысқары жолмен өскен ешбір ел жоқ. Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды.

Бүгінгі күнде қазақ елі бір туыстың үстіне жетіпті. Қазақтың театры туатын мезгіл болды деген пікірге келіппіз. «Өзімізден бірдеме жасалса екен», — деген тілекті де тілейтін болдық. Сондықтан біз жаңағы айтылған жалпы сөзді екі салаға бөліп, соның екі тарауына да ойланып қарап, көз салуымыз керек.

Жоғарғы айтқан жалпы пікірдің ішінде әрбір жұрттың өнері әуелі әр елдің тіршілік қалпындағы белгілі шарттарынан туады. Әуелгі туысында ұлт өнері болып туады дедік. Бұл хәлдің анығын білу үшін қазірде біз көтеріп отырған театр мәселесі өнерлі елдердің өмірінде қандай сатыдан өтті, театрдың өсіп-өрбіген тарихы не айтады. Соның тәжірибесі біздей елге қандай сыбаға ұсынады, соған көз салу керек. Мәселенің екінші жағы қазақ елінің өз қалпында театрға арналған қандай ұрық, қандайлық мүмкіндік бар, соны тексеруге арналу керек.

## 2.2.ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ,ЖАНРЛАРЫ,ТҮРЛЕРІ,ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР ТҮРЛЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Әдебиет (араб.: асыл сөз) — сөз өнері, әлеуметтік мәні бар шығармалар жиынтығы.

Мазмұнына қарай саяси, ғылыми, техникалық, көркем әдебиет болып бөлінеді. Әдебиет атауы көбінесе, көркем әдебиет мағынасында қолданылады. Ахмет Байтұрсынұлы оған: «Бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері», «Сөз өнері» деп баға берген. Әдебиет — жалпы өнердің бір саласы. Бірақ, әдебиет қоғамдық сананың ерекше түрі есебінде шындықты логикалық ойлау жүйесімен емес, көркем тіл арқылы, сөз өнерінің күшімен суреттелуді талап етеді. Көркем бейненің сыртқы сұлбасымен бірге ішкі мазмұнын, сырын оқырман тұшынып сезіне алатындай етіп ашады, адамның жан дүниесі мен ішкі сезім байлығын көзге елестету арқылы қоғамдық санаға әсер етеді. Оның «Өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «Өнердің ең жоғарғы түрі» (В. Белинский) болатыны да осыдан. Қазақ та «Өнер алды — қызыл тіл» деп тегін айтпаған.

Әдебиеттің суреттейтіні — адам. Оны жалпылай емес, нақты, тұлға (образ) дәрежесіне көтере даралап көрсетеді. Адам қашан да бір ортада өмір сүреді, еңбек етеді, сол ортада өзін жан-жақты таныта, көрсете біледі. Сондықтан әдебиет адамды «қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы» (Карл Маркс) ретінде, өз ортасының шындығымен жан-жақты байланыста бейнелейді. Дара тұлға айналасындағы тіршілікпен тұтастықта ашылады.

Адам бейнесін жасауда жеке бір адамға тән мінез-құлықты да, көпке ортақ сипаттарды да жинақтау тәжірибесі пайдаланылады. Типтік бейне қашан да жинақтау жолымен жасалады.

Өмірде сирек ұшырасатын не жиі кездесетін деректердің қайсысы болса да типтік бола алады. Ең бастысы — шындықтың адам табиғатына сиымдылығы және нанымдылығы. Сондықтан да әдебиет нақты адаммен бірге сол адам өмір сүрген дәуірдің шежіресі, көркем тарихы болып табылады. Қазақ әдебиетінің тарихы — белгілі мөлшерде қазақ халқының

тарихы да, онда халық бастан кешкен әрқилы дәуірлер мен оның адамдарының бейнесі жасалған, ой-арманы бейнеленген. Осының бәрін көркемдікпен суреттеп танытуда әдебиет тілінің маңызы үлкен. Ол — жазушылық шеберліктің негізгі. «Әдебиетші… — қаламымен ғана жазбайды, сөзбен сурет салады, адамды бір қалыпта ғана суретке түсіретін сурет өнері сияқты емес, үнемі қозғалыс, әрекет үстінде, таусылмайтын кездесулер мен қақтығыстардың жағдайында… суреттейді» (М. Горький). Әдебиет адамның өмір тануына, оның эстет. ұғым-түсінігін, сезімін байытуға қызмет етеді. Оның тәрбиелік мәні зор, жарқын жасалған жақсы тұлғаларға оқырман елігеді, оған ұқсауға тырысады. Халық өмірінің жан-жақты бейнеленген суреті мен оның көрнекті өкілдерінің бейнесін жасаған, азаттық, тәуелсіздік жолындағы арман-тілегін суреттеген әдебиет халықтық болып саналады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын да оның халықтық сипаты белгілейді. Өмірді тану мен оны көркем бейнелеудің ғасырлар бойғы тәжірибесі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін туғызған. Ол тегі жағынан эпос, лирика, драма болып бөлінеді. Олардың әрқайсысы іштей бірнеше түрден (жанрдан) тұрады. Шындықты танып, көркем бейнелеудің әдісі де әртүрлі. Олар белгілі бір дәуірдің өзгешеліктерінен туады. Әлем әдебиеті классицизм, романтизм, реализм сияқты шығармашылық әдістерді басынан өткерген. Солардың ішінде шындықты шынайы бейнелеуі, өмір құбылыстарын нақты адам тағдырына байланыстырып терең ашуы жағынан реалистік өнер әдебиет дамуының ең биік сатысы саналады.

Әдебиет — ұлттық категория. Ол алдымен ұлттық түрде, сол халықтың дәстүрлері мен тарихи дамуының ерекшеліктері негізінде жасалады. «Әдебиеттің мазмұнын оның халқының өмірі береді» деген В. Г. Белинский. Көркемдік ізденісте ол әлем әдебиетінің озық үлгілерінің тәжрибесін пайдаланады. Оның дәстүрмен байланысы, жаңашылдығының да сыры осында. Сөйтіп, әр халықтың өзіндік әдебиетінің үлгісі жалпы адамзатқа ортақ мұраны құрайды. Әдебиет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті болып бөлінеді. Қазақ әдебиетінің көшпелі дәстүрде туған, ауызша шығарылып, халық жадында сақталған әдебиеттің тарихи зор саласы — ауыз әдебиеті (фольклор). Оның түрлері де сол шыққан дәуірі мен жанрлық ерекшеліктерінен туындайды. Оларда тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөз өнері, айтыс, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, эпостың түрлері (батырлық, ғашықтық, дастандар түрінде), тарихи жырлар кең дамыған. Олар өз кезіндегі қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесін анық танытады. Жазба әдебиет (тарихи әдебиет) қазақтың ұлт болып құралып, мемл-тігінің тууына байланысты өркендеген. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігінің суреттері мен дербес болуының идеясы жырланған. Елді осы жолда бірлікке шақыру, көрші

елдердің отаршылдық саясатына қарсылық кең көрінеді. Ал, қазақтың дүн. жүз. дамуындағы орнын түсініп, Әдебиет арқылы ағартушылық, демократиялық көзқарасты насихаттау XIX ғ-дың екінші жартысында Абайдың, Ыбырай Алтынсариннің, Шоқан Уәлихановтың шығармаларында көрініс тапқан. Осы тұстан бастап, Әдебиет халық өмірінің қайшылықтарын көркем бейнелеген қуатты құралға айналды. XX ғ-дың басында Ресей отаршылдығының астында езілген халықтың жан ашуын Ахмет Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Торайғыров т. б. батылдықпен көтеріп, ағартушылық, демократиялық әдебиет дәстүрін тәуелсіздік жолындағы күрес идеясымен ұштастырды. XX ғ-да, кеңестік дәуірдің қайшылықты саясатына қарамастан, қазақ әдебиеті Еуропа әдебиетінің жанрлық түрлерін игеріп, шын мағынасындағы көркемдік биігіне көтерілді. Оның озық үлгілері әлемдік деңгейде танылды.

Қазақ әдебиетінің бұл тұстағы табыстары Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтің, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Тайыр Жароковтың, Ғали Ормановтың, Қасым Аманжоловтың, Әбділда Тәжібаевтың, Жұбан Молдағалиевтің, Сырбай Мәуленовтің, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, Тахауи Ахтановтың, Олжас Сүлейменовтың, Әбіш Кекілбаевтың, Мұхтар Мағауиннің, Сәкен Жүнісовтің, Шерхан Мұртазаның, Тұманбай Молдағалиевтің, Қадір Мырза Әлінің т. б. шығармашылық өнерімен байланысты. Заманның қайшылықты сипаты да, әдебиет дамуының қиыншылықтары да осылардың өмірі мен еңбегінен көрінді. Әдеби жанрлар (фр. genre - түр, тек, жанр) – ауызша және жазбаша шығармалардың көркем даму процесінде қалыптасады. Шығарма жанры дәстүрлі түрде мынадай негізгі белгісі бойынша анықталады - бір жанрдағы шығармаларды біріктіретін және айтарлықтай тұрақты, әрі тарихи қайталанатын сипаттағы мазмұнына, құрылысы мен түріне қарай.

Көркем шығарманы кеңінен танып білу жанрлар сериясын тудырады. Атап айтар болсақ, тарихи, отбасылық-тұрмыстық, детективтік, ғылыми-фантастикалық және т.б. келтіруге болады. Мұның барлығы көркем шығарманы кеңінен таңып білудің жемісі. Шығарманың танымдық мазмұны көбінесе романның, повестің және әңгіменің немесе пьеса мен көріністің, өлеңнің жеке немесе топтық портреттің жанрлық ерекшеліктерін айқындайды. Суреткердің идеялық-психологиялық бағалау ұстанымы апологиялық және сырттай объективті, ирониялық болуы мүмкін болғандықтан, бірқатар жанр түрлері туындайды. Оларға тоқталар болсақ, әдебиеттегі ода – баллада – эпиграмма – памфлет осының нәтижесі. Сонымен

қатар, олардың әрқайсысында өнердің басқа түрлеріне қарағанда жанрлық мүшелену қатынасында өзгешелік бар, яғни өнердің түрі (мысалы, фольклорлық поэзия және әдебиет, поэзия және проза) мен тегіне (мысалы, әдебиеттегі эпос, лирика, драма) қарай бөлінісінде. Көркем шығарма дифференциясындағы олардың қарым-қатынасын зерделеу тұйыққа тірелуде.
Өйткені, «Жанр», «Түр», «Тек», «Әр түрлілік» терминдері осыған байланысты нақты анықтамасын тапқан жоқ. Осының салдарынан, оларды қолданыста бірінің орнына бірін пайдалану жалғасуда. Лирикалық формалардан өлеңді, өзара тақырыптық ерекшеліктері мен көтерген мпәселелері бойынша байланысты өлең циклдерін – лирикалық поэманы байқауға болады. Сонымен қатар, көптеген ұлттың төл әдебиеттерінде әртүрлі өлең үлгілері туындады. Айталық, өлеңдік-строфикалық формасы. Олардың кебіреулері ұлт әдебиетінің шегінен шығып, халықаралық дәрежеде мойындалды. Бұған мысалдар легін келтіруге болады: эллегия, сонет, ертегі, өлең, поэма, эпопея (бұған әрине мысал мен балладаны қосуға болады), повесть, әңгіме, пьесаның түрлері және ақ өлең үлгілері осының дәлелі. Бұл формалардың әр түрі әр дәуірде өмір сүрген әрі әр бағыттағы жазушылардың шығармаларында әртүрлі жанрлық мазмұнды білдіреді. Эпос, лирика, драманың тектері, атаулары әртүрлі болғанымен бір-біріне жақын болуы мүмкін.

Жауынгерлердің ұлтты азат ету мақсатындағы төңкеріс қозғалыстарын туындатуы түрлі жанрларда лирикалық шығармалардың кеңінен таралып, дамуына ықпал етті. Ұлтттық-тарихи лирика жетекші маңызға ие болды. Ол басқыншы жаулап алушылардың құрсауынан босануды аңсаған халықтың, бүтін бір ұлттың демократиялық ұмтылысын білдірді. Билік тізгінінен босануды аңсаған халықтың арман-мұратын көркем сөзбен өрді. Еуропа лирикасының «этологиялық» тенденциясы саяси сатирада ғана көрінген жоқ. Әлемнің көптеген елдерінде идиллиялық немесе элегиялық сарындағы «этологиялық» мотивтер туындады. Олар тәкаппар, рухани азғынданған, бұзылған қоғамның жоғарғы табының өкілдеріне табиғат аясындағы тыныш та бейқам, еркін де қарапайым өмірді қарсы қоя білді.

Еуропа халықтарының лирикалық шығармаларында суреттеу, бейнелеу, табиғат лирикасы алдыңғы орынға қойылған. Әдетте, табиғатты суреттейтін өлеңдер идеялық-эмоциалдық байытылған, лирикалық көңіл-күйде болды. Сонымен қатар, табиғат лирикасы ұлттық-тарихи және «этологиялық» өзінің мазмұнының жанрлық аспектісі бойынша романдық болуы да мүмкін. Әрине, бұнымен қоса эпос пен драматургиядағы сияқты лирикада жанрлық мазмұнның әртүрлі аспектілері өзара өткелсіз шекара арқылы бөлінбеген. Бір өлеңде олар ауыса алады. Демек, жанр тобына бөлу

принципі әдебиеттің барлық үш тегіне де ортақ. Яғни, әдебиеттану ғылымының тектері - эпос, лирика драма өзара жанрлық принципке бөліне алады деген сөз. Осы тұста мынадай қорытындыға келуге болады: жанр - шығарма мазмұнының түрлі қыры болып табылады. Жанрлар (жанр мазмұнының ерекшелігі) - әр жеке тектің шегіндегі логикалық бөлінген түрлер емес, көркем шығарманы тек пен жанрға бөлу «бір логикалық кеңістікте» емес, әр «кеңістікте» түрліше себептерге байланысты туындайды.

Әдебиет пен өнер байланысы

Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материялдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің:

- көркем әдебиет,
- -музыка,
- -мүсін,
- -кескіндеме,
- -театр,
- -кино,
- -би,
- -сәулет өнері, т.б. түрлері бар.
- Ал қазақтың алғаш ғалымдарыңың бірі А. Байтұрсынұлының айтуынша өнердің 5 түрі бар. Олар: сәулет өнері - архитектура, сымбат өнері - скульптура, кескін өнері – живопсиь, әнсалу, күй тарту өнері – музыка

Өнердің қызметін, қоғамдық сананың, адам танымының айрықша формасы ретіндегі ерекшелігін айқындайтын белгілі бір анықтама беру немесе оның адам өміріндегі маңызы мен мәнін анықтау жайлы тартыстар бүкіл мәдениет тарихында тоқталған жоқ. Өнер жайлы: “табиғатқа еліктеу”, “Құдайды тану”, “шындықты бейнелеу”, “сезім тілі”, т.б. анықтамалар берілді. Көптеген теорияшылар өнердің күрделілігі мен санқырлылығына сай оның мән-

маңызын тек танымдық немесе идеялдық, яки эстетикалық деп біржақты қарастырушылар да болды. Осындай көзқарастарға қанағаттанбай өнертанушылар өнердің бойында таным да, шындықты көре білу де, жасампаздық та, көркем бейне де, рәміз сияқты көптеген мәселелер келісті үйлесімде, тығыз қарым-қатынаста деген тоқтамға келді. Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердіңқуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғаныстқа әкеледі, эстетикалық ләззатқа бөлейді. Ол ерекше көркем образды рәміздер жүйесі арқылы, айрықша көркем тіл ретінде көрініп, адамдардың санасына жол табады. Адамның көркем шығармашылдық әрекеті сан алуан қалыпта дамып, ол өнердің түрлері, тектері, жанрларыретінде таратылады. Өнер теориясы бойынша көркем шығармаға негіз болған матерялдық арқауына байланысты өнер түрлерінің негізгі үш тобы туындайды:

1) мекендік немесе пластикалдық (кескіндеме, мүсін, графика, көркем фото, архитектура, т.б.) яғни, көркем бейнені кеңістікте түзетін өнер түрлері,

2) мезгілдік (сөз және музыка өнері), яғни көркем бейнелерді уақыт кеңістігінде құратын өнер түрлері.

3) мекенді-мезгілдік (би, актерлік өнер және осыған негізделген аралас түрлер – театр, кино, телевизия, эстрада, цирк, т.б.), яғни көркем бейнені белгілі бір уақыт кеңістікте түзетін өнер түрлері.

Сөз өнері іштей – жазба әдебиет, ауыз әдебиеті болып бөлінсе, музыкылдық өнер – вокалдық, аспаптық музыка түрлеріне бөлінеді. Сахналық өнер – драмалық, музыкалдық, қуыршақ, эстрада, цирк, т.б. болып жіктеледі. Ауыз әдебиеті – эпос, лирика, драма сияқты тектерге бөлінуімен қатар, бейнелеу өнері – портрет,пейзаж, натюрморт, сахна өнері, комедия, трагедия, водевил, т.б. жанрларға бөлінеді. Өнер, жалпы алғанда, әлемді игерудің тарихи қалыптасқан көркем әдісі ретінде өзіне тән ерекшеліктер мен өзіндік сипатқа ие. Өнердің эстетикалық қызметі арқылы танымдық табиғаты мен тәрбиелік сипаты айқындалады. Әрбір тарихи кезеңнің, сондай-ақ әрбір халықтың өзіне тән эстетикалдық талап, талғамдары болады. “Өнер алды – қызыл тіл” деген қазақ мәдениетінде сөз өнерінің орны ерекше болған. Қазақ фольклорының шағын жанрлары – мақал-мәтел, жұмбақ, лирикалдық ән-өлеңдер, билер институты тудырған шешендік сөздер табиғатының эстетикалдық сипаты басым. Халық музыкасында қалыптасқан әншілік, күйшілік дәстүрлердің де өзіндік болмысы анық. Кең тынысты лирикалдық

әндер арқылы халық өзінің ішкі сезімдерін сыртқа шығарған болса, күмбірлеген күй арқылы өздерінің эстетикалдық әр филосиялдық ой-толғамдарын жеткізіп отырған. Осы белгісіне орай өнерді әрі эстетикалдық, әрі этникалдық құбылыс ретінде қарастыруға да болады. Халық мұрасы тұсында оның этникалдық арқауы басым болса, кәсіби өнерге келгенде эстетикалдық сипаты үстем. Өнер туындылары арқылы өмір шындығын көрсетудің әр түрлі тарихи кезеңдерге тән өзіндік көріністері бар. Соларды саралай отырып, адамзат баласының көркем қиялмен ойлау жүйесінің даму, жетілу жолдарын аңғарады.

## 2.3.БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Бейнелеу өнері (ағылш. Visual arts) — дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы.

Бейнелеу өнеріне негізінен кескіндеме мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан шартты түрде оларды да Бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Сондай-ақ, театр, кино, теледидардағы безендіруді, көркем дизайнды да Бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда Бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке, композиция, ырғақ жатады. Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс тән. Бейнелеу өнерінің әр жанры қоршаған әлемнің бейнесін түрліше береді: кескіндеме түрлі түрлі-түсті бояуды, графика түрлі сызықтардың қиылысуын, көлеңке мен жарықтың астасуын, мүсін пластикалық үш өлшемді (биіктік, ендік және аумақтық) пайдаланады. Бейнелеу өнерінің барлық жанрындағы шығармалары мазмұнына қарай монументальді-сәндік және қондырмалы болып екіге бөлінеді. Қондырмалы шығармалар негізінен музейлер, галереялар немесе үй интерьерлерін безендіріп, сол жерлерде орналасады. Монументальді кескіндеме ғимараттардың ішкі

қабырғаларында, интерьерде және экстерьерде жазылады. Монументальді мүсін архит. кешендерде, қала көшелері мен алаңдарда, мекеме ғимараттарының қасбеті мен интерьерлерінде орналасады. Шығыс және батыс Бейнелеу өнеріне тарихи даму процесі барысында қалыптасқан портрет, пейзаж, натюрморт сияқты жанрлар ортақ.

Қазақ бейнелеу өнері — көркем кескіндеме, мүсіндеме, графика, сән және қолданбалы өнер салаларын қамтитын, ұлттық дүниетанымға негізделген көркем өнер. Қазақ Бейнелеу Өнерінің бұқаралық ең ежелгі түрі – халықтың қолөнері болып табылады.

Әдебиет пен музыкаға қарағанда, кәсіби 'Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму жолы өте күрделі болды. Оның бастауында этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов тұрды. Кейінгі зерттеулер Шоқан туындыларынан (әсіресе, графикалық суреттері), “Потанин”, “Тезек төре”, т.б. портреттік жұмыстарынан оның кәсіби суретшілерге тән шеберлігі байқалатынын анықтады. Шоқанның қас-қағым сәтте салған графикалық долбар суреттері қайта өрлеу дәуірі өкілдері (Леонардо Да Винчи, Рафаэль Санти) шығармаларымен сабақтасып жатыр (“Аға сұлтан портреті”, “Бақсы”, “Қазақ музыканттары”, “Шығыс ұйғырларының киімі”, т.б.). Шоқан Қазақ Бейнелеу Өнерінің графикалық саласында ғана емес, сонымен қоса, кескіндеме саласында да жоғары шеберлікке жеткен (“Алатау көрінісі”, “Жатақ”). Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіпқой шеберлерін даярлайтын студия 1920 жылы ұйымдастырылып, онда Н.Г. Хлудов, Н.Антонов және мүсінші А.С. Пономарев сабақ берді.

Бейнелеу өнері тарихы адамзат тарихымен қатар басталған. Көне дәуірден біздің заманымызға дейінгі жер бетінде болған небір өркениет пен мәдениеттің іздері осы өнер арқылы таңбаланып, бізге жеткен. Бейнелеу өнерінің даму жолы шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: алғашқы қауымдық өнер, ежелгі дәуір өнері, орта ғасыр өнері, қайта өркендеу дәуірі, жаңа дәуір өнері, қазіргі заманғы өнер. Жер шарының әр аймағындағы ежелгі адамдар тұрағынан Бейнелеу өнерінің алғашқы үлгілері табылған. [Альтамир (Испания), Ласко (Франция), Кимберли (Австралия) үңгірлері]. Қазақстан аумағындағы алғашқы қауымдық өнердің ірі-ірі кешенді түрлері Тамғалыда, Ертіс аңғарында, Орталық Қазақстанда сақталған.

Ежелгі дәуір өнерінің ірі орталығы — Алдыңғы Азиядағы Тигр мен Евфрат өзендерінің аралығы. Б.з.б. 3 — 1 мыңжылдықтарда мұнда шумерліктер мен аккадтықтар мәдениеті, кейінірек Бабыл, Миттани және Ассирия мемлекеттері мәдениеті өркендеді. Мүсін және кескіндеме туындыларымен көркемделген сарайлар мен ғибадатханалар маңызды рөл атқарады. Шумерліктер табынатын биік сатылы мұнара-зиккурат, “құдай үйі”, басқа да

көптеген ескерткіштер дүниеге келді. Аккад патшалығы кезеңіндегі Бейнелеу өнерінің үздік үлгісі — 2 метрлік қызыл қыштан жасалған Нарамсин патшаның жеңіс тұғырындағы әскердің тауға көтеріліп бара жатқан сәті қозғалыс пен кеңістікте бейнеленген. Шумерлер мен аккадтықтар мәдениетін біріктірген Бабыл мәдениеті үлкен жетістіктерге жетті. Патша Хаммурапидің (б.з.б. 1792 — 50 ж.) заңдар жинағын оқып тұрған сәті ерекше көріністе бейнеленген. Патшаның құдаймен байланысы, патша билігінің жаратушының тікелей қолдауымен болып отырғанын символды түрде бейнелеп көрсеткен. Ассирия өнері барлық көнешығыстық мәдениеттердегідей дінмен өте тығыз байланыстылығына қарамастан мейлінше зайырлы сипатта болды. Ашшурбанипал патша (б.з.б. 668 — 26 ж.) тұсында кемелдікке жеткен рельефтер патшаның ерлік істерін, аңшылық салтанатының көріністерін бейнелеген суреттерден тұрады. Ашшурбанипалдың Ниневиядағы сарайындағы рельефтер көркемдік қуатымен, ықшамдылығымен, динамикалық ырғағымен, шиеленіскен драмалық мазмұнымен әлемдік Бейнелеу өнерінің үздік шығармалары қатарында саналады. Бабыл патшалығының өнері Вавилондағы Навуходоносор II сарайларының зәулімдігі және сән-салтанатымен әйгілі. Онда атақты ассирия патшайымы Семирамида салдырған әйгілі "аспалы бақтар", қабырғалары арыстандардың, жабайы бұқалардың, фантастикалық жануарлардың қаракөк фонға ашық ақ, сары түспен қашалған ғажайып суреттері бар әйгілі "Иштар қақпалары" болған. Бейнелеу өнері Ежелгі Мысырда да (б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңы б.з.б. 341) қарқынды дамыды. Ол дінмен, құдай дәрежесінде дәріптелген перғауындарға табыну ғұрпымен өте тығыз байланысты болды.

Ежелгі Мысыр мәдениетінің классикалық, канондық үлгілері — адам тұлғасының тегістіктегі мүсіндері, монументальділігімен, сымбаттылығымен, зәулімділігімен таң қалдыратын Гизадағы пирамидалар, Карнак, Луксордағы ғибадатханалар кешені, т.б. Ежелгі Мысырдың Бейнелеу өнері әлемдік мәдениетке қосылған ірі үлес болып табылады. Эгей мәдениеті (б.з.б. 3000 — 1200 ж.) Жерорта т-нің шығыс бөлігінде, Эгей т-нің жағалаулары мен аралдарында өркендеді. Оның негізгі орталықтары Крит, Киклада аралдары, Микен, Пилос және Тиринф қ-лары болды. Крит-Микен мәдениетінің маңызды сәулет ескерткіші — әйгілі Кносс сарайы Б. ө-нің түрлі жанрын бойына тоғыстырған туынды. Бояуға бай, түрлі түсті суреттер фрескаларымен сарайлардың, қоғамдық ғимараттардың және үйлердің қабырғалары безендірілген. Кносс сарайының фрескалары арасынан криттіктердің шаруашылық өмірінде, діни және мифологиялық түсініктерінде маңызды рөл атқарған бұқаның бейнесі ("Акробаттар мен

бұқа” фрескасы) ерекшеленеді. Сондай-ақ, оның тамаша фрескалары қатарында “Көгілдір киім киген әйелдер”, “Көк түсті дельфиндер мен түрлі-түсті балықтар”, “Абыз-балық”, т.б. бар. Микеннің қабырғаға салынған суреттері де криттік Б. ө-мен ұқсас. Бірақ онда схемашылдық, шарттылық басым. Ежелгі Грекияның Б. ө. Эгей мәдениетінің бай дәстүрлерін жалғастырды. Ол гомерлік кезең, ежелгі өнер кезеңі классика және эллинизм кезеңдері болып бөлінеді. Ежелгі Грекия мәдениеті өзінің даму кезеңін көне грек қала-полистерінің өркендеген кезінде, құлиеленушілік демократия дәуірінде (б.з.б. 5—4 ғ-ларда) басынан кешірді. Грек шеберлерінің шығармашылығы мифологиялық түсініктерге негізделеді. Олар сонымен қатар, болмыс шындығына, дүние-әлемнің үйлесімділігіне деген терең пайымдарға адамның тәни және рухани кемелденуі турасындағы идеяларымен де құнды. Әлемнің үйлесімділігінің өлшемі ретіндегі адам Ежелгі Грекиядағы Б. ө-нің барлық саласына ортақ сарын. Көне грек мәдениетінің гуманистік бастаулары түрлі дәуірлердегі Еуропа Б. ө-не өте ықпалды фактор ретінде әсер етті.

Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Бейнелеу өнерінің тарихымен, сан - салалы тармақтарымен таныстыруда бейнелеу өнерінің түрлеріне тоқталудың орны ерекше. Атап айтқанда графика, живопись, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, сәулет өнері.

Графика - қағаз, картон бетіне қарындаш, қаламұш, көмір, тушь арқылы орындалатын бір түсті сурет.

Живопись - қағаз, картон, кенеп бетіне әр түрлі бояумен орындалатын шығарма.

Мүсін - Әр түрлі материалдармен дөңгелек көлемді кеңістікте сомдалатын көркем шығарма.(саз, ермексаз, гипс, ағаш, қола, темір, т. б.)

Сәндік қолданбалы өнер - халық тұрмысында кеңінен қолданатын түрлі - түрлі көп өнер. Әрбір халықтың өзіндік тарихымен байланысты өнер.

Сәулет өнері – үйлер, ғимараттар, көшелер жобалау және оны жасау өнері.

Бейнелеу өнері түрлері оны орындау тәсіліне байланысты бірнеше жанрға бөлінеді.

Натюрморт - жансыз заттар бұйымдар бейнеленген көркем шығарма.

Портрет - адамның, тұлғаның келбеті бейнеленген көркем туынды.

Пейзаж - табиғат көрінісі бейнеленген көркем шығарма.

Тарихи - бегілі бір оқиғаларды бейнелеген көркем туынды.

Анималисттік - хайуанаттар мен жан - жануарлар бейнеленген көркем сурет.

Кластер, дидактикалық материалдарды пайдаланып, алған білімді толықтыру.

Практикалық жұмыс.

Ал енді балалар, жанрларға байланысты натюрморт орындауға кірісейік. Алдымен кезеңдер бойынша көрсетілген үлгіге қара, суретті қалай бастау амалдарын ұғынуға тырысамыз.

1. Альбом бетіне дұрыс орналастыру, орын белгілеу.
2. Суретті толық(қарындашпен) салу.
3. Бояу түстерін анықтау.
4. Анық, қою түстерін ажыратып, суретті аяқтау.

Бейнелеу өнері – адам қиялының шексіздігін көрсететін өнер түрі. Қылқаламмен қағаз бетіне түскен сурет адамға түрлі ой салады. Өнер саласы болғандықтан суреттерді ұқсастығы мен ерекшеліне байланысты бірнеше бағыттарға жіктейді. Соған қарамастан олардың нақты шекарасы жоқ: бір бағыттан екіншісіне ырғақты түрде өте береді. Бір туынды бірнеше стильдің қосылуынан туындайды. Бұның бәрі автордың шеберлігінен хабар береді. Постимпрессиониизм

Постимпрессионизмді тұтас бір бағыт ретінде қарастыру қиын, өйткені, бұл бірнеше стилдің қосындысынан туындайды. Бұл бағыттың суретшілері бір сәтті бейнелеп қоймай, қоршаған ортаның созылмалы сәтін бейнелеуге тырысқан. Яғни, күнделікті қайталанатын, шегі жоқтай көрінетін бір тірлікті суреттейді. Поль Сезанн, Поль Гоген, Винсент Ван Гог мен Жорж Сера – бұл бағыттың ең маңызды өкілдері. Сезанның туындылары Пикассо мен Бракқа ықпалын тигізсе, Ван Гогтың жұмыстары жаңа бағыт экспрессионизмінің негізін қалады.

## 2.4.МҮСІН,МҮСІН ӨНЕРІНІҢ БАСТАПҚЫ ДАМУ САТЫЛАРЫ,ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КӨРНЕКТІ МҮСІНШІЛЕР

Мүсіндеме, мүсін, скульптура (лат. sculptura, seuplo – шекимін, қашаймын) – бейнелеу өнерінің бір түрі. Мүсіндеме туындылары үш өлшемнен (биіктік, ендік, аумақтық) құралады. Мүсіндеме қатты заттардан немесе пластикалық материалдардан жасалады. Осыған байланысты, мүсіндеме жасайтын адамды - мүсінші деп атайды.

Архитектуралық құрылыс пен кешендерде (атланттар, кариатидалар, фриздер, фронтондық, бақ-саяжайлық мүсіндер) қала көшелері мен алаңдарда, тағы басқа мекеме ғимараттарының алды мен интерьерлерінде орналасқан.

Архитектурамен тікелей байланысы жоқ қондырғылы Мүсіндеменің көлемі түпнұсқаға сай немесе одан кішілеу болып келеді. Олар негізінен тұрғын үйді

көркемдеуге, мұражайлар мен көрмелерге қоюға арналады. Мұндайда ол Мүсіндеменің пластик. мүмкіндігін, көлемін, жанрының ерекшелігін ескеріп, көбінесе декоративтік-сән және қолөнері түрінде қолданады.

Ежелгі мүсін өнері, ең алдымен, қола статуэткаларымен, жалаңаш бозбалалар (куростар) мен ұзын киім киген сымбатты қыздардың (кор) мүсіндерімен танымал. Қыш құмыраларды безендіру өнері ерекше дамыды. Ежелгі өнерінің классикалық кезеңінде әлдеқайда шынайылыққа жақын образдар жасалды, адам мүсіні мен сымбатын сомдау жетіле түсті. Б. з. б. 5 ғ-дың 1-жартысындағы шеберлер ізденісін Мирон аяқтады. Оның "Афина мен Марсий", "Дискобол" атты мүсіндері адам сымбатын аса кемел пластикалық күйде мүсіндеуімен, дене құрылысы мен оның әр қимыл ерекшеліктерін жетік білгендігімен ерекшеленеді. Жалпы адам бейнесін жасауға деген қызығушылық портрет жанрының дамуына ықпал етті. Кереғар болмыс қайшылықтары мен адамның идеалды, рухани және тәни әрекет-ұмтылыстарын мүсіншілер Скопас ("Менеда", "Бозбаланың қабірі"), Пракситель ("Книдтық Афродитас", "Демалыс кезіндегі қуақы"), Лисипп ("Апоксимен", "Демалыс үстіндегі Гермес"), т.б. түрлі қырынан бейнеледі. Эллиндік кезең грек мәдениетінің таралу өрісінің кеңейуімен сипатталады. Бұл кезеңнің ең әйгілі туындылары — "Самофракийлік Нике", "Пергам мехрабының фризі", "Милостық Венера", "Лаокоон". Б. з. б. 1 ғ-дың соңынан бастау алатын Ежелгі Римнің Б. ө. — ежелгі заман мәдениетінің ірі ошақтарының бірі. Ол этрусс мәдениетінің негізінде қалыптасты. Этрусс мәдениетінің таңдаулы хрестоматиялық шығармалары қатарына өлген адамның мүсіні бейнеленген саркофак-құлыптастар, Римнің негізін қалаған Ромул мен Ремді асыраушы Капитолий қаншығының мүсіні жатады. Рим өнеріндегі жетекші орынды портрет жанры алды. Оның пайда болуы да жерлеу рәсімімен байланысты. Марқұмның бетбейнесін балауызға түсіріп, оны құдайлар мүсіндерімен бірге үйде сақтау салты портреттің және қайтыс болған адамның кескін-келбетін дәл көшірудің қатаң дәстүрінің қалыптасуына себепші болды. Әсіресе, әйгілі адамдардың дәлме-дәл жасалған портреттері сақталған (б.з.б. 1 ғ-дағы Августің статуясы, император Вителлийдің портреті, т.б.). Ежелгі Римдегі Б. ө-нің дамыған саласы қабырғаға аса нәзік шеберлікпен салынған мозаикалар (мыс., Александр Македонскийдің парсы патшасы Дариймен соғысы бейнеленген мозаика) болып табылады. Ежелгі дәуірдің Б. ө-нде Солт. Қара теңіз жағалауының мәдениеті, Урарту мемлекетінің, Үндістанның, Қытайдың, Орталық Азия мемлекеттерінің мәдениеттері секілді ірі мәдениет ошақтары болды. Соғда, Бактрияның, кейін Ахемендер патшалығының Б. ө. сақтардың "жануарлық стилінің" ықпалына ұшыраған жергілікті өнердің бірегей дәстүрлері мен

Көне Шығыс өнерінің әдістерін ұштастырды. Грек-Бактрия патшалығы өнерінде эллиндік көркемдік қағидалардың жалғасын табуы байқалады. Сәулет, мүсін, бедерлеу өнері жетіле түсті. Б. ө-нің ғажайып ескерткіштері Үндістанда б.з.б. 4-мыңжылдықтан б.з.б. 5 ғ-ға дейін жасалды. Үндістан өнері көне дүниенің түрлі мәдениеттерімен тығыз байланысты болды. Одан, сондай-ақ, Орталық Азия мәдениетінің де ықпалы байқалады. Ежелгі Үндістан мәдениетінің орталығы Синдтағы Мохенджо-Даро мен Пенджабтағы Хараппа елді мекендері болды. Ойылып бейнеленген абыз бен еркін де ырғақты қимыл-қозғалыс үстіндегі биші қыз, үшкелбетті құдай, киелі саналған жануарлар — бұғы, буйвол, мүйізтұмсық, піл, т.б. мүсіндері жасалу шеберлігімен, пластикалылығымен, санқилылығымен ерекшеленеді. Үндістан мәдениетінің келесі кезеңі бүкіл Ганга жазығына билік жүргізген Магадха мемлекетінде өріс алды. Бұнда брахманизм идеологиясы үстемдік етіп тұрды. Үндістанның Б. ө-нде мыңжылдықтар бойына Брама (жаратушы), Вишну (қорғаушы), Шива (қиратушы) және Индра (патша билігін қолдаушы) бейнелері, түрлі рухтар мен данышпандардың мүсіндері тұрақты кейіпкерлерге айналды. Үндістан өнеріндегі бай, пластикалық, өмірлік күш-қуат пен динамикаға толы образдар Үндістанның мифтері мен аңыздары арқылы дүниенің сұлулығы мен адамға арналған мадақ ретінде қызмет етті. Үндістанда б.з.б. 3 ғ-да Ашок патша тұсында кең таралған буддизм мүсіндік рельефтермен безендірілген ғибадатханалардың, мемориалдық құрылыстардың салынуына себепші болды. Аса көрнекті де көркем ескерткіштер ансамблінің бірі — Аджанта ғибадатханалары. Вагхора өз-нің сұлу алқабындағы жартастардан қашалған Аджанта ғибадатханаларының (барлығы 29 үңгір) қасбеттері мүсіндермен безендірілген. Будданың сансыз көп мүсіндері қабырғалардың етегіне жағалай тізіліп, олардың арасы оюлармен және Будданың шәкірттері мен серіктерінің бейнелерімен бедерленген. Құжыралардың іші түгелдей монументальді ою-өрнектер мен жазбаларға толы. Аджанта сұңғаты мен мүсіндерінің сән-салтанаты қайран қалдырады.

Мүсіндеме тарихы ертеден бастау алады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде жауынгерлерді, балалы ананы бейнелейтін тас мүсіндер кеңінен тараса, біздің заманымыздан бұрын 8 – 2 ғасырларда дамыған “Аң стилі” ежелгі Мүсіндеменің көрнекті мысалы бола алады. Көктегі күш пен жердегі билеушілердің құдіретін бейнелеу үшін жасалынған Мүсіндеме ежелгі дәуірдегі өркениеттердің (Грекия, Рим, Ассирия, Вавилон) ажырамас бөлігіне айналды. Көлемдері өте үлкен, тылсым күшті сипаттаған және ғұрыптық бағыттағы Мүсіндеме тек құдай мен билеушілердің, жеке тұлғалардың, аңыздық кейіпкерлердің (Мирон, Скопас, Геркулес, Циклоп, тағы басқа)

бейнесін жасауға бағытталды. Орта ғасырлардағы Мүсіндеменің негізгі бағыттары шіркеулерді, ғибадатханаларды көркемдеуге (Құдай ана ғибадатханасы, Париж; Буддистік шіркеулер, Үндістан) арналды. Қайта өркендеу дәуірінде, Мүсіндеме адамзаттың ерлікке, еркіндікке деген ұмтылысын, тұлғалық қасиеттерін, табиғат сұлулығын бейнеледі. Донателло, Микеланджело, Гужон, Пилон, тағы басқа туындылары соңғы орта ғасырларда және жаңа дәуірде Еуропаның көптеген қала-қамалдарының ішісыртын көркемдеу үшін кеңінен қолданылды. 18 – 19 ғасырларда Мүсіндеме адам бейнелері мен ескерткіш тұрғызу бағытында дамыды. Оның құрамында, классик., примитивизм, кубизм (П.Пикассо), конструктивизм (Н.Певзнер), сюрреализм, абстракционизм, тағы басқа бағыттағы Мүсіндеме бар. Қазақстан жеріндегі Мүсіндеменің пайда болу тарихы 3000 жылға созылады. Ол палеолит дәуірінде пайда болып, сақтар мен Түрік қағанаты тұсында кеңінен дамыды. Ата-баба рухына сену, жер, су, от иелеріне табыну (Көк Тәңірі, Жер-Су иесі, өмай ана, балбал тас, тағы басқа) және исламдық сенім (құлпытас, қойтас; кесенедегі бейнелер) Мүсіндеменің көптүрлілігіне әкеліп соқты. Кеңес дәуіріндегі Мүсіндеме өкілдерінің (Б.Төлеков, Е.Сергебаев, Х. Наурызбаев, Б. Төленов, Т. Досмағамбетов, тағы басқа) еңбектері халық батырлары, еңбек ерлері және соғыс ардагерлерін бейнелеуге арналса, соңғы кезеңдегі Мүсіндеме бағыты әлемдік құндылықтар мен жергілікті салтдәстүр ерекшеліктерімен ұштаса отырып дамып келеді (Е.Рахмадиев, Н.Далбай, Ш.Төлешев). Сонымен қатар Мүсіндеме әлемдік техника жетістіктерін, өткен мен бүгінгінің өзара үндестігін және дүниежүзіндегі Мүсіндеме саласындағы жетістіктерді бейнелеуге және халық мақтанышы: ақындар, батырлар, қоғам қайраткерлері мүсіндерін сомдауға бағытталған (Кенесары мүсіні, Астана, 2001; Мұқағали Мақатаев, Алматы, 2003; Әл-Фараби мүсіні; ҚазҰУ қалашығы, 2004. Қазақстан мүсіншілері»

## Наурызбаев Хакимжан Исмаханович





Бақытжан Әлімбайұлы Әбішев
Бек Ақатайұлы Төлеков
Бексейіт Әбдезұлы Түлкиев
Валентин Лаврентьевич Сотников
Геннадий Кириллович Максимов
Гүлшара Зайнолдақызы Досмағамбетова
Дмитрий Григорьевич Элбакидзе
Ерванд Аршакович Годжабашян
Еркін Тілекұлы Мергенов
Ерлан Сахипұлы Айтуаров
Ермахан Әбдіұлы Биманов
Есен Молданиязов
Ескен Аманжолұлы Сіргебаев
Жеңіс Қожағұлұлы Молдабаев
Марат Өмірсерікұлы Әйнеков
Михаил Яковлевич Антонюк
Мұса Жұрмаханбетұлы Сейісов
Мәлік Әуесханұлы Өскенбай
Сейіткәрім Серкеұлы Момышев
Тілеуберді Мелдешұлы Бинашев
Төлеген Сәбитұлы Досмағамбетов
Хакімжан Есімханұлы Наурызбай
Хасен Сейілханұлы Абаев
Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан
Шоқан Әлмахамбетұлы Төлеш

Мүсіндеу – көркем өнердің бір түрі. Мүсін – кеңістікте жан-жақты бейнеленген, сомдалған көркем шығарма. Мүсінді «скульптура» деп атайды. Ол сөзді ең алғаш ежелгі римдіктер ойластырған. «Скульпо» -деген латын тілінде «кесу, қашау» деген мағынаны білдіреді.

Мүсіндеудің негізгі бөлімі — адам.

Мүсіндеудің түрлері: Жұмыр және рельеф.

Жұмыр мүсіндеу үш өлшемдеуден тұрады. Олар кеңдік, биіктік, жуандық шығармашылығымызды айтамыз. Рельеф — мүсіндеу өнерінің кең тараған түрі. Рельеф: Барелеьеф: Горольеф:

Рельеф дегеніміз – тек бір жағынан қарағанда жазықтық бетінен жақсы көрінетін мүсінді айтады.

Барельеф — деп, жартылай сомдалған нәрсе жазықтық бетінен аз ғана шығып тұрса Барельеф болып табылады.

Горельеф — жазықтық жартысынан көбірек дөңестеу шығып тұрған мүсінді айтады.

Мүсінші деп – сазбалшықтан қашап жасайтын адамды айтады.

Мүсіндеу техникасы — жабыстыру ою — шекіме, гольванопластика, металдау құю жатады.

Алғашқы қазақ мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев 1951 жылы Харьков көркем сурет институтын бітіргеннен бері портрет және монументальді сәндік мүсін төңірегінде жұмыс жасайды. Мысалы: А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, Ш. Уәлихановтың монументальды бюстері. Монументтік мүсіндеу – бұл ұлы адамдарға немесе тарихи оқиғаларға орнатылған, асқақ келісті де мәнерлі өз бойына үлкен жалпы адамзаттық идеяны жинақтаған ескерткіштер.

Қондырғылы (станокты) мүсіндеу көбіне портрет ретінде ұсынылады. Қондырғылы мүсіндеуде бір топ адамдарды немесе бір адамның тұлғасын бейнелейтін жанрлық мүсіндеу едәуір орын алады. Мүсін әртүрлі материалдардан фарфордан, ағаштан, сүйектен тастан мүсіндері түрлі — түсті болып келеді.Мүсіндік бейнелеу бөлімінде — көбіне адам, ал кейде хайуанаттар, жансыз заттар болып келеді.

## 2.5.СӘУЛЕТ ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРІ,ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛУ ӨНЕРІ

Сәулет - құрылыс және жобалау салу өнері. Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. (Архитектура латынша architectura, ал грекше architekton, яғни құрылысшы деген мағынаны білдіреді). Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сәулет өнері –

техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Су айдынында, қағылған қазықтың үстіне тұрғызылған үйлер де болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгирлер мен дольмендер пайда болды. Менгирлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады. Дольмен – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес.

Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан, елдің бірі – Грекия. Көне грек архитектурасының ең күшті дамыған кезі – біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырдағы Периклдың билік құрған тұсы. Алдымен, Афина қаласының ең биік жеріндегі жартасқа ауданы 300Х130 м жерге Акрополь салынды. Ортасында сәулетшілер Иктин мен Калликрат Парфенон ғибадатханасын ұзындығы 70 м, ені 31 м (біздің заманымыздан бұрынғы 448 – 438) тұрғызды. Ғимарат шатырын биіктігі он метрге жуық, 136 (периметріне қойылған) бағана ұстап тұрды. Ішіне Фидий жасаған Афина мүсіні орнатылды. Грек сәулетшілерінің дүниежүзілік архитектураға қосқан бір жаңалығы – архитектуралық ордерлер жүйесі. Ордерлік жүйе бірнеше құрамдас бөліктен тұрады және олардың өзара орналасу тәртібі бар. Ең басты белгісі – бағана, олардың ұшар басы капитель деп аталады. Бағаналар – антаблементті (арқалықты) көтеріп тұрады. Ордерлік жүйенің үш негізгі түрі болған: дори, ионика және коринф ордерлері. Рим сәулет өнері дамудың үш кезеңінен өтті: патшалық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы 8 – 6 ғасырлар); республика кезеңі (біздің заманымыздан бұрынғы 5 – 1 ғасырлар) және императорлық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы1 ғасыр – біздің заманымыздың 5 ғасыры). Римнің дүрілдеп тұрған кезінде туған құрылыс – Пантеон, құдайлар құрметіне орнатылған ғимарат. Оны сәулетші Аполлодор Дамасский 118 – 125 жылдары салған. Диаметрі 43 м. дөңгелек қабырға тұңғыш рет күмбезбен жабылды. Кірпіш аралас бетон қабырға алтын түсті сарғылт Мәрмәрмен қапталды. Пантеонның диаметрі мен биіктігі бірдей – 43,5 м. Жарық жоғарыдан диаметрі 9 м тесіктен түсіп тұрады. Римнің таңқаларлық құрлыстарының бірі – 80 мың адам сиятын Колизей амфитеатры, онда ордерлер жүйесі қолданылды. Термы моншалар кешені салынды. Каракаллы моншасына үш мың адам бірден кіре алған. Римдіктер тамаша тас жолдар, су құбырларын, акведуктар және көпірлерді сала білді. Еуропа елдерінде бес түрлі архитектуралық стиль бірінен соң бірі орын алмастырды. Олар: роман стилі, готика, ренессанс, барокко, классицизм. Роман стилінің дамуына Франция көп ықпал етті. Мұның басты ерекшелігі –

қабырғалары сом соғылған бітеу, салмақты болып келеді. Терезелері енсіз, тар, бекініске ұқсайды. Готика стилінің ерекшелігі – құрылыс композициясы жоғары созылып, салмақ көтеретін құрылыс қаңқасы күрделі болып келеді, терезелері сүйір етіп ойылады, күмбезі қиық болып келеді де қырлары бүріледі. Қиық күмбездің арқасында салмақ құрылыс қаңқасына түседі. Сырттағы тіреулер арқылы қабырғаға түсетін салмақ азаяды. Готиканың алғашқы туындысы Париждегі Нотр-Дам соборы (12 ғасырдың 2-жартысы – 13 ғасырдың басы). Бір келгенде 9 мың адам сияды. Әрбір тетігінде готикаға тән ерекшеліктер сақталған. Готиканың гүлденген шағы – 13 ғасыр. 100 жыл бойы салынған Реймс соборы (1212 – 1311) соның дәлелі. Собордың бір де бос жері жоқ, бәріне мүсіндер қойылған. Терезелердегі түрлі-түсті витраждар көздің жауын алады. Ренессанс стилі 15 ғасырда Италияда пайда болды, оны ежелгі дәуір өнерінің қайта жаңғыруы деп қарауға болады. Ренессанс, яғни Қайта өркендеу дәуірінде архитектураның алатын орны ерекше болды. Бұнда құрылыс тым биіктетілмей айнала кеңістікке бауыр жазды. Ренессанс архитектурасы ежелгі дәуір архитектурасынан ордерлік жүйені құрастырды. Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан, елдің бірі – Грекия. Көне грек архитектурасының ең күшті дамыған кезі – біздің заманымыздан бұрынғы 5 ғасырдағы Периклдың билік құрған тұсы. Алдымен, Афина қаласының ең биік жеріндегі жартасқа ауданы 300Х130 м жерге Акрополь салынды. Ортасында сәулетшілер Иктин мен Калликрат Парфенон ғибадатханасын ұзындығы 70 м, ені 31 м (біздің заманымыздан бұрынғы 448 – 438) тұрғызды. Ғимарат шатырын биіктігі он метрге жуық, 136 (периметріне қойылған) бағана ұстап тұрды. Ішіне Фидий жасаған Афина мүсіні орнатылды. Грек сәулетшілерінің дүниежүзілік архитектураға қосқан бір жаңалығы – архитектуралық ордерлер жүйесі. Ордерлік жүйе бірнеше құрамдас бөліктен тұрады және олардың өзара орналасу тәртібі бар. Ең басты белгісі – бағана, олардың ұшар басы капитель деп аталады. Бағаналар – антаблементті (арқалықты) көтеріп тұрады. Ордерлік жүйенің үш негізгі түрі болған: дори, ионика және коринф ордерлері. Рим сәулет өнері дамудың үш кезеңінен өтті: патшалық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы 8 – 6 ғасырлар); республика кезеңі (біздің заманымыздан бұрынғы 5 – 1 ғасырлар) және императорлық дәуір (біздің заманымыздан бұрынғы1 ғасыр – біздің заманымыздың 5 ғасыры). Римнің дүрілдеп тұрған кезінде туған құрылыс – Пантеон, құдайлар құрметіне орнатылған ғимарат. Оны сәулетші Аполлодор Дамасский 118 – 125 жылдары салған. Диаметрі 43 м. дөңгелек қабырға тұңғыш рет күмбезбен жабылды. Кірпіш аралас бетон қабырға алтын түсті сарғылт Мәрмәрмен қапталды. Пантеонның диаметрі мен биіктігі бірдей – 43,5 м. Жарық жоғарыдан диаметрі 9 м тесіктен түсіп тұрады. Римнің таңқаларлық

құрлыстарының бірі – 80 мың адам сиятын Колизей амфитеатры, онда ордерлер жүйесі қолданылды. Термы моншалар кешені салынды. Каракаллы моншасына үш мың адам бірден кіре алған. Римдіктер тамаша тас жолдар, су құбырларын, акведуктар және көпірлерді сала білді. Еуропа елдерінде бес түрлі архитектуралық стиль бірінен соң бірі орын алмастырды. Олар: роман стилі, готика, ренессанс, барокко, классицизм. Роман стилінің дамуына Франция көп ықпал етті. Мұның басты ерекшелігі – қабырғалары сом соғылған бітеу, салмақты болып келеді. Терезелері енсіз, тар, бекініске ұқсайды. Готика стилінің ерекшелігі – құрылыс композициясы жоғары созылып, салмақ көтеретін құрылыс қаңқасы күрделі болып келеді, терезелері сүйір етіп ойылады, күмбезі қиық болып келеді де қырлары бүріледі. Қиық күмбездің арқасында салмақ құрылыс қаңқасына түседі. Сырттағы тіреулер арқылы қабырғаға түсетін салмақ азаяды. Готиканың алғашқы туындысы Париждегі Нотр-Дам соборы (12 ғасырдың 2-жартысы – 13 ғасырдың басы). Бір келгенде 9 мың адам сияды. Әрбір тетігінде готикаға тән ерекшеліктер сақталған. Готиканың гүлденген шағы – 13 ғасыр. 100 жыл бойы салынған Реймс соборы (1212 – 1311) соның дәлелі. Собордың бір де бос жері жоқ, бәріне мүсіндер қойылған. Терезелердегі түрлі-түсті витраждар көздің жауын алады. Ренессанс стилі 15 ғасырда Италияда пайда болды, оны ежелгі дәуір өнерінің қайта жаңғыруы деп қарауға болады. Ренессанс, яғни Қайта өркендеу дәуірінде архитектураның алатын орны ерекше болды. Бұнда құрылыс тым биіктетілмей айнала кеңістікке бауыр жазды. Ренессанс архитектурасы ежелгі дәуір архитектурасынан ордерлік жүйені ғана алған.

# ТАҚЫРЫП 3. КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА. ХОРЕОГРАФИЯ
## 3.1. МУЗЫКА ТАРИХЫ. КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКА

Тура мағынасында музалар өнері – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады.

Музыка (гр. Movoin от гр. оса -муза) - Музыкалық дыбыс, көркем бейнеге идеялы - қызу мазмұн іске асыратын көркеменер бір түрі.
сиякты айтады. Музыканың нейрофизиологиялық әсері баяғыдан дәрігерлікте колданылды. Музыка табиғи дыбыстардың әсерінен бастау алған болуы керек. Кейін сол музыканы адамдар жан-жақты дамыта түрлі аспаптар, кейін электроинструменттермен ұштасып ойлап шығара бастағаны айдан анық қой. Музыканың пайдасы да зияны да бар.

Музыка - адамды жындандырып, немесе адамда күш бере алады. Ол әрине, адамның қай жанрдағы музыка тыңдауына байланысты.

Музыкатану - музыка туралы ғылым, өнертанудың бір саласы.

Музыкатанудын салаларына музыка теориясы (теориялық музыкатану), музыкалық тарихы (тарихи музыкатану), музыкалық этнография, музыкалық аспапты зерттеу ғылымы, музыкалық акустика, музыкалық психология және музыка сыны жатады.

20 ғасырдың 60 - 70 ж. музыканың қоғамдағы түрлерін зерттейтін ерекше пән ретінде музыкалық социология бөлінді. Теориялық музыкатану музыканың бейнелеу тәсілдерін, даму процесінде қалыптасқан негізгі заңдылықтарын, композициялық әдістерін зерттесе, музыкалық гармония, полифония, әуен, ырғақ өлшем, аспаптану, форма сияқты, т.б. пәндер музыканың жеке элементтерін зерттейді. Тарихи музыкатанудың мақсаты - музыка өнерінін даму кезеңдерін музыканың түрлі салаларымен, коғам өмірінің өзгерістерімен байланыстыра отырып зерттеу. Музыка тарихы музыкалық шығармашылықтың құбылыстарын зерттеуде музыкалық-теориялық талдаудың нәтижелеріне сүйенеді. Сонымен қатар зерттелетін кұбылыстың тарихи шарттылығын ескермейінше теориялық музыкатану қорытындылары толық және ғылыми дәлелді болмайды. Музыка тарихы музыканың жалпы тарихымен қатар жеке ұлттардын музыка тарихын, музыкадағы жанр мен форма (мысалы, опера, симфония, соната), орындаушылық өнер түрлерін пианизм, скрипкалық өнер), музыкатанудың, жеке салаларының (мысалы, гармония жайындағы ілімнің тарихы) тарихын қамтиды.

Музыкатанудың манызды салаларының бірі - "музыка сыны". Ол казіргі замандағы музыка өнерімен қатар өткен заман музыкасындағы құбылыстарды да талдап, бағалайды. Музыкада ғылыми тұрғыдан қараудың алғашқы көріністері Кытай, үндістан, Грекия, т.б. елдерде пайда болды.

ГректіҢ көрнекті музыка теоретигі Аристоксеннің (Аристотельдің шәкірті, б.З.б. 4 ғ.) музыка құбылысын қарастыраң енбектері бар. Римнің философ-ғалымы Боэцийдің "Музыка жайында" (6 F.) атты трактаты орта ғасырдағы музыка теориясынын дамуына әсер етті. Музыка тануға мол үлес қоскандар.Орта Азия ғалымдары (Абу Наср әл- Фараби, 10 F.; Ибн Сина, 10 - 11 ғ-лар), араб, парсы, Византия теоретиктері. Кайта өркендеу дәуірінде полифония ережелері жүйеге келтіріліп, мажорлы - минорлы ладтар жүйесінін және гармония жөніндегі ілімнің негізі каланды. 18 ғ-да Дж.Б. Мартинидің (Италия, 1781), Дж.Хокинс пен Ч.Бернидін (Ұлыбритания, 1776 - 89) музыка тарихына арналған ғылыми енбектері жарық көрді. 19 ғ-да Г.Берлиоз, Р.Шуман, Р.Вагнер, Ф.Лист музыкалық эстетика жене музыка сыны туралы енбектерінде музыка теориясынын маселелерімен шұғылданды. 19 ғасырдың 2-жартысынан ұлттық музыкалык мектептер қалыптасып, өркендей бастады. 20 ғасырдың басында музыкалық фольклористика кең дамыды. ТМД елдерінде А.Д. Кастальский мен Е.В. Гиппиус орыстың, Д.И. Аракашвили грузиннің, В.А. Успенский өзбек пен түрікменнің, А.В. Затаевич, Б.Г. Ерзакович, А. Жубанов қазактың музыкалық фольклорын жинап, зерттеді. Музыкатану ғылымы 20 F-да өркен жайды. Жалпы көркем өнер және музыкатану ғылымымен Мәскеу қаласындағы Өнер тарихы институты, Ленинград (казіргі Санкт-Петербург) каласындағы Театр, музыка және кинематография институты шұғылданды. Музыкатану мақсатында және ер елдің алдынғы қатарлы музыкант-ғалымдарының өзара шығармашылық бірлестікте болуы үшін Мәскеу қаласында өткен ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық музыкалық бірлестігінін 7-конгресі болды (1971). Осы мақсатта тұңғыш рет Алматы каласында (1973) Азия елдерінің халыкаралық музыкалык симпозиумы, ал 1974 ж. букілодактық фольклорлық
комиссиянын халық музыкасын зерттеу жөніндегі пленарлық мәжілісі етті. КР А-нын Әдебиет және өнер институтында қазақ музыка өнерінің тарихы мен даму мәселелері зерттелуде. Қазақ музыкатану ғылымы 20 ғасырдың алғашкы ширегінде калыптасып, ұлтық мәдениеттің жеке түрі ретінде халық музыка шығармаларын жинап, зерттеу, музыкалық мұраларды кәсіби өнердің жаңа жанрларында шыгармашылықпен пайдалану көзделді. Қазақтың музыкалық фольклорының алғашқы басылымдары -А.В Затаевичтің "Қазақ халкының 1000 әні" мен "Қазактың 500 ән-күйлері" атты екі кітабы. Кәсіби өнердің ауызша дәстурін зерттеу саласында академик Жубанов енбектерінің ғылыми әрі танымдық манызы ерекше. Оның "Құрманғазы" (1936, 1968), "ғасырлар пернесі" (1963, 1975), "Замана бұлбұлдары" (1963, 1975) атты кітаптарына 19 ғ. мен 20 ғасырдың 1-жартысындағы бірқатар көрнекті кәсіби халық композиторларының, әншілер мен музыкалық аспапта орындаушылардың өмірі мен шығармашылық туралы очерктер енген. Музыкалық фольклорды жинау – қазақ музыкатану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі КР *А-нын Әдебиет және өнер институты мен Алматы мемлекеттік консерваториясы еткен XX ғасырдың 20-80-жылдарына дейін 10 мынға тартаән мен күй жазып алды. Ерзаковичтін "Қазақ халқының ән

мәдениеті" (1966) мен "Қазақ халкының музыкалық мұрасы" (1979) атты кітаптары музыкалық мұра және осы заманғы музыкалық шыгармашылық туралы жүйелі зерттеу болып табылады. И.И. Дубовскийдің "ҚазаҚ халық әндерінің ладтық құрылымы туралы мәселе" (1958), П.Аравиннін "Құрманғазының музыкалық стилі туралы мәселе" (1971), А. Байгаскинаның "Қазақ халық әндерінің әлемдік өлшемінің эволюциясы мен музыкалық формасының даму логикасы" (1973), О.Мухамбетованын "Қазақтың күйшілік өнері" (1974), С.Еламанованың "Арқаның әншілік дәстүрі" (1974), Б. Каракуловтың "Қазақтың дәстүрлі музыкалық тілінің кейбір құралдары туралы" (1974), А. Темірбекованың "Қазақ кеңес халық әндерінің ладтық-ыргақтық негізі" (1975), Б.Байкадамованың "Домбыра музыкасындағы тематикалық стереотип туралы" (1976), С. Кузембаеваның "Қазақ музыкасындағы үндестіктің қалыптасуы" (1977), К.Т. Жузбасовтың "Таулы Алтай қазақтарының музыкалық фольклоры" (1980), К.Ж. Телеутаевтың "Балқаш маңы қазақтары әндерінің мелодиялық стилі" (1982) енбектері қазақ халық музыкасының теория саласындағы зерттеулер. Халық аспаптарын зерттеу ісінде Б.Сарыбаев көп еңбек сінірді. Ол ұзақ жылдар бойы ел аралап, тарихи, әдеби және археологиялық деректерді зерттеп, ұмыт болған 25-ке тарта музыкалық аспаптарды тапты. "Қазақтың музыкалық аспаптары" монографиясында (1980) халық музыка аспаптарына классификация жасады. Қазақ музыкасында жиі қолданылатын түрлі терминдер Б.Изатов құрастырған "Қазақша музыкалық- терминологиялық сездіктен" (1981) орын алды. Қазақ музыкасының тарихы КСРО Мәдениет мин-нін Өнертану институты шыгарған "КСРО халықтары музыка тарихы" (1966 - 85) атты алты томдығына кезең-кезеңімен жеке тараулар болып енді. Изатовтың "Құрманғазы атындағы қазақтың мемлекеттік академиялық оркестрі" (3-басылуы, 1984) атты кітабы тұңғыш халық аспаптар оркестрінін құрылуы және қалыптасу тарихымен таныстырады, Кузембаеваның "Әсемдікті жырлайық" (1982) атты кітабында таңдаулы опера және балет спектакльдеріне сипаттама берілді. Қазақ музыкатану зерттеулерінің маңызды мәселелері әдебиет және өнер институты, Қазақстан Композиторлар одағы мен Алматы мемлекеттік консерваториясында еткізілетін "Музыкатану оқуларында" тұжырымдалды. Музыкатану саласына республикамыздағы жоғары оқу орындарында кызмет істейтін ғалымдарын да қосып жүрген үлестері елеулі. Т.Коныратбайдың "Көне мәдениет жазбалары" (1991) атты ЖОО арналған окулығында қазақ музыкасының көне дәуірі алғаш рет сөз болса, автордың одан бергі жердегі Қазақ халкының музыкалық фольклоры мен мәдениеті" (2003), "Ел мұрасы" (2004), "Қазақ музыкасының тарихы" (2011), "Әлем музыкасының тарихы" (2010) атты КР БЕМ грифімен жарық көрген окулықтары да музыкатану саласына қосылған сүбелі үлес болды.

**Көрнекті қазақ композиторлары**

Қазақстанда фортепиано шығармашылығы XX ғасырдың 20-шы жылдарында құрылып, жылдам дами келе осы ғасырдың соңында

шығармашылық кемелденген дәрежесіне жетті. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан композиторларының шығармашылығында камералы-аспаптық, соның ішінде фортепиано музыкасы кеңінен дамыды.

Камералы-аспаптық музыканың бастапқы құрылу кезінен бастап-ақ оның миниатюраға жақын болуы байқалады. Ол бағдарламалы пьеса ретінде ұлттық бейнелерді ашып, фольклордың бай әлемін, шығыс әлемін тануымен бірге қазақ музыкасы және оның авторларының бейнелеу мүмкіндігін көрсетеді. Н.Шахназарованың айтуынша, еуропалық жанрға халық әуенін енгізу жас ұлттық мектептер үшін өте күрделі міндетті тудырады. Композициядағы ережелер, қатал заңдылығы жоқ еркін құрылым мен мазмұндар, миниатюралардың ерекшелігі композиторлық фантазияның, ойдың алға ұмтылуына жол көрсетті.

Фортепиано миниатюраларын қарай отырып, «кіші формалы» шығармалардың бес жанрлық түрлерін бөлуге болады.

Бірінші топ – қазақ өнерінде камералы-аспаптық жанрының бірінші үлгісі болған әндер мен күйлердің фортепианоға өңделген шығармалары болып табылады. Мазмұны және формасы жағынан алғанда бірінші өңдеулер аспапты пьеса болып келеді.

Екінші топ – ең көп таралған бейнелі атамаларға ие программалы пьесалар. Бұл қатарға Н.Мендіғалиевтің «Домбыра туралы аңыз», «Дала» шығармалары, А.Жұбановтың «Қызыл қайыңы», Қ.Қожамьяровтың «Жаңбыр», «Күншуақ», «Бәйге» атты пьесалары, А.Сағаттың «Талшын», «Тойбастар» және т.б. ең көрнекті орынды иеленетін кіші формадағы шығармалар кіреді.

Авторлық ән-пьесалар мен ән-билер үшінші жанрлық топты құрайды. Бұл топқа А.Жұбановтың «10 тәжік биі» (1941-1945), қазақ билері «Саранжап» және «Көроғлы» (1943), «8 қазақ биі», «Ақжелең биі», М.Сағатовтың «Әлия» балетінен ауылдастар биі, Х.Әбілжановтың «Көктем вальсі» және т.б. шығармалары енеді.

Төртінші топ балаларға арналған миниатюраларды қамтиды. Балаларға арналған пьесалар міндетті түрде цикл түрінде топталған.

Қазақстанда бесінші топ әртүрлі мазмұндарға толы, жанрлық сипаты еуропалық музыкамен байланысты шығармалар. Бұл топқа прелюдиялар, ноктюрндер, токкаталар, экспромттар, серенадалар, «сөзсіз әндер» (песни без слов) және т.б. кіреді. Осы жанрлық топтардан біз прелюдия жанрын қарастырамыз. С.Михаиловтың ойынша, прелюдия жанры «аз анықталған. Бұл үрдіс олардың XX ғасырдың жаңа эстетикалық және стильдік тенденцияларының атмосферасында нәтижелі шығармашылық дамуын айқындап берді» . Біздің негізгі міндетіміз – прелюдия жанрын бейнелік саласынан, музыкалық тіл жағынан, оның мәнерлі амалдарын отандық шығармалардағы ең көрнекті үлгілерінің негізінде талдау.

Қазақстанда фортепианолық прелюдия жанрында 30-дан артық пьесалар жазылған. Олардың авторлары Ғ.Жұбанова, Қ.Қожамьяров,

Д.Мацуцин, М.Қойшыбаев, Н.Мендіғалиев, Т.Қажғалиев, С.Кибирова, Б.Қыдырбек, Б.Аманжолов, және т.б.

Ең бірінші прелюдиялар XX ғасырдың 50-жылдарының басында пайда болды. Бұл жанрдың қазақ музыкасына тез арада сіңуі музыкалық және жалпымәдениеттік жағдайларымен байланысты болды. Дәл сол жылдары прелюдиялардың шығуына бірнеше жағдайлар себеп болды: орыс музыкалық мәдениетімен байланысының белсендірілуі, Қазақстанда консерваторияның ашылуы, концерттік фортепиано орындаушылық дәрежесінің жоғарылануы. Қазақстан композиторларының прелюдиялары әртүрлі байқаулар мен орындаушылық репертуарының құрамалы бөлігі болды.

Ғазиза Жұбанованың прелюдиялары Қазақстан композиторлар шығармашылығының арасында өзіндік бейнелерге толы ерекше болып келеді. Ол 1951 ж. Мәскеу консерваториясын оқып жүрген кезінде төрт прелюдия жазған. Зерттеушілердің анықтауы бойынша, прелюдиялар композитордың ерекше қабілеттілігі мен өзіне тән қасиеттілігіне ие дейді. Олардың ойынша, Ғ.Жұбанованың шығармаларында «композитордың дарындылығы, оның лирикалық зейіні, халық мәдениетімен терең байланысы» байқалады.

Зымырап өтіп жатқан сәтті тоқтатуды қалайтын, соны сезініп, әрі қарай дамыту арқылы ғажап дүниеге сай келетін бұл жанрдың мазмұнды белгісі жас композитордың прелюдияларында жақсы көрінеді. Практикада ең батыл ойларын орындай отырып, Ғ.Жұбанова шегі жоқ мүмкіндіктерді және керемет еркіндікті тудырады.

Ғазиза Жұбанова- Прелюдиялар бұл жанрда ең игі дәстүрде жазылып, олардың негізінде классикалық еуропалық бастаумен біздің халық импровизацияның түпкі тамырымен тығыз байланыста болды. Бұл прелюдиялар автордың жеке стилін бейнелейді: бейнелердің қарама-қайшылығы, мазмұндылығы мен лиризмі. Ғ.Жұбанованың прелюдияларындағы қазақ әндері, домбыра мен қобыздың екідыбыстығының қандай да бір тәсілдері, қазақ күйлерінің бейнеге толы әлемі композитордың ұлттық мәдениетпен терең байланыста екенін анық байқатады.

Ғ.Жұбанова өз прелюдияларында XIX-XX ғасырлардың Еуропа және орыс музыкасындағы бұл жанрдың бай тәжірибесіне сүйенеді. Көлемі жағынан шағын пьеса болғандарына қарамастан олардың гомофонды-гармониялық негізі полифониялық дыбыстығымен толықтырылған және қарапайым үшбөлімді форма мен кеңейтілген периодтар көлемін ашуымен қатар, олардың әрқайсысы белгілі бір көңіл-күйге ие. Әрбір прелюдияда пианисттік міндеттермен байланысты өзіне сай белгілі бір фактура түрінде жасалынған. Прелюдиялар қазіргі кезде оқу-педагогикалық репертуарға енгізілді .

1988 жылы Ғ.Жұбанова жаңадан фортепиано циклін жазып шығарады, оның ішіне профессор Ева Коганға арналған «EVA» атты үш прелюдия енген. Бұл прелюдиялар мінезі жағынан бір-біріне қарама-қайшы, бірақ ортақ тақырыппен байланыстырылған: E-F-A дыбыстары (ми-фа-ля) –

пианистканың есімін суреттеп, үш контрастты пьесадан тұратын циклді құрай отырып, белгілі бір символиканы көрсетеді .

Ғ.Жұбанованың прелюдияларын тыңдағанымызда біз кеңес кезіндегі композитор С.Прокофьевтің шығармашылық әсерін анық байқаймыз (Ғ.Жұбанованың Прелюдиялары және С.Прокофьевтің «Мимолетности» атты циклы). Бұлар шығармалардың гармонияларында, структураларында, формаларында, штрихтарында, бір октавадан екінші октаваға «секірімдерде», айырым реңкінде және дыбыстардың бояуларында, сондай-ақ диссонансты, хроматизмді және тремолоны қолдануларынан көрінеді.

Ғ.Жұбанованың прелюдиялары педагогикалық және концерттік репертуарда кеңінен қолданылады. Олар байқау бағдарламалардың барлық басқыштарына енгізілген. Орындау жағынан қолайлы болып келеді және тамаша техника мен көптеген міндеттерді қажет етеді. Ғ.Жұбанованың прелюдияларын дұрыс орындау үшін оның өте нәзік бояуын және мазмұнын толық түсіне білу қажет.

Құддыс Қожамьяровтың кіші формалы шығармалары ерекше назар аудартады. Композитордың музыка тіліндегі ұлттық мінездемесі кәсіби өнер жанрында ұйғыр музыкасының ерекшелігін алғаш рет қолданды. Р.Хасанованың айтуы бойынша, «Қ.Қожамьяровтың камералық-аспаптық музыкасы опералық немесе симфониялық шығармалары секілді айтарлықтай маңызды емес, алайда ол өзінше тартымды және жанрлық түрленуге бөлінеді». Бұларға Қ.Қожамьяровтың фортепианоға арналған алты кіші прелюдиялар және Прелюдия-поэмасы жатады.

Өзінің прелюдия-поэмасында композитор көбіне кең диапазонды дыбыстың байытылған реңкі күшке, энергияға бай және толық аккордтар экспрессияның өрбуі, динамикалығы мен алға ұмтылулығына керемет драматикаларын қолданады. Бұл жерде структура, фактура, жалпы түзілісі және мазмұны жағынан, аталған аккордтарға, музыкаға ие болу жағынан С.Рахманиновтың прелюдияларына өте жақын келеді (мысалы, олар Рахманиновтың до-диез немесе соль-минор прелюдияларында байқалады).

Орындау жағынан қарағанда бұл поэма-прелюдия айтарлықтай күрделі. Композитор мұнда барлық регистрді және кең диапазонды қолданғандықтан пианист оркестрді елестетіп, оларды әртүрлі аспаптарға бөліп қарауы ықтимал. Ал оны орындау мақсатын анықтасақ, шығарманың ішіндегі бір аккордтан екінші аккордқа тегістей ауыстырып, ұйғыр мотивіне сәйкес әрбір гармонияны естіп, түсініп, аппликатуралары мен педалын дұрыс қолдануы абзал.

Нағым Мендіғалиев фортепианолық прелюдия жанрының биік шыңына жеткен композитор. Ол ең алғаш кәсіби қазақ пианисті болуымен қатар музыкалық мектеп, училище және консерваторияның оқу-методикалық репертуарына кіретін ең бірінші фортепианоға арналған концерттер, бірнеше миниатюралардың авторы болды. Н.Меңдіғалиев «Домбыра туралы аңыз» атты концерттік пьесасы қазақ фортепиано музыкасында кеңінен таралған шығармаларының бірі болды. Сонымен бірге оның екі прелюдиясы (a-moll,

As-dur) тыңдарманға тартымды да қызықты болып келеді (1966). Композитордың бірінші «Дала» деген атауға ие болған прелюдия фактура құрылымы жағынан С.Рахманиновтың gis-moll op.32 №12 Прелюдиясына ұқсас. Бұл ұқсастық кеңінен әндетілген әуені мен құрастырылған гармониясынан байқалады. Бірақ каденциясында Н.Мендіғалиев шабыстағы бейнені суреттей отырып, домбыраның қоңыр дыбысын енгізеді. Екінші прелюдиясы бейнелік құрылыс жағынан С.Рахманиновтың As-moll op.23 №6 прелюдиясына жақын. Оның әуені он алтылықтың өрнегінің фонында естіледі.

Тілес Қажығалиев- Қажығалиевтің стилінің негізі өз алдына бай және әртүрлі болып келеді. Шығармашылығының түзілуіне халық дәстүрінің органикалық жинақтауы және шет елдің классиктері мен орыс композиторларының шығармашылығының әсері үлкен рөль атқарды. Жас автордың шығармашылық нақышы XX ғасырдағы композиторларының арасынан Прокофьев, Стравинский және Бартоктың музыкаларына жақын болғандығы анық көрінеді. Қажғалиевтің музыкасы кантилендігімен, жылы сезімімен және Дебюсси мен Равельдің ізін жалғастырумен байланысты гармониялық вертикалінің естілуімен, тембрлік реңкімен өзіне тартымды.

Прелюдиялар әр кезеңде жазылғанымен композитордың өзі (композитордың бір сұхбатында байқалғандай) оларды бір циклге байланыстыруға жол қояды. Олар – драмалық, тереңдетілген психологизмге толы би және скерцоға дейін баратын үлкен шеңберді қамтиды. Прелюдия жанры композиторды формасы жағынан ықшамдылығымен, оның ішкі дүниесіндегі сырын, ойын және сезімін білдіруімен қызықтырған [4]. Мысалы, №1 – Юмореска, №6 – Менуэт, №7 – Скерцо, №8 – Романтическая.

Тілес Қажығалиевтің барлық прелюдиялары жанр, форма, фактура, темп және штрих жағынан әр түрлі мінезге толы. Т.Қажығалиевтің композиторлық фортепиано стилінің ерекшелігі:

Жетінші прелюдиясында (Прелюдия-Скерцо) скерцо, прелюдия және күй жанрының бірігуінен шыққан жанрдың халықаралық және ұлттық синтезі;

Халық ұлттық стилистикасы мен қазіргі заманға сай композиторлық жазбаның байланысы. Бұл ерекшелік барлық прелюдияларда бар. Ол қазақ музыкасын мінездеуші XX ғасырдың әдістерімен сәйкес келеді;

Әрбір прелюдияларын аспаптауға болатындықтан оркестрлік көрініспен қарастыруға болады; Прелюдияларының біртегістігі мен графикалығы полифониялық мазмұндамада пайда болуы.

Бұл прелюдияларының стильдік бастауы С.Прокофьевтің фортепиано шығармашылығымен (op. 12, №7 до-мажор прелюдиясы, Прокофьевтің 4-ші сонатасындағы Andante, «Мимолетности» №2, «Сарказмалары», №8 сонатасынан Менуэт, «Скерцо» op. 12) тығыз байланысты. Сонымен бірге, Т.Қажғалиевтің прелюдиялары қазақ мәдениетнің музыкалық дәстүрімен байланысты анықталады. Мысалы, 7-ші прелюдиясының ырғақтық мотивінде

(«Шилі өзен», «Уридай», «Сәулем-ай» секілді қазақ әндерімен тұтас), бірінші және екінші прелюдиясының әуенінде есітеміз.

Т.Қажғалиевтің прелюдияларының анықтау процессінде оның миниатюраларында автордың өзіндік жекелігі байқалады. Бұл жекелік XX ғасырдың музыкасындағы қазіргі заманға келетін тілінде, дәстүрінде әрі фортепиано стиліндегі гармонияның күрделілігі мен формасының анықтығында көрініс табады. Т.Қажғалиев прелюдиясының фактурасында керемет өнертапқыштық шеберлігін қалың тембрінің қосылуында және унисондық қуыстығының фондық эффектінде, әуендетілген лирикалық мелодиясында және өткір кластерлік гармониясында көреміз. Өзінің бейнесі жағынан прелюдияда лирика да, жұмсақсық та, нәзіктік те, апаттылық та бар және бейнелігі толық, театрлы болуымен ерекшелінеді. Бірінші, Екінші және Жетінші прелюдияларының тематикалық материалында өзінің ұлттық топырағы, композитордың музыкалық тіліндегі ұлттық табиғаты байқалады.

Республикамызда прелюдия жанрының даму көрінісінде Жұматай Тезекбаевтың екі прелюдияларын атап өтсек болады. Ж.Тезекбаев өзінің ертедегі шығармашылығында фортепиано үшін «Сон» және «Явь» деген 2 прелюдияларын жазды (1978). Және фортепианоға мен оркестрге арнап жазылған «Нәзік жалған» прелюдиясын енгізді.

Аспаптық жанр бойынша композитор фортепиано аспабында фактуралардың байлығын сезінген. Сол үшін Барток, Стравинский, Орф, Хиндемиттің шығармаларын үйрене отырып, қазіргі заманға сәйкес белгілі амалдарын қолданады. Оның ерте кезеңдегі музыкасында еуропа жанрындағы (поэма, баллада) және сол секілді қазақ дәстүрлі музыкасындағы (ән, терме, күй) импровизация мен тембрлік мүмкіндіктерімен бірге ұлттық стилистикасы байқалады [5]. Тезекбаевтың интонациялық тіл байлығы еуропа нормасындағыдай қатал емес, қазіргі заманға сәйкес келеді.

Фортепиано үшін жазылған төрт прелюдияның авторы Бақтияр Аманжолов болып табылады. Оларды 1969 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында дайындау курсында профессор Ғ.А.Жұбанованың классында оқып жүрген шақтарында жазған еді. Прелюдиялар үлкен цикл құрайды. Б.Аманжоловтың прелюдияларын француз импрессионисттері Дебюсси мен Равельдің шығармаларымен, олардың бағдарламалы миниатюраларымен және А.Н.Скрябиннің прелюдияларымен, С.С.Прокофьевтің «Мимолетности» циклімен салыстыруға болады.

Фортепиано циклін құрайтын пьесалары өзінің шынайылығы мен көркем бейнелі тереңділігімен ерекшеленеді [6]. Оның барлық прелюдиялары табиғаттың бейнелерімен тығыз байланысты және өзіне тән атауларға ие: «Тау ішінде күзде» («Осенью в горах»), «Өзен» («Ручей»), «Кешкі әуез» («Вечерний напев»), «Көкпар».

О.Бондаренконың сұхбатында композитор: «Консерваторияда оқып жүрген жылдарымда мен Александр Затаевичтің өткен ғасырдың 1920-1930 - жылдары жинақтаған қазақ әндері мен күйлерімен таныстым. Бұл кезінде

«рухани көзқарас – мәдениет – табиғат - тұрмыс» деген тізім керемет мәдениеттің көрінісі еді. Ал Затаевич болса, елдер бір бірімен әдемі импровизацияланған тілектермен кездесіп, аяулы ана өз ұлына ән арнап, көптеген әсер қалдырады деп толқып жазған. Олар жігерленген сол қоршаған ортада табиғат гармониясымен жасады».

Ғ.Жұбанова, Қ.Қожамьяров, Т.Қажғалиев, Н.Мендіғалиев, Ж.Тезекбаев, Б.Аманжолов және т.б. композиторлардың прелюдия жанрына үлес қосқан шығармалары жаңа құралдарын іздenуге көрсетілімді және көркем-ойлы тұжырымдамаларының құрылуында үлкен рөль атқарады.

**XX ғасырдың классикалық музыкасы**

XX ғасырда классикалық музыка композитордың еркі мен қиялынан басқа ештеңемен шектелмейтін эксперименттерге бейімділікпен сипатталады.

XX ғасырдың композиторларынан классикалық музыкаға Рахманинов, Бриттен, Гласс, Стравинский, Бернштейн шығармалары кіреді.

**20 ғасырдағы қазақ музыкалық мәдениеті**

XX ғасырдың басына дейін, қазақ халқының рухани байлығы әкеден балаға, ұстаздан шәкіртке, өткеннен болашаққа тек ауызба-ауыз беріліп отырған. Көшпенді, жартылай көшпенді өмір де халықтың музыкалық дәстүр мен саз аспаптарын, сондай-ақ көркем өнердің бір тамаша үлгісі ретінде ауызша және ақындық өнердің дамып қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Бастапқы даму кезеңінде халық музыкасы діни және тұрмыс-салт, дәстүр сабақтастығын жырлауға арналған құрал ретінде қаралды. Қазақ халқының ұлттық этнос ретінде қалыптасу кезеңінде жыраулардың жыр толғаулары көбінесе ата-баба дәстүрімен батырлық- ерлікті дәріптеуге көп арналған. Қыл қобыз бен домбыраның сүйемелдеуімен орындалатын мыңнан аса жыр жолдары төгілген, жүзден аса маржан жырлар халық есінде жатталып қалған. Қазақ халқының бұрынғы және қазіргі тарихында ойып орын алатын «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер -Тарғын», «Қамбар батыр», «Қыз Жібек», «Қозы-Көрпеш-Баян -Сұлу», «Еңлік-Кебек» және ерліктің белгісі, ұлттың алтын қазынасы ретінде жеткен.

Кейінірек пайда болған күй өнері де өзінің тылсым табиғатымен тәнтті еткен. Дәстүрлі жыр өнері мен құдіретті күй өнерінің бастауында әрине қыл қобызын арқалаған Қорқыт бабамыздың тұрғаны айдан анық.

Кейбір күйлерден тірі табиғаттың тылсым үнімен қоса өмір мен өлімді, тіршіліктің мағынасына үңілген ұлылықты сезінгендей боласың. Бірақ барлық дерлік күйлерден қайталана естілетін әуен-бұл тәңірге жалбарыну, ұрпаққа өсиет, ата-бабалар дәстүрі, табиғат тылсым күштері мен аруақтарға арнаулар.

Домбыра мен сыбызғы аспаптарының даму тарихы ғасырлар қойнауына терең кетеді. Көне қала Хорезмге жасаған археологиялық қазбалар кезінде

табылған екі ішекті музыкалық аспаптарда ойнап отырған мүсіндер, домбыраның шығу тарихының көнеден басталатындығының куәсі. Ғалымдардың пайымдауынша, 2000 жыл бұрын пайда болған Хорезм екі ішекті аспаптарының қазақ домбырасымен төркіндес екендігі және бұл аспаптардың Қазақстан территориясында пайда болған ежелгі көшпенділердің алғашқы аспаптары екені анықталып отыр.

Домбыра мен сыбызғы саздарының ежелгі үлгілері ретінде жеткен күй дастандары өте көп. Мысалы, «Аққу», «Қаз», «Нар», «Ақсақ құлан», «Ақсақ қыз», «Жорға аю», және қайғы-мұңға толы «Зарлау», «Жетім қыз». Бұл күйлерде ежелгі көшпенділердің діні, салт-дәстүрі, қуаныш-қайғысы мыңдаған ғасырлар бойы сақталып, бізге жеткен[2].

Тек XIX ғасырда қазақ музыкасы діни әуендерден арылып, толық қанды көркемөнер саласы болып дами бастады. Осы кезеңде аспаптар ақындар айтысы, өлең өнері халық арасында кеңінен тарап, рухани қолдау тауып, қарқынды алға басты.

Кең байтақ Қазақстан өңірінде әр түрлі сазгерлер мен орындаушылар мектебі ашылып, әр өлкелердің әуендері жарық көрді.

Мәселен, Батыс Қазақстан төкпе күйдің отаны саналса, Сарыарқа өңірі дәстүрлі ән орталығы, оңтүстік өңір жыраулық, шешендік сөз өнері, ал Жетісу ақындар айтысын дамытты.Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай, Мәди, Мұхит, Абай, Кенен Әзірбаев аттары тек қазақтың емес, әлем музыка мәдениетінде ойып орын алған.

Олардың шығармашылығы өзіндік жарқын стилімен және музыкалық қайталанбас таңбаларымен қазақ классикалық музыка мәдениетінің мақтанышына айналды.

Қара халықты құдыретті музыка үнімен сусындата отырып, олардың өздері де халық арасында үлкен құрмет пен ілтипатқа ие болған. Олардың ең талантты, үздіктеріне халық сал, сері атағын берген.

XIX-шы ғасырдың қазақ кәсіби музыканттары өздерінің музыкалық шығармаларын орындауымен қатар, сөз өнері, импровизация, өте жоғары дәрежедегі вокалдық техника, музыкалық аспаптарда виртуоздық орындауымен, театр және цирк өнерінің элементтерін араластырғаны орта ғасырдағы Батыс Европа музыканттар арасында дамыған жанглер, трубадур, трувер, мейстер, миннизингерлер өнерімен бір дәрежеде қарастыруға болады[3].

XX-шы ғасырда қазақ музыка мәдениеті музыкалық жаңа формалар және жанрлармен байытылды. Азғантай уақыт аралығында бүкіл классикалық Европа музыка өнерін-операны,симфонияны,балетті,контатаны, ораторияны,ансамбльді, оркестрді, хор орындаушылық формасын меңгеріп қана қоймай, жазбаша типтегі музыка өнерінің жаңа кәсіби сазгерлік мектептерін ашты.

XX-шы ғасырдың 30-40 жылдары қазақ ұлттық мәтінді музыкамен және европалық классикалық музыканы -органикалық синтез жасау арқылы

қазақ опера өнерінде Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегі», А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайы», М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» классикалық туындылар дүниеге келді. Бұл туындылардың драматургиялық және музыкалық негізі қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың бай қорынан алынған болатын.

60-70-ші жылдары республикада европалық аспаптық музыканың қиын жанры- симфонияның дамыған уақыты. Формасы жағынан классикалық симфонияға келетін Ғ.Жұбанова мен К.Кужамьяровтың симфониялық күй синтезі өмірге келді.

Әсіресе ғалым- фольклорист Б.Сарыбаев жаңғыртқан қазақ халқының ежелгі ұмыт болған музыка аспаптарын құрамына енгізген «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі халық арасында үлкен беделге ие болды. Бұл жерде оркестрдің басшысы- дирижері, сазгер, домбырашы Н.Тілендиевтың сіңірген еңбегі өте зор.

Қазіргі заманда Қазақстанда музыка өнері әр түрлі салада дамып келе жатыр. Европалық орындаушылық және композиторлық творчестволық жанрдан басқа республикамызда басқа рок, эстрада, джаз және әлемдік діни музыкалық концессиясы, фольклор, ауызша кәсіби орындаушылық шеберліктері дамыған ұйғыр, неміс, кәріс, дұңған, орыс, татар музыкалық ұжымдары бар.

Қазақстан -орындаушылық таланттары жағынан әлемдік классикалық музыка дәрежесіне көтерілген Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Г.Есимова, Ә.Дінішев, Г.Қыдырбекова, А.Мусаходжаева, Ж.Әубакіровалардың отаны ретінде белгілі, сондай-ақ М.Бисенгалиев, Е.Құрманғалиев, апалы-сіңлілі Нақыпбековалардың шет елде ұйымдастырған қазақ музыкалық диаспоралары да өз жұмысын жалғастыруда.

Халық тәрбиесі ғасырлар бойы сараланып, ой-арманның тіршілік тынысы мен шаруашылық кәсібі мен отбасы, аймақтық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие, салт-сана, өнер-білім, тарих дәстүрімен байланыста болып, үнемі өркендеп, дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан әлеуметті-философиялық тарихи-педагогикалы, мәдени көркемді, музыкалы-эстетикалы мұра болып қалыптасты.

Осы тұрғыдан қарағанда қиын-қыстау, өсу, даму кезеңдерін бастан кешірген қазақ халқының өткен шағы мен болашағы ұрпаққа әлеуметтік мәдени мұра қалдыра отырып, сол мәдени көркем мұраның салаларын жастардың бойына дарытып, жүрегіне ұялатып, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру. Әлеуметтік мәдени мұра неғұрлым бай, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгі мәдениет мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән-мағынасы терең, мақсаты айқын, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой-толғаныстары күшті қауым, жан-жақты дамыған ерекше тұлға тәрбиелейтін боламыз.

Қазіргі Қазақстан Республикасының аймағында жүргізілген археологиялық қазбалардың, тарихи зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, көшпелі сахарадағы тайпалар тек малшы, жауынгер ғана емес, сонымен бірге тамаша

сәулетші, мүсінші, суретші, ұста, зергер, әнші, жыршы, термеші, айтыскер, әрі домбыра, шертер, қобыз, шаңқобыз, саз, қурай-сырнай, жетіген, асатаяқ, т.б музыка аспаптарда ән-күй мәдениетінің жоғары дәрежеде дамығандығын байқау қиынға түспейді.

Қазақ халқының музыкалық қазынасы үшінші мыңжылдықтың алғашқы кезеңіне дейін өзінің сан қырлы көркемдік сипатымен сақталынып, көшпенділердің руханияттық және эстетикалық талғамдарына сәйкес ұлттық ділімiздің сарқылмас бұлағына айналуда. Көне музыкалық-поэтикалық нұсқалар -ұмытылмас бабалар даналығы, ғасырлардан жеткен өшпес сарын. Теңдесі жоқ рухани байлығымыз ауызекі түрде қалыптасып, әр заманда сұрыпталып, тек өзіне тән сұлу да сүйкімді әуенімен, қайталанбас ұлттық ерекшеліктерімен, сан түрлі бояуларымен XXI жүзжылдықта өз жалғасын табуда.

Этнограф, композитор А.Затаевич 2300-ден астам халық әндері мен күйлерін қағазға түсірді. “Қазақ халқының 100 әні мен күйі” , артынан “Қазақ халқының 500 әні мен күйі” деген жинақтар бастырды. 1932 жылы композиторға Қазақстанның Халық әртісі тағы берілді. Бұл жиақтар ғасырлардың, мыңжылдықтың мәдениеттің аса құнды ескерткіші ретінде бағаланады.

20 ғ. қазақ музыкалық мәдениеті жаңа әуендік және жанрлық түрімен байыды. Аз ғана кезеңдік тарихи уақытта Республика европалық классикалық музыканың көпдауыстылығы мен жанрлық арсеналын игерді. Бұл – опера, симфония, балет, аспаптық концерт, кантата, ораториялық, ансамбльдік, оркестрлік, хорлық орындау түрлері. Шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды. Ұлттық мазмұндағы синтездік іріктеу және 20 ғасырдың 30-40 жылдарындағы европалық түрді таңдау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің “Қыз Жібек”, А.Жұбанов, Л.Хамидидің“Абай”, М.Төлебаевтың “Біржан — Сара” опералары дүниеге келді. Олардың драматургиялық және музыкалық негізі – қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың шексіз мүмкіндігі арқылы жасалған.

“Отырар сазы” фольклорлық-этнографиялық оркестркөпшілікке жақсы танымал өнер ұжымына айналды. Б. Сарыбаев сияқты ғалым — фольклоршы қайта әкелген қазақ музыкалық аспаптары оның құрамына кірді. Күйлердің оркестрлік орындалуында батырлардың бейнелері, бәйге аттарының шабысы, кең даланың бауыры жазылған бейнесі, халықтық мейрамдар кезіндегі шерулер — барлығы бір арнаға тоғысады. Бұл ұжымның нақты бетінің танылуына осы ансамбльдің жетекшісі және дирижері, композитор және домбырашысы Н. Тілендиевтің аса көп еңбегі сіңді. Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты. Республикада Европалық жанрдағы орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қоса, әуенді шығарудың жаңа дәстүрлі, әлемдік көпшілік музыка (рок, эстрада, джаз) және әлемдік концессиялардың діни музыкасы,

Қазақстанды мекендеген халықтардың – ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің, дұнғандардың, орыстардың, татарлардың ауысша кәсіби фольклоры негіз салды.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көнеден келе жатқан өнегелі музыкалық аспабы. Ол– қазақ тар өмірін де маңыз ды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шең берін де жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халық тық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармалар ды орындауда қолданылатын мүмкіндігі кең тараған музыкалық аспап болып табылады. Қазақтың қазақ тығын көрсететін бірден-бір аспап – домбыра. Осы киелі аспап тыңбаға сынғалымдар да, ақын-жазушылар да айтып кеткен[1]. Александр Ефимович Алекторов: «Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыс шығады дегенге еш уақытта сенбеген болар едім! Егер де сол әуенді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның жаратылыс үнімен ұласа тын күші не де сенбес едім!» – десе, Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Біздің қазақ – ән құмар халық. Біреу қолы на домбыра ұстап, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалы на дейін ай тып-ай тысып, жанын жағасына келтіреді. Сол әндегі рух сүйегіңе сіңеді, құлағың да қалады», – деп жазған.

Біз музыкадан таза нәр аламыз... Музыканың құдіреті біздің жан дүниемізді толқытып, көңілімізді көтеру ге әбден жетеді.
(Аристотель)

Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол бізге осы жұмыстың зардабы басы дауға, төзуге көмек береді. (Әл-Фараби).Әл-Фараби өз еңбегінде: "Адамзатқа тән ерекше бір қасиет – өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ету",-дей келіп, "Музыка теориясының негізгі принциптерін тек түйсік, тәжірибе арқылы білуге болады",-деген анықтаманы ұсынады.

Мұнда дыбыстардың табиғи ерекшеліктері музыкалық әуендері кемелдендірудің жолдары мен принциптері, музыка теориясына байланысты көптеген құнды теориялық мағлұматтар келтіріледі. Тағы бір көңіл бөлетін жай әл-Фараби музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті мойындайды.

Әбу-Насыр әл-Фараби музыкалық дыбыстардың үндестігі жайлы ойларын дамыта, айта келіп, олардың санын онға жеткізеді: 1. Композицияға қосылып оны көркемдей түсетін немесе мәнін төмендететін гармония; 2. Уақыт гармониясы немесе ырғақ мәселесі; 3. Белгілі бір әуен құрайтын ноталарды топтастыру гармониясы; 4. Музыкалық әуен құрайтын басқыштарды топтастыру гармониясы; 5. Белгілі бір музыкалық әуен құру үшін ноталардың өзара алмасуының ерекше гармониясы; 6. Бір тектес үндес ноталарды қосу гармониясы; 7. Музыкалық әуен құрайтын басқыштар гармониясы; 8. Интервалдар гармониясы; 9. Әр түрлі тональдықтар негізінде

алынатын құрылысы, ортақ гармониялар; 10. Ноталардың биіктігі мен төмендігі жәйлі гармония. Бұдан біздің пайымдайтынымыз, Фараби музыка теориясына қатысты барлық мәселелерді гармония деп атаса да, олардың ішкі мәнін өзінің дұрыс мағынасында түсінген. Әл-Фарабидің музыка жайлы ойларын айта келіп,

Әбу Насыр әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітабына» Махмуд Ахмад әл-Хафнидің алғы сөзінде «Даусыз әл-Фараби музыка өнерінің қолданбалы саласының жетік білгірі әрі осы өнердің теориялық негіздерінің барлық мәліметтерін білген. Оның осы ғылымдағы кітабы үлкен салмаққа ие болды, себебі, ислам әлемі орнағалы бері, араб дүниесінде мұндай орасан еңбек, бұрын да кейін де жазылмаған. Әл-Фараби бұл еңбекті өз замандастарының өтініші бойынша, дәлірек айтқанда, Әбу Жағфар Мұхаммед ибн әл-Қасым әл-Кирхи уәзірдің өтініші бойынша жазған екен. Біздер үшін әл-Фарабидің бұл еңбегі музыка саласы бойынша жазылған аса қымбат тарихи және мәдени мұра. Сондықтан әл-Фараби сынды тамаша да ерекше тұлға тұрады, оның дүниежүзілік мәдениетке қалдырған мұрасы туралы жастарға қашанда айтып, оны зерттеу нысанасына айналдырып отыру біздердің парызымыз.

Музыка адам жанын жар қыратып, жалындап тұруы тиіс. (Л.Бетховен) Қазақтың отан шылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай – қазақ әнін тыңдаған да күллі дала көз алдың нан өткен дей болады[.

**Классикалық музыканың танымал адамдары**

Петр Ильич Чайковский (1840-1893) - орыс композиторы, педагог, дирижер және музыка сыншысы.
Иоганн Себастьян Бах (1685-1750) - ұлы неміс композиторы, органист, капеллмейстер, музыка мұғалімі.
Людвиг ван Бетховен (1770-1827) - ұлы неміс композиторы, пианист және дирижер, "Вена классикалық мектебінің"соңғы өкілі.
Вольфганг Амадей Моцарт 1756-1791) - ұлы австриялық композитор және виртуоз музыкант.
Фредерик Шопен (1810-1849) - поляк композиторы және пианисті.

**Классикалық музыканың адамға әсері**

Ғалымдар классикалық музыканың адам ағзасына оң әсер ететінін дәлелдеді. Бала кезінен ұлы композиторлардың өлмес шығармаларын тыңдау баланың интеллектуалды дамуына, стресске төзімділігі мен ғылымға бейімділігіне көмектеседі. Әсіресе Моцарттың жұмысын тыңдау ұсынылады. Олар адам ағзасына келесідей әсер етеді: емтихандар мен басқа да ауыр сынақтар алдында мидың жұмысын ынталандырады; өзін-өзі жетілдіруге

деген ұмтылыс пен жеңіске деген ерік-жігерді дамытады; Моцарттың музыкасының ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдарға немесе олардың қызмет саласын таңдағандарға әсері ерекше байқалады .

Эксперимент жүргізілу барысында тиін мен тауық жұмыртқасы металл музыка концертіндегі бағандардың алдына қойылды. Шығарылған сықырлаған дыбыстар тииннің жүнінің бұйралануына себеп болды, ал жұмыртқа қайнатылған сияқты болды. Айырмашылығы - бұл ақуыз бал тәрізді болды. Сонымен қатар, өсімдіктердің өсуі мен дамуы олардың жанында ауыр металл немесе рок қосылған жағдайда тоқтайды. Сайып келгенде, өсімдік өледі. Балық жүзетін аквариумның жанында ауыр рок қосылып, жеңіл музыканы тірі жанға бағыттады. Он сағаттан кейін балықтың 50% - дан астамы қайтыс болды. Музыкада ауыр рок пен металл басым болатын дискотекада немесе концертте ұзақ уақыт болған жасөспірімдер психологиялық тұрғыдан гипноздық трансқа жақын екені белгілі.

Классикалық музыка адамға жағымды әсер етеді, бұл бірнеше рет дәлелденді. Классика барлық нәрседе, киімде, өнерде, тағамда, музыкада бар. Классикалық киім кигенде, сіз өзіңізді мүлдем басқаша сезінесіз, еңкейіп, қоқыс тастағыңыз келмейді, ант бергіңіз келмейді. Бұл біреуге өте скучно болып көрінеді, біреу рахат пен ләззат алады. Музыкада да солай. Барлығы оған мүлдем басқаша қарайды.

Классика адамдарға жағымды қасиеттерді, әлемге деген көзқарасын тәрбиелейді. Классикалық музыка-бұл барлық музыканың негізі. Егер сіз негізді білсеңіз, онда сіз жаңа, қызықты, пайдалы нәрсе жасай аласыз. Кішкентай музыканттардан жақсы, лайықты ересектер өседі. Олардың арасында музыкалық жолда ғана емес, басқа да салаларда құнды нәрсе жасаған көптеген адамдар бар. Бала кезінен музыка мектебіне барған адамдар арасындағы қылмыс деңгейі әлдеқайда төмен - және классикалық музыканы неге тыңдау керек деген сұрақ енді соншалықты оғаш және орынсыз болып көрінбейді.

**Неліктен классикалық музыканы тыңдау керек?**

Классикалық музыка ми қызметінің, ойлаудың дамуына өте жақсы әсер етеді. Классикалық әуесқойлармен және жаңадан бастаушылармен түрлі эксперименттер жүргізілді. Нәтижесінде классикалық әуесқойлар мидың оқу мен есте сақтауға, допаминді, бақыт гормонын шығаруға жауап беретін аймақтарында байқалды. Музыка сонымен қатар деградацияға жауап беретін гендердің белсенділігінің төмендеуіне ықпал етті.

Классика эмоционалды және психикалық күйге пайдалы әсер етеді . Сумен тәжірибелер жүргізілді. Классикалық музыкада ұқыпты және біркелкі кристалдар өсірілді, ал металл музыкада тікенді, тұрақты емес кристалдар пайда болды.

Классикалық музыка табиғаттың үйлесімді заңдарына сәйкес келеді, сондықтан ол біздің денемізге және барлық тіршілікке пайдалы әсер етеді.

Классикалық шығармаларды жасай отырып, композиторлар көбінесе табиғаттан, табиғи құбылыстардан шабыт алды.
Ол демалуға, назар аударуға, шабыт алуға көмектеседі . Сіз көңіл-күйге сәйкес классикалық музыканы таңдай аласыз.

Классикалық музыканы тыңдай отырып, біз өткен уақыттағы оқиғаларды өмір сүре аламыз . Шостаковичтің Ленинград симфониясы 1942 жылы соғыс кезінде құрылды және кейіннен қоршаудағы Ленинградта орындалды. Оны тыңдай отырып, көптеген адамдар көз жасын төгеді, бұл музыка сол кездегі адамдардың көңіл-күйін өте жақсы жеткізеді. Ол адамдарға жеңіске деген үміт пен сенім ұялатты.

Композиторлардың өмірбаянын зерттей отырып, музыканы және сол кезде өмір сүрген адамдарды жақсы салыстыруға және түсінуге болады немесе композитордың өз тәжірибесін, оның өмірінде болып жатқан оқиғалардың фонында оған әсерін сезінуге болады.

## 3.2.ХОРЕОГРАФИЯ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Хореография (грек. choreia — би, grapho — жазамын) — 1) шартты белгілер жүйесі арқылы би қимылдарын жазу. Би қимылдарын жазып алу тарихы ежелгі дәуірден (ежелгі мысырлықтар, римдіктер, т.б.) басталды. 15 ғасырдың аяғы мен 18 ғасырдың басында Еуропада би қимылдарын жазуға алғашқы талпыныстар (мысалы, Францияда балетмейстер П.Бошан) жасалды. Алғаш рет “Хореография” терминін француз би үйретушісі Р.О. Фейе (“Хореография немесе би жазу өнері...” атты кітаптың авторы, 1700) енгізді. 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында хореография термині би өнеріне қолданылатын болды. Ресейде 19 ғасырдың аяғында би жазудың екі түрлі жүйесі (А.Я. Цорн және В.И. Степановтың) қалыптасты. Мысалы, Степановтың би жазу жүйесі Санкт-Петербург пен Мәскеу театр училищесінде оқу пәні ретінде жүргізілді. Мария (Санкт-Петербург) театры репертуарынан осы жүйе бойынша 27 балет жазылып алынды; 2) би және би спектакльдерін (балет) қою өнері. Осы өнер саласы бойынша дүние жүзі елдерінде атақты хореографтар жемісті еңбек етті. Олардың қатарында Ж.Доберваль, Ж.Ж. Перро (Франция), Г.Анджолини (Италия), Ш.Дидло, А.А. Горский, М.И. Петипа, М.М. Фокин, Ю.Н. Григорович, Р.В. Захаров, Л.М. Лавровский (Ресей), В.М. Чабукиани (Грузия), т.б. сынды хореографтар бар. Қазақстанда Х. термині 20 ғасырдың 30-жылдары қолданыла бастады. Қазақтың халық билері тұңғыш рет 1947 ж. жазылды. Қазақ хореографтары қатарынан Д.Әбіровтың, З.Райбаевтың, т.б. есімдері белгілі.

Хореография тарихы- Әр өнер адамзаттың қайғы-қасіретін, ойын, сезімін, неше түрлі — бүгінгі, кешегі, тарихи немесе фантастикалық оқиғаларды адамдарға өзіне тән құралдарымен, амал-тәсілдерімен жеткізуге тырысады. Және әр өнер шартты болып келеді. Соның ішінде, музыкалық театр — опера, әсіресе балет — ең шарттысы. Неліктен? Өйткені, тіпті операда кейіпкерлер жай сөздердің орнына ән айтқандарымен ерекше. Сол себепті олардың әндерінің арқауы сөз болады. Хореографияда болса — бәрі

де басқаша. Ол — сөзсіз өнер. Оның негізі — би. Хореография — ой мен мазмұнды музыкалық-хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнердің бір түрі. Оның қайнар көзі — халық билерінде. Адамның қарапайым пластикалық қимыл-козғалысынан өнердің қиын түрінің бірі — балет спектаклінің шығуына дейін қаншама жылдар, қаншама тарихи дәуірлер өтті! Қазіргі біз білетіндей балет спектаклі Еуропада XVII ғасырда қалыптаса бастады. Одан бері балет өнері қалыптасу мен дамудың ұзак та қиын жолын басынан өткізді.

Әдебиетте сөздерден әңгіме мен поэмалар, романдар мен өлеңдер жазылатындай, балетте де қимыл-қозғалыстардан әр түрлі оқиғалар мен кейіпкерлердің жан сезімін әңгімелейтін балет-спектакльдер дүниеге келеді. Балет сөзсіз, тек артистің дене қимылымен, бет-әлпетімен әңгімелейді. Әңгімені би тілімен жүргізу үшін артистің ерекше табиғи қабілеті, дарындылығы болуы қажет және бұл өнер түрін көптеген жылдар бойы арнайы мектептер мен жоғары оку орындарында оқуы керек. Хореографиялық мектептердегі ең басты сабақ — классикалық би. Латын тілінен аударғанда классикалық — үлгілі деген сөзді білдіреді ( лат. classicus — үлгілі ). Классикалық дегенге біз ұлттық және дүниежүзілік мәдениеттің бағалы асыл мұрасын, әдебиет пен өнердің үлгілі, атақты, танымал шығармаларын жатқызамыз. Классикалық деп біз ең керемет, бірінші дәрежелі балет спектакльдерін де айтамыз. Ал оларды жасаушы балетмейстерлерді хореография классиктерінің қатарына енгіземіз.

Итальян тілінен аударғанда балет деген сөз (balleto) "билеймін" деген мағынаны білдіреді. Мұнда либретто жазушы сценарист, музыка шығарушы сазгер,билерді қоюшы балетмейстер және суретші еңбегі тоғысып, ортақ арнада қосылады. Музыка билерді сүйемелдеумен бірге, балет шығармасының драмалық ой-мазмұнын тереңірек ашуға кызмет етеді. Балетмейстер — балет, би, хореографиялық көріністердің авторы және қоюшысы. Балетмейстер спектакльдің идеясы мен сахналық көркем тұлғаларды неғүрлым бейнелі түрде ашып көрсететін билер жүйесін құрастырады және жеке хореографиялық сахналар мен би нөмірлерін қояды. Балет классикалық және характерлі (халықтық билерге жақын) би үлгілерінен тұрады. Сюжетті балеттерде қимыл-пантомима мен әрекетті көріністер (па, д'аксъон) көп қызмет атқарады. Балеттің дәстүрлі музыкалық-хореографиялық формалары қалыптасқан: екі кісілік би (па-де-де) және көпшілік биі (па-де-труа, па-де-катр, гран-па). Соңғысын кордебалет орындайды. Қаһармандық, драмалық, комедиялық сюжеттер балет жанрын айқындайды. Сондай-ақ шағын балет, балет-пантомима, балет-феериялар болып бөлінеді.

Хореографияның негізгі элементтері халықтың музыкалық-би шығармашылығымен тікелей байланыста туған. Ортағасырлық Еуропада, христиан дінін қабылдаған елдерде храмдарда (ғибадатханаларда) діни драма мистерияларды көрсете бастайды. Сонымен қатар ән-биі аралас комедиялық ойын-сауықтар құдіретті фарстар кең етек жайды. Діни мазмұнды билер

үлкен тойларда да орындалды. Олар, көбінесе ас табақтары ауысқанда қонақтарға ермек үшін көрсетілетін. Сондықтан оларды тамақаралық билер деп атады. Ақырындап билер өзінің діни маңызынан алшақтай бастады. Адамдар мейрам күндері биледі, көп ұзамай тұрмыстық билер пайда болды. Францияда тұрмыстық билерді — бранли деп атайды. Оны ән немесе волынканың сүймелдеуімен орындады. Бранлиді кезбе актерлер халық арасына тарата бастады. Қалаларда ашық аспан аясында жәрмеңкелер, мейрамдар өтіп тұратын. Онда би-пантомималық сахналар жиі көрсетілетін. Бай ақсүйектер халықтық ойын-сауық түрлерін өздеріне негіздеді. Әдемі дамалар мен серілер өзіндік хороводтар жүргізетін. Атакты ақсүйектер бас киіммен билейтін. Әйелдердің қолында әдемі орамалдар мен веерлер болды. Балдарда өте ақырын павана, аллеманда, сарайлық бранль биленетін. Кейінірек ырғақты, сырғымалы минуэт пен гавот, жига, бурре сынды тез биленетін билер шықты.
Орта ғасырлардың аяғында Францияда және Батыс Еуропаның басқа елдерінде, көбінесе салтанатты тойлардан кейін бірінші балеттер қойыла бастады.

Еуропада (Италия, Франция, Англия, Испания, тағы басқа) кәсіби балет Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келді. Алғаш Италияда тұрмыс-салтты көрсететін би түрлері іріктеліп, жүйеге түсіп, сахналық заңдылыққа бағындырыла бастады. Той-думанда орындалатын халық билері жаңа мәнерлі, әсем өрнекті, бір идеяны ұқтыруға, бір ойды айтуға мегзеген балеттерге арқау болды. XVI ғасырда ат үстіндегі балет пайда болады. Францияда Людовик XIII және Людовик XIV корольдер тұсында, әсіресе ат үстіндегі кадриль-балеттер кең етек жаяды. XVI ғасырда би техникасының дамуы әлдеқайда ілгері басады. Сол кездегі атақты хореограф болып Италияда Фабрицио Карозо мен Чезаре Негри, ал Францияда Бальтазарини мен Туано Арбо саналды. 1581 жылы Венецияда Фабрицио Карозоның "Биші" атты кітабы жарық көрді. Онда ол Венецияның халық билерін, олардың орындалу техникасын, бидің негізгі қимылдарын суреттеген. Ал Францияда Туано Арбо диалог түрінде жазылған "Орхесография" атты кітабын шығарды. Сол уақыттағы балет спектакльдері үлкен сарайларда, сән-салтанат ордасында қойылып, аңыздар негізінде құрылды. Балет өнердің басқа түрлерімен тығыз байланыста дамыды. Оған, көбінесе музыка мен әдебиеттегі ағымдар ықпал жасап отырған. Балетке кәсіби дайындалған орындаушылардың келуі бидің әрі қарай дамуына әсерін тигізді. Бірақ бұл үрдіс ұзаққа созылды. Ақырында балет өнердің жеке түріне айнала бастап, би техникасы жақсарды, темп, ырғақ күшейіп, костюм жеңілдене түсті.

XVII ғасырда балет спектакльдерінің мазмұны түрлене түсіп, композициялары қиындайды. Би жаңа әрекеттермен, қимыл-қозғалыстармен байи түсті. XVII ғасырдағы балет спектакльдері, көбінесе аллегориялық болып келді. Олар сахналық машина техникасының күрделілігімен, костюмдерінің әртүрлілігі және байлығымен, көріністердің көптігімен ерекшеленеді. Әр көрініс үш, алты, тоғыз немесе он екі билерден тұрып,

қорытындысында куранта, сарабанда, гавот, менуэт,ригодона билерінен тұратын "үлкен балет" көрсетілетін. "Үлкен балетте" арнайы костюмдер киген король бастаған атақты ақсүйектер ғана билей алды. Би техникасы арнайы дайындықты қажет етті. Бұл балеттерге король XIV Людовик жиі қатысатын. Ол Құдайлар мен бекзаттардың рөлін орындады және міндетті түрде бетперде киетін. Күрделі характерлі билерге актерлер шақырылған. 1661 жылы Францияда Корольдік би академиясы ашылды. Бұл академияда балетмейстер Шарль Бошан бастаған он үш академик игілікті би өнерін әрі қарай дамытуды көздеді. Балеттегі барлық рөлдерді ерлер орындады. Тек 1681 жылы Шарль Бошанның "Махаббат салтанаты" балетінде бірінші рет әйелдер шықты. Олардың арасында атақты балерина Лафонтен де болды.

XVII ғасырда хореографиядағы жаңа жанр — комедия-балеттің драматургі, актері және режиссері Жан Батистп Молъер (Поклен) (1622—1673) болды. Өзінің "Мазасыздар", “Дворяндықтагы тоғышар”, "Жалған сырқат", “Де Пурсонъяк мырза” спектакльдерінде музыка, би және көріністі ұштастырған Мольердің өзі актер әрі биші ретінде сахнада өнерін көрсеткен. Ол комедия-балет жанрында терең мазмұндылық пен ескі парадтық-пасторальдық сахналық түрлерді жаңартты.

Мольердің комедия-балеттеріндегі билерді балетмейстер Пьер Бошан (1636—1705) қойды. Пьер Бошан классикалық балеттің дамуына өте көп еңбек сіңірді. Ол аяқтың бес позициясын енгізді, сахналық би жүйесін жетілдірді. 21 жыл бойы ол қазіргі Париждегі опера және балет театрында, сол кездері француз Корольдік музыка академиясында балетмейстер болды.

XVII ғасыр екінші жартысында өмірге опера-балет келді. Бұл балеттерге музыканы сол кездегі атақты композитор Жан Батист Люлли (1632—1687) жазды. Скрипкашы, композитор әрі биші Люлли сол кездегі Франция операсының стилін айқындап, балеттің дамуына да әсерін тигізді. Оның атақты "Гавотын" көптеген балериналар әлі күнге дейін билейді.

XVI ғасыр Англияда II Карлдың тұсында театрлар өз спектакльдеріне тұрмыстық билерді енгізген. Бұған атақты Шекспирдің шығармалары түрткі болды. Оның барлық шығармаларында билер, би мерекелері, маскарадтар суреттеледі. Мәселен, “Махаббаттың бекер әлегі” пьесасындағы кейіпкерлер хей биін билейді, "Ромео мен Джульеттада" үлкен тойдағы билер, ал "Он екінші түнде" гальярда мен жылжымалы курантаны билейді. Шекспир пьесаларында суреттелген шотландтық жига, межер, синкпейс, мореска, менуэт, пантомималық-билік көріністер, үйлену тойлары XVII ғасырдағы Англияның хореографиялық шығармалар анталогиясын құрайды.

XVII ғасырдағы Англияның ақсүйектер арасында павана, гальярда, куранта, вольта, броль, джига сынды билер етек жая бастады. Бұл билер театрланған мейрамдар мен маскарадтарда, сонымен қатар жылжымалы труппаларда орындалады.

XVI—XVII ғасырлардың бірінші жартысында театр ойынының ерекше жанры — бетперделер кең етек жайды. У.Шекспирдің замандасы ағылшын драматургі Бен Джонсон бетперделердің ең ірі авторларының бірі болды.

Бетперделер Франция балеттерімен өзара байланысты. Олардың сюжеттері аллегориялық, мифологиялық тақырыпта болды. Ең жақсы бетперделер — ән, би, пантомима, декламациясы аралас спектакль-маскарадтар. Олар: "Әсем Лондонның маскасы", "Сұлулық маскасы", "Қара перілердің балеті" деп аталатын. Бетперде жанры — Англиядағы хореография театрын құрудағы алғашқы тәжірибелердің бірі еді.

Балет- Балет (франц. ballet, итал. balleto, лат. ballo — билеймін) — сахналық өнердің бір түрі, мазмұны музыка-хореографиялық образдар арқылы ашылатын спектакль.

Балет — ой мен жан құбылысын қозғалыс, дене қимылымен көрсетеді. Мұнда либретто жазушы сценарист, музыка шығарушы композитор, билерді қоюшы балетмейстер және суретші еңбегі тоғысып, ортақ арнаға саяды. Балеттің арқауы би мен пантомима. Пантомима — сөзсіз, адам денесінің мәнерлілігімен, мимикамен спектакльдің мазмұнын ашатын театр өнерінің бір жанры. Сюжетті Балеттерде қимыл-пантомима мен әрекетті көріністер (па, g’аксьон) көп қызмет атқарады. Балеттің дәстүрлі музыка-хореографиялық формалары қалыптасқан: екі кісілік би (па-де-де) және көпшілік биі (па-де-труа, па-де-катр, гран па). Соңғысын кордебалеттер орындайды. Қаһармандық, драматикалық, комедиялық сюжеттер Балет жанрын айқындайды. Сондай-ақ, шағын Балет, Балет-пантомима, Балет-феериялар болып бөлінеді.

Балеттің негізгі элементтері халықтың музыка-би шығармаларымен тікелей байланыста туған. Еуропада (Италия, Франция, Англия, Испания, т.б.) Балет Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келді. Алғаш Италияда тұрмыс-салтты көрсететін би түрлері іріктеліп, жүйеге түсіп, сахналық заңдылыққа бағындырыла бастады. Той-думанда орындалатын халық билері жаңа мәнерлі, әсем өрнекті, бір идеяны ұқтыруға, бір ойды айтуға мегзеген Балеттерге арқау болды. Бұлар үлкен сарайларда, сән-салтанат ордасында қойылып отырған. Францияда Балет белгілі сюжеттер, аңыздар негізінде құрылды. Балет өнердің басқа түрлерімен тығыз байланыста дамыды. Оған көбінесе музыка мен әдебиеттегі ағымдар ықпал жасап отырған. 17 ғасырдың 2-жартысында өмірге опера-Балет (композиторлар Люлли, Рамо) және комедия-Балет (драматург Мольер) келді. 18 ғасырда Англия, Аустралияда, кейінірек Францияда Балет өнердің жеке бір саласы болып әбден қалыптасады. Осы кездегі би өнерінде үлкен реформатор болған француз балетмейстері Ж. Новер П. Корнель трагедияларын Балетке айналдырып, өзінің теориялық ой-пікірлерін жанды спектакльдерде жүзеге асырды. Оның “Балет жайлы хаттар” (1760) еңбегі басқа елдердің ұлттық Балет өнерлерін дамытуда көп себін тигізді. Содан соң ұлттық Балет мектептері (француз, италиялық, т.б.) шыға бастады. Келе-келе Балет техникасы жетіліп, айналма, секірме қимылдардың ой емеурінін берудегі мәні тереңдей түсті. 20 ғасырда Шығыс елдерінде (Мысыр, Түркия, Жапония т.б.) Балеттер туып, дами бастады. Орыстың Балет өнері 18 ғасырдың 2-жартысынан қалыптасты. Халықтың би қазынасы бірте-бірте игеріліп, өнегелі Балет мектептерінің

ыңғайымен жүйеге түсті. 19 ғасырдың бас кезінде, әсіресе, балетмейстер Ш. Дидлоның қызметі тұсында орыстың Балет өнері едәуір табысқа жетті. Е.И. Колосова, М.И. Данилова, А.И. Истомина, А.П. Глушковский сынды бишілер тобы өз өнерлерімен бой көрсетті. Балет өнері мен музыкасының ілгері дамуына кезінде зор үлес қосқан орыстың ұлы композиторы П.И. Чайковский болды. Балетмейстерлер М. Петипа мен Л.И. Иванов орыстың халық билерін классикалық би үлгілерімен ұштастыра отырып, оның "Ұйқыдағы ару", "Аққу көлі" және "Щелкунчик" (1890 — 1895) Балеттерін қойды. П.И. Чайковскийдің Балет музыкасында игі дәстүрін жалғастырып, одан әрі дамытуда көптеген композиторлар (А. Глазунов, И. Стравинский, С. Прокофьев, т.б.) елеулі еңбек етті. 20 ғасырдың басында балетмейстерлер М.М. Фокин мен А.А. Горский Балет өнері саласында батыл ізденістер жасады. Орыс бишілері А.П. Павлова, В.Ф. Нижинский, Г.П. Карсавина, Е.В. Гельцер, М.М. Мордкин, В.Д. Тихомировтар Балет өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. 20 ғасырдағы орыстың Балет өнері Англия, Францияда Балеттің қайта өркендеуіне, ал, АҚШ-та Балеттің тууына игі әсер етті. Қазан төңкерісінен кейінгі Б.В. Астафьевтің ("Париж жалыны", "Бақшасарай фонтаны"), Р.М. Глиэрдің ("Қызыл гүл"), А.И. Хачатурянның ("Гаянэ", "Спартак"), С.С. Прокофьевтің ("Ромео мен Джульетта"), А.А. Крейннің ("Лауренсия"), Қ.А. Қараевтың ("Жеті ару") Б-тері кеңес өнерін дүние жүзіне танытып, даңққа бөлеген туындылар. Г.С. Уланова, М.Т. Семенова, Н.М. Дудинская, О.П. Лепешинская, М.М. Плисецкая, В.М. Чабукиани, Г. Алмасзаде, Б. Бейшеналиева, З.Насретдинова, М. Тұрғынбаева, Л. Сахьянова, Ш. Жиенқұлова секілді бишілер есімі өнер әлеміне мәшһүр болды. Кеңес одағында 40 опера және балет театры, 16 мемлекеттік балет училищесі жұмыс істеді. Балет өнерінің кадрларын Мәскеудегі Театр өнері институты мен Мәдениет институты, Санкт-Петербург консерваториясы, Қазақстанда Алматы жоғары би өнер мектебі даярлады. Қазақ Балеті әуелде драматикалық, опералық спектакльдер ішіндегі би көріністері ретінде қалыптаса бастады. Діни сенімнің салдарынан үзіліп қалған халықтың көне билері қайта түледі. Тұңғыш қазақ режиссер Ж. Шанин ұлттық Балетті халық топырағында бар элементтер негізінде, туыстас елдер пластикасына негіздеп жасау керек деген ойын "Қоян-бүркіт", "Киіз басу", "Өрмек би", "Шашу" секілді билерді сахнаға шығаруда іске асырған. Алғашқы опералық қойылымдардың өзінде "Қара жорға", "Қоян би", "Келіншек", "Ақ сүйек", "Тәттімбет", "Айжан қыз", т.б. би нөмірлері сыналып кіргізіліп, спектакльдің толық қанды құрамдас бөлігіне айналды. Қобыз, домбыра ырғақтары, күй әуезі Балет музыкасына арқау болып, оның ұлттық, даралық ерекшелігін айқындады. 1938 жылы қазақ музыка театрында қазақтың тұңғыш балеті "Қалқаман — Мамыр" қойылды. В.Великановтың "Қамбар—Назым", Н. Тілендиев, Л. Степанов пен Е. Манаевтың "Достық жолымен" және Ғ. Жұбанованың "Аққұс туралы аңызы" — қазақ Балет өнерінің өсу кезеңін көрсететін шығармалар. Т. Мыңбаевтың "Фрескалар", А. Серкебаевтың "Ақсақ құлан" Балеттері әртүрлі музыка жанр мен стильдің басын құрайтын

ұлттық композиторлық мектептің өсіп, өркендеуінің айқын айғағы болды. Жер-жерде Балет спектакльдерін қоятын халық театрлары (“Алматының жас балеті”, “Қарағандының мәдениет сарайы”, т.б.) құрылды. 1986 жылы құрылған “Алтынай” мемлекеттік халық би ансамблі қазақ би өнерінің жаңа белесі болды. Қазақ опера және балет театры жаңа өнерді дамытудың тамаша ордасына айналды.

Балет – сахналық өнердің бір түрі, мазмұны музыкалық-хореографиялық образдар арқылы ашылатын спектакль. Балет – ой мен жан құбылысын қозғалыс, дене қимылымен көрсетеді. Мұнда либретто жазушы сценарист, музыка шығарушы композитор, билерді қоюшы балетмейстер және суретші еңбегі тоғысып, ортақ арнаға саяды. Балеттің арқауы би мен пантомима.

# ТАҚЫРЫП 4. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮСТЕЛ ЭТИКЕТІ

Этикет хан (шах, король, патша) сарайларында рәсімділік сақтау тәртібі ретінде пайда болған. "Этикет" сөзі француз тілінен аударғанда "рәсімді реттеуші қоқау-қағаз, этикетка, рәсім өткізу тәртібі" деген мағынаға ие. XVIII ғасырда этикет деп монархтар сарайларында өзін-өзі ұстау ережелерінің жиынтығын айтатын болған, бірақ өмір бұл терминнің одан гөрі кең мағынада қолданылуын қажет етті. Жоғары билік жүргізушілер арасындағы қарым-қатынастардың өз алдына бөлініп, қарапайым халықтан ерекшеленуінің нәтижесінде этикетке көп мән берілгендігін тарих дәлелдейді. Этикет билеушілер сарайындағы өмірді қатаң түрде реттеп отырды: кімнің қашан тұруы керектігі, монархты кімнің, қашан, қалай киіндіретіндігі, аудиенциялардың өту тәртібі және т.б.

Этикетке ұсақ-түйек деп мән бермеуге болмайтын, өйткені сол қатынастағы ұсақ-түйектердің дұрыс орындалмауынан қақтығыстар мен жанжалдар туып, тіпті мемлекеттер арасы шиеленісетін. Корольдік билік тұсында этикет заңдары монархты конституция заңдарынан әлдеқайда мықты байлап алды деп әзілдейтін де еді. Тіпті "әтикет патшаларды күл етті" деген сөз де сол кез үшін этикеттің маңызын танытса керек. Этикет нормалары дербес қасиетке ие. Адамдардың нені жағымды, нені жағымсыз деп тануы әрбір тарихи кезеңге, әрбір этностың өзіндік менталитетіне сай анықталады. Кейбір халықтарда қонақтың тамақты жеп, риза болғанының куәсі ретінде кекіргенін естігенге мәз болады, ал ол басқа халықтарда нағыз мәдениетсіздіктің көрінісі болып табылады. Кавказ халықтарында амандасу барысында алғашқы болып үлкен кісі қол ұсынса, Қазақстанда жасы кішіден ізет күтеді. Әлеуметтік элита арасында дүниеге келіп, сонда біраз уақыт бойында өз әсерін білдірген этикет халық арасында кездеспеді деуге тағы да болмайды. Әрбір халықтың өзіндік қарым-қатынас мәдениеті болғандығына ешкім күмән келтірмейді. Оның қазіргі күні де кәсіптік, тұрмыстық және отбасылық этикетте өзіндік орын алып отырғаны белгілі. Іскерлік немесе кәсіптік этикеттің моральдық негізі — гуманизм. Адамзаттың қадір-қасиетіне деген құрмет, өзінің әріптесінің мүддесі мен іс-әрекет психологиясын білу, тану және т.б. кәсіптік этикеттің құрамдас бөліктері.Этикетті этикамен шатастыруға болмайды. Дыбыстық ұқсастықтарына қарамастан ол екеуі — екі дүние. Этикет нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебін танытса, этика одан анағұрлым кең ауқымды қамтитын ұғым.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында іскерлік қажетті қасиеттердің біріне айналып отыр. Іскер деп нарық экономикасына әбден бейім, яғни сату-сатып алу, алу-алмасу әрекеттеріне жатық, өз ісін жетік білетін қагілез жанды айтады. Іскер де тірі жан болғандықтан, адам қоғамында өмір сүретін болғандықтан, оны тек өз баспайдасын ғана көздеген, ешкіммен санаспайтын жан деп түсіну дұрыс емес. Іскерліктің де өзіне тән этикеті — іс-әрекет ұстанымдары бар. Іскерліктің маңызды ұстанымына сенім жатады. Әріптес адамдар арасында сенім болмай, іс оңға баспайды. Жалпы, сенім —

адамдардың қарым-қатынасын мүмкін ететін фактор. Егер көлік жүргізушіге сенбесек, ешқашан жолға шықпаған болар едік, егер аспазшыға сенбесек, өмірде көшеде тамақ ішпеген болар едік, дәрігерге сенбесек, ауруханаға қаралмаған болар едік және т.б. Ендеше адамдық әрекеттенушілік негізінде метафизикалық сенім жатыр. Сенім жоғалған жерде үміт үзіледі, ал үмітсіз тек шайтан ғана. Адам баласы қандай қиын-қыстау жағдайда болсын үмітін бір үзбейді. Сол сияқты іскерлер де әлдекімнің айтқан сөзінде, уәдесінде тұрар деген сенімін жоғалтпайды әрі өздері де сенімнен шығуға тырысады.Іскерлік аясында болсын, жалпы, қандай да ұжым ортасында қарым-қатынас адамдардың бір-біріне деген көңілінен басталады. Ашық-жарқын көңіл-күйде болу, айналаңа шаттық нұрын себу — тек іскердің емес, жалпы, әрбір адамның парызы. Қай ортада жүрсең де мынаны есте ұстаған жөн: ұрыс-керіс, айқай-шу шығарып, істі насырға шаптырғаннан гөрі сондай жағымсыз эмоционалды күйдің алдын алған жөн. Ол үшін ең тиімдісі — қай жағдайда болсын сабыр сақтап, қиындықты айналып өтіп (оны мәселеге үстірт, калай болса солай қараудан айыра білу керек), ұжымда бәріне жағымды ахуал жасай білу.

Амандасу — адамдардың бір-біріне деген құрметін, жылы ықыласын, мейірімін көрсету үлгісі. Сондықтан болар, қазақ тілінде "сәлем түзелмей әлем түзелмейді", "сәлеміміз түзу", "сәлемнен кете қойған жоқпыз" деген сөз түсініктері басқамен татулықты, басқаға деген жылы шырайды білдіреді. Көптің үстіне, жиынға сырттан келген адам бірінші болып сәлем береді. Телефон шалған адам алдымен сәлемдесіп барып қана өз шаруасына көшеді. "Жылы-жылы сөйлесең, жылан да іннен шығады" деген қазақ халқының даналығынан туындаған мақал да жағымды, ізетті сөз саптаудың адамдар арасындағы қарым-қатынасты құрастырушы фактор екендігін танытады. Жақсы сөйлеу, сыпайы сөйлеу — әдептіліктің маңызды шарты. Жақсы, орынды сөйлеп, елдің "тілін таба білу" іскер адамға пайдалы. Ал іскер пайда көздейтін адам болғандықтан, пайдаға жарайтын нәрсенің бәрін білгені жөн. Жүздескенде жылы шырай таныту, басқалардың сенімін жоғалтпай, айтқан уәдеде тұра білу, өз бас пайдасын ойлай тұра басқалардың құқығын тәрк етпеу сияқты әрекеттер іскер адамға қажетті құлық, өмірлік ұстаным болуы тиіс.Басшы мен бағынушы арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі олардың белгілі бір жағдайда (ал жаратушы алдында бәріміз теңбіз ғой) тең еместігінен туындайды. "Ұлық болсаң, кішік бол!" деп халық даналығы бекер айтпаған, бастық қарамағындағылармен неғұрлым сыпайы болса, соғұрлым шынайы ниетке ие болады. Басқаны тыңдай білу — үлкен өнегелік. Тіпті өзіңнің айтылғанмен келіспеушілігің бола тұра, қарсыласыңды (оппонентіңді) соңына дейін тыңдап шығу тәрбиелілік нышандарының бірі. Бағынушыға ұжымдағы өз мәртебесіне, өз орнына сай міндеттерден тысқары талап қойылған сәтте басқарушы бұйрықты раймен емес, сұраныс, өтінші айтса жөн. Бұл—оның көрегендігі әрі ортақ іске пайдалы нәрсе жасағандығы болар еді. Басшының өз қарамағындағыларға көңіл аудара білуі де, яғни жұмыстағы жетістіктеріне, өмірлік қуаныштарына ортақтаса білуі де

ұжымдағы жағымды, үйлесімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға көп әсерін тигізеді.

Іскерлік этикетті не үшін ұстанып отыру қажет?

Қалай ойлайсыз, егер сіз кездесуге гироскутермен келсеңіз, іскерлік серіктестер оған қалай қарайды? Олардың көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін: біреу сіздің заманауи өмір салтыңызды бағаласа, енді біреу сізді жеңілтек деп ойлауы мүмкін.

Іс-қимыл стандарттары бизнес-ортаға байланысты. Креативті агенттікте немесе IT әлемінде қалыпты деп саналатын жағдай мемлекттік аппарат өкілдерімен келіссөздерде немесе директорлар кеңесінің жиналысында мүлде орынсыз болып табылады. Жағдайға қарай бейімделе білу – бағалы кәсіби талант, алайда тәжірибелі бизнесмендердің өзін түйсігі адастырып отыруы мүмкін. Көмекке іскерлік этикет келеді. Ол кез келген жағдайда бағыт сілтеуші болып отырады, кез келген әлеуметтік топпен тілдесу кезіндегі әмбебап іс-қимыл ережелерін көрсетіп отырады.

Іскерлік тілдесу этикасы көптеген ғылымдарға негізделген, олар: тілдесу психологиясы, менеджмент, еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру. Бизнес-этикетті білу – біреудің пікірін тиімді түрде басқарудың және жағымды имиджді қалыптастырудың кілті. Іскерлік этикет мына іс-қимылдарды қалай дұрыс орындап отыру керектігін түсіндіреді:

• іскерлік кездесуде өзгелермен қалай танысып және өзіңді өзгелерге қалай таныстырып отыру керек,
• келіссөздер жүргізу барысында өзіңді қалай ұстау керек,
• клиенттер мен серіктестермен қалай қатынас орнату керек,
• телефон арқылы және желіде қалай сөйлесу керек.
• Цифрлық этикетті сақтайсыз ба?

Көп уақытын интернетте өткізетін адам цифрлық этикет яки дижитал әдеп туралы жақсы білуі керек. Өйткені білместікпен өзгелерге қолайсыздық тудырып, араларыңызға сызат түсіріп алуыңыз мүмкін. Жай күні көзбе-көз көргенде қалай әдеп сақтау керек болса, виртуал әлемде де өзіндік ережелері бар. Цифрлық этикеттің басты шарт-талаптарын осы материалымыздан біле аласыздар.

Алдымен дижитал әдеп деген не? Содан бастасақ. Бұл әлемнің де жазылмаған заңдылықтары бар. Яғни онлайн-кеңістікте өзіңізге де, өзгелергеде зиян тимейтіндей араласу ережелерін сақтау керек. Бекітілмеген демесеңіз, бірқатар ережені қарай келе, оның ойға қонымды екеніне көз жеткізесіз. Президент жарлығы секілді бұлжытпай орындалу керек деп айта алмаспыз. Дегенмен қарым-қатынас орнатқанда ұстанған пайдасын тигізбесе, зияны болмасы анық. Жалпы шынайы өмірде де токсик адам жетерлік. Желіде тіпті одан қда көп. Сол тұрғыдан алғанда нетикет қажет-ақ. Байқасаңыз, виртуал іс-шаралар ұйымдастыратындар кейінгі кездері байланыстың басты ережелерін басында-ақ бекітіп қоятын болып жүр. Мысалы, бір марафонға қатысып жатсаңыз, ортақ чатқа қосылғанда ең алдымен ережелерді таныстырады. Оның ішінде бір-біріне құрметпен қарау,

негатив жазбау, ұрсыспау, боқтық сөздер айтпау дегендей шарттар қойылады. Ережені бұзған адамдарға жаза да тағайындалады. Ендеше, жалпыға ортақ, көпшіліктің ұстануына ұсынылатын ережелерді бірсыпыра тізіп шығайық.

Басты 10 ереже

Цифрлық этикет деген кезде ең бірінші Вирджиния Шидің 10 өсиеті еске оралады. Сонау 1994 жылы жарыққа шыққан кітаптың ішінде айтылған ережелер әлі күнге дейін өзекті.

- Виртуал әңгіме барысында тірі адаммен сөйлесіп тұрғаныңызды ұмытпаңыз. Әдеп сақтау керек.
- Күнделікті өмірде этикетті қаншалықты ұстанатын болсаңыз, цифрлық әлемде де сондай болыңыз.
- Чат, форум, онлайн-қауымдастыққа қосылған кезде бірінші сөзді жазып, жолдамас бұрын
ережелермен танысып алыңыз.
- Өзіңіздің де, өзгелердің де уақытына құрметпен қараңыз. Егер адамның сізбен сөйлескісі келмесе, ығырын шығармаңыз.
- Сыпайы болыңыз. Қатесіз жазыңыз. Беделіңізді түсірмеуге тырысыңыз.
- Қауымдастық қатысушыларына керек болатын ғана білім мен тәжірибені бөлісіңіз.
- Дауласудан барынша аулақ болыңыз. Эмоцияңызды ұстай біліңіз.
- Біреулерге қатысты жеке ақпаратты таратпаңыз. Өзгелердің жеке өміріне, өмірлік кеңістігіне құрметпен қараңыз.
- Интернетте анонимдік бар екен деп ойыңызға келгенді жасамаңыз. Жаман оймен пайдаланбаңыз.
- Мейірімді болыңыз, өзгелердің қателігіне кешірімді болыңыз.

Офлайн әңгіме және гаджеттер

РАНХиГС қоғамдық ғылымдар институтының оқытушысы Ольга Лукинованың «Цифровой этикет. Как не бесить друг друга в интернете» деген кітабы бар. Сол жерден бірнеше құнды кеңес келтіре кетейік. Әсіресе, офлайндағы цифрлық этикет жайлы.

- Бір адаммен кездесіп отырған кезде гаджетті оңды-солды қолға ала бермеңіз. Керек кезде ғана қолданған абзал.
- Егер қажет болып қалса, жаныңыздағы адамға міндетті түрде бұл туралы айтып, түсіндіріңіз.
- Егер аудио не видео түсірілім болатын болса, сұхбаттасушының
келісімін алуыңыз керек. Жазып алған әлгі материалдардың алдағы уақытта қолданылатынын ескертіп, рұқсатын сұраңыз.
- Кез келген қоғамдық орында, мейлі жұмыста, концертте, кинотеатрда, театрда, кездесу кезінде телефон хабарламасының дыбысын да, пернетактаның тырсылын өшіріп қойыңыз. Бұл басқаларға кедергі болуы мүмкін.
- Қоңырау шалған кезде ар жақтағы адамның уақыты бар ма, қолайлы ма — сұрап алу керек.

•  Егер әңгіме ұзаруы мүмкін болса, алдын-ала ескертіңіз. Мүмкін болса, ертерек жоспарлап қойған абзал.

•  Қоңырауыңызды бір рет көтермесе, қайта-қайта звондай бермеңіз.

•Басқалардың телефонына үңілмеңіз.

•  Жеке суреттер мен интим видеоларды көпшілік жерде қарамаңыз. Өйткені бәрі бірдей «басқаның телефонының экранына қарамау керек» деген ережені ұстанбауы мүмкін.

•  Аса қатты керек болмаса, біреудің телефонын сұрап алмаңыз.

Қонаққа, мейрамханаға, кафеге барғаныңызда. адамдар бірден сіздің әрекеттеріңізге назар аударады. «Біле ме екен, жоқ па?» деу – заңды құбылыс. Таныстарыңыздың алдында ұятқа қалмас үшін, үстел үстіндегі этикетпен қысқаша таныс болыңыз.

Негізгі ережелер

Ең алдымен, қалай отырғаныңызға мән беріңіз. Арқаңыз тік болу керек. Сол үшін орындықтың шетіне отырыңыз. Шынтағыңызды бүгулі болсын. Қолды қайда қоярды білмеген жағдайда, тізеге қойған дұрыс. Бұл тамақ келгенше күтудің жақсы амалы. Егер қонақта болсаңыз, үй иесі тамақ ішуге ұсыныс айтқанша күтіңіз. Ал, кешіккен қонақтарды күту міндетті емес.

Үстел басындағы этикет жайлы қысқаша

1. Шанышқыны сол, пышақты оң қолмен ұстау керек;

2. Тек шанышқы пайдаланылса, оң қолмен ұстайсыз;

3. Асты шайнау кезінде шанышқы мен пышақ тәрелке үстіне қойылады;

4. Нанды қолмен бөлу керек;

5. Майды шанышқымен немесе арнайы пышақпен жағады;

6. Балық сүйектерін арнайы пышақпен, ал етті шанышқымен бөледі;

7. Жұмсақ ірімшікті нанның тіліндісіне жағуға болады, ал қатты ірімшікті шанышқымен тәрелкеге қояды.

8.

9. Бірінші сорпа ішіледі, содан кейін еттің бөліктері желінеді;

10. Ботқаны десертке арналған қасықпен жейді;

11. Макаронды шанышқымен жейді. Спагетти тәрелкенің ортасына апарылып, аз бөлігін ажыратып алу үшін жоғары көтеріледі. Оны шанышқымен орап, бірден жейді;

12. Сорпаны біткенше ішпейді, қасық әрдайым тәрелкеде тұруы керек;

13. Кәуап шампурадан алынып, тәрелкеге салынады;

14. Қарбыздың тілімін шанышқымен жейді;

15. Егер шай стаканға құйылса,

қасықты ішінде қалдыруға болады. Ал, саптыаяққа құйылса, қасықты алып тастау керек. Қантты қатты араластырмайды — өздігенен ерігенше күту керек.

**Мейрамханадағы этикет**

• Ғимаратқа бірінші ер адам кіреді. Егер келушілер арасында ер адамдар мен әйелдердер аралас болса, бірінші қонақасына төлейтін адам кіруі керек. Ал, егер мейрамхана алдында швейцар күтіп алатын болса, әйел адам кіруі тиіс;

• Егер әйел мен ер адам мейрамханада кездесу ұйымдастырса, ер адам белгіленген уақыттан 5 минут ерте келуі керек. Сырт киімін шешіп, алдын ала үстелді белгілейді. Содан кейін холда әйел адамды күтеді;

• Егер қонақасы бірнеше адамға арналса, кешігіп жатқандарды 20 минут шамасында күту керек. Одан әрі
кешіксе, тамақтануға кірісуге болады;

**Мейрамханада өзіңді ұстау ережелері.**

Мейрамханаға іскерлік жолығу, романтикалық кездесу немесе достармен отыру мақсатында барсаңыз, мына этикет ережелерін ескеріңіз.

1-ереже. Мейрамханаға ер адам бірінші кіреді. Мейрамханадағы танымайтын адамдардың көздері еріксіз есіктен кірген адамға түседі. Сондықтан мейрамханаға бірінші ер адам кіріп, артынан кірген әйел адам оның қорғауында және ол оған жауапты екендігін көрсетеді.

2-ереже. Даяшымен ер адам сөйлеседі.
Егер үстел басында ер адам бар болса, этикет ережесі бойынша даяшымен ол сөйлесуі тиіс. Ер адам қасындағы қыздан не жейтінін анықтап, тізімді даяшыға ол айтады және соңынан ер адам есептеседі.

3-ереже. Майлықты бірінші тағам келгенше қозғамайды. Барлық мейрамханада дерлік үстел үсті мата майлықтарды қолдану арқылы әзірленеді. Мейрамханаға келушілердің ойына ол затты не істеу керектігі жайлы сұрақ туады. Үстелге отырған бойда біреулер оны ластап алмау үшін жанына алып қойса, басқалары онымен тізесін жауып қояды. Этикет ережесі бойынша сізге бірінші тағамды әкелгенше оны қозғауға болмайды. Бірінші тағам келген соң майлықпен тізені жауып, тамақ ішуге кірісуге
болады.

4-ереже. Үстел басында шашты қозғауға болмайды. Көп жағдайда қыздар үстел үстінде өздерін ретке келтіріп жатады. Мысалы, біреулер шаш үлгісін дұрыстайды немесе ернін бояйды. Этикет бойынша үстел басында шашты ұстауға және оны дұрыстауға болмайды. Мұндай әрекеттер айналадағы адамдардың көзінен тыс жасалуы тиіс. Егер шаш үлгіңізді немесе макияжыңызды дұрыстағыңыз келсе, әйелдер бөлмесіне барыңыз.

5-ереже. Бокалдан ішер алдында ерніңізді майлықпен сулау керек. Этикет ережесі бойынша сусын ішерде ерніңізді майлықпен сулау керек. Сол кезде ыдыстың әдемі түрі сол қалпында сақталады.

6-ереже. Өте қанық түсті ерін далабын қолданбау керек. Мейрамханаға барарда өте қанық түсті ерін далабын қолданбаңыз. Ол бокалда және майлықта дақ қалдырады. Егер қанық түсті ерін далабын ұнатсаңыз, ерінге арналған із қалдырмайтын тинт қолданыңыз.

7-ереже. Қателік жіберсеңіз, сабырлылық сақтаңыз. Үстел басында келеңсіз жағдайлар болып жатады. Мысалы, шанышқы түсіріп алу, сусын төгіп алу немесе майлықты түсіріп алу. Мұндай жағдайда өзіңізді дұрыс ұстауға тырысыңыз. Кінәлі түр жасап, барлығын орнына қайтаруға асықпаңыз. Мұндай жағдайда сабырлық сақтап, даяшыға ыдыстарыңызды басқасына ауыстырып беруін өтініңіз.

8-ереже. Даяшыға артық ақша қалдырыңыз. Даяшының дұрыс атқарған қызметі үшін оған артық ақша қалдыру жақсы мінез ережесін білдіреді. Бұл ережелерді білу қымбат әрі беделді мейрамханаларда да өзіңізді жайлы сезінуге көмектеседі.

Біреуге мейрамханаға бару қарапайым оқиға, ал біреу үшін - жауапты оқиға. Қалай болғанда да, бірінші және екіншісінде де асылдандыруды үстелге түсірмеу және тұлғаның ластануына жол бермеу үшін лайықты мекемеге барудың кейбір ережелерін білу керек. Өйткені, мұндай жағдайда үстелдің айналасындағылардың бәріне ыңғайсыз болуы мүмкін. Мейрамхана этикеті туралы әңгімелеп берейік.

Орын таңдау

